

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ**

Пән коды: ЖБП 01

Пәні: Қазақ тілі

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер ісі»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Курс: 1

Семестр: 1,2

Бақылау түрі: емтихан

Барлық сағат /кредит көлемі: 120/5

Студенттің өзіндік жұмысы: 24

Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы: 12

Теориялық: 84

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра менгерушісі:  А.Т. Сатаев

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 3 беті

№ 1 сабақ

5.1.Тақырып: Қоғамдық құндылық. Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі. Орфографиялық норма. Сөйлеу тілі.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты:

Тіл – рухани қазына. Білім алушыларға қоғамдық құндылықтардың мәнін түсіндіру; Халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы білімдерін кеңейту, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Тапсырмаларға грамматикалық талдаулар жасату, теориялық білімдерін практикада пайдалана алуға үйрету.

5.3. Оқу міндеттері:

Сөз мәдениеті, адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі туралы түсінік беру. Сөз – адам болмысының айнасы, өмірлік әрекетінің негізгі құралы, сөз мәдениеті пәніне қатысты ұғымдармен таныстыру. Тақырыпты оқушылардың өздерінің меңгеруіне жағдай туғыза отырып, жеке, топтық, жұптық, жұмыс жасау барысында топтың қарым-қатынасын дамыту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- 1.Сөз мәдениеті туралы түсінік.
2. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты сөз мәдениетінің рөлі қандай?
3. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, өзіндік орны.
4. Сөз –адам болмысының, өмірлік әрекетінің негізгі құралы. Сөз мәдениеті пәніне қатысты ұғымдары.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

- 1.Қоғамдық құндылық.
- 2.Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі.
- 3.Орфографиялық норма. Сөйлеу тілі.

Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің менділігі, маңыздылығы, қалаулығы, пайдалығы және қымбаттығы. Ол қашан да бір нәрсенің бағалылығын, яғни объективті болмысты және сонымен әлдекім үшін құндылыққа толы : материалдық (заттар, әшекей бұйымдар, алтын мен асыл тастар, ақша, меншік және т.б.) табиғи (күннің шығуы мен батуы, теңіздер мен таулар, гүлдер және т.б.) көркем (әдебиет пен өнер туындылары) және адами (сұлулық пен ізгі қасиеттер) құндылықтар.

Бір нәрсені екіншісінен артық көру-жалпы тірі табиғатқа тән қасиет. Аң екеш аңның өзі баласын қызғыштай қорғайды дегенмен құндылықтың антропогенді , яғни адамға ғана табиғи және мәдени туындыларды, идеялар мен амал-әрекеттерді, жалпы басқа адам мен қоғамды, сондай-ақ өзін өзі бағалауға қабілетті. Құндылықтар адамның әлеуметтік болмысын айқындайды. Адамзат баласы құндылықтарға мүдделі әрі мұқтаж.

Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі.

Тіл – әр ұлттың рухани тірегі, жүрегі, жаны. Ұлттың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, салт-дәстүрі – бәрі тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Сондықтан тіл – ұлттық руханияттың өзегі болып саналады.

Қазақ халқы үшін де ана тілі – тек қатынас құралы ғана емес, ол – ата-баба аманаты, елдігіміздің белгісі. Ұлы Абай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов сияқты тұлғаларымыз

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 4 беті

тілдің күдіретін түсініп, оны ұлт болашағының тірегі ретінде қарастырған. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» – деп бекер айтпаған.

Бүгінгі таңда ана тіліміз – қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие. Бірақ оны сақтау, дамыту – барша азаматтың қасиетті міндеті. Тілге құрмет – рухқа құрмет. Тілімізді қадірлеу арқылы біз ұлттық болмысымызды, рухани тұтастығымызды сақтап қаламыз.

Орфографиялық норма

Орфография дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Орфография (грек. *orfos* – «дұрыс», *grapho* – «жазамын») – жазба тілінде пайдаланылатын жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Қазақ тілінің орфографиясы үш принципке негізделеді:

1.Морфологиялық принцип.

2.Фонетикалық принцип.

3.Тарихи-дәстүрлі принцип.

Морфологиялық принцип – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша)

Фонетикалық принципте сөздер айтылуы бойынша жазылады, әрбір әріп фонеманы емес, дыбысты білдіреді. Амангелді, Ботагөз, кітабым (кітап+ым), тарағы (тарақ+ы), сексен, биыл түрінде жазылады да, фонетикалық транскрипцияға жуықтайды.

Тарихи-дәстүрлі принцип – сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Мысалы, бұған қазақ тіліндегі хат, хабар, халық, қаһар, жаһан сияқты сөздерге х, һ әріптерін пайдалануды жатқызуға болады.

Қазақ тілінде сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке сүйенеміз.

Сөйлеу тілі	
Сөйлеу тілінің қолданылу орны	Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері
Көбіне таныс ортада, бейресми жағдайда емін-еркін әңгімелесуде.	Дыбыстарды түсіріп айту, қыстырма сөздер, диалект сөздер, кейде тұрпайы сөздер кездеседі.
Төмендегі мысалдардан сөйлеу тілінің ерекшелігін байқауға болады	
Әдеби тілде	Сөйлеу тілінде
Биыл Арман оныншы сыныпқа көшкен еді. Жаңадан отырғызылған алма бағы ауылдың шет жағын тұтас алып жатыр.	Биыл Арман онға көшкен. Жаңа алма бақ ауылдың шет жағын тұтас алып батыр

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

1-тапсырма. «Құнды», құндылық, жалпыадамзаттық, ұлттық сөздерінің мағынасын қалай түсінетінінді тұжырымдап жаз. Өз пайымдауларыңды «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» осы сөздерге берілген анықтамалармен салыстыр.

Тапсырма2. Ойшақыру. Мәтін бойынша өздерің құндылықты тағы қалай түсінетіндеріңді ойланып, диаграмма мен кестені толтырыңдар. 1, 2-жұп кестені, 3,4-жұп диаграмманы толтырады. Жұмыстарын алмастырып, салыстырады.



Құндылықтар		
Табиғи	Көркем	Адами

Тапсырма 3. Берілген сөздерді орфографиялық принциптерге бөліп жазыңдар.

Морфологиялық принцип	Фонетикалық принцип	Тарихи- дәстүрлі принцип

Жазса, сенбі, фестиваль, түнгі, қашанғы, жарқабақ, орынбасар, көзбе-көз, тауып, қан қызыл, құлағы, бозжусан, көк дөнен, жүрегі, белбеу, керек екен, қолғап, самауыр, шәйнек, пәуеске, бөрене, пайда, хат, ес жоқ, жеребе, халық, шкаф, гауһар, бес жыл, он қап, жиһан, қаһарман, колхоз, геометрия, ауа, сәнқой, Досжан, жанкешті, тасжол, стақан, дүйсенбі, қарлығаш, ашудас, сөзжасам, бозкөде, бозша, бүгін, жаздыгүні.

3-тапсырма. Тыңдалым мәтінін негізге алып, «Ұлттық құндылықтар – ел бірлігінің негізі» тақырыбында келісу/келіспеу эссесін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

4-тапсырма. Қою қаріппен жазылған сөздердің ережесін еске түсіріп, қандай принцип бойынша жазылғанын анықтандар.

1. Төмен сырғанақтаған **бөшкені** бүктетіле тіреп, сілеусін көзі ызғар шаша қарап қалғаны Танабайдың көз алдынан кет- пей қойды (Ш.А.). 2. Бейшара несіне жетіседі, мұның **халінде** бетегеден биік, жусаннан аласа тірліктен басқа не бар? (Ш.А.).

3. **Биыл** Қарауыл суы мол тасып, Жидебай, Мұсақұл үстін- дегі **кең қорық көк жайқын** қалың шалғын боп келе жатыр еді (М.Ә.). 4. Дәл бүгін осы қонысқа жеткенше бұл ауылдар өзге Шыңғыс бөктерінен көшкен Бөкенші, Жігітекті қуып жете алмаған (М.Ә.). 5. Сөйтіп, қазаннан жаңа түскен ет бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұрды (М.Ә.). 6. **Бердіқожаның** көнген хабарын алысымен, Құнанбай қалыңмалды, жырттысты бір-ақ жіберт- ті (М.Ә.). 7. **Көлқайнардың** суы мол болғанымен, кең қоныс емес еді (М.Ә.). 8. Кітап **әпер**, оқысын балаң, қолына, Малды аяма оқу-білім жолына (М.Ж.). 9. Өзіне таныс Буратиген, **Көк- үйірім** сияқты **қоныс-құдықтардың** тұсына келгенде, астын- дағы жарау бестісін ағызып-ағызып алады (М.Ә.).

5 тапсырма. Мәтін мазмұнын сөйлеу тілі стилінде әңгімелеп беріңдер.

Әкем Жүсіпбек жазушы ғана емес, жан-жақты өнер иесі болатын. Ол ғажап етікші, темірден түйін түйетін ұста еді, сонымен бірге музыкалық аспаптарда (домбыра, скрипка, рояль) еркін ойнайтын. Ең негізгісі, нағыз көркемсөз шебері болды. Қолы қалт етсе, жазу үстеліне келіп, тапжылмастан отырып, көп жазатын...

Ақын-аудармашы, көрнекті жазушы, педагог-ғалым ретінде қазақ әдебиеті мен ғылымына қалам қуатын арнағанын мақтан етемін. Бір уақ көңіліме демеу аламын...

(Жанак Аймауытұлының естелігінен)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 6 беті

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 30 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.6. Бақылау: Ауызша сұрақ жауап.

1. Құндылық дегеніміз не?
2. Қазіргі қоғамдағы бастық құндылықтарды атаңдар.
3. Ұлттық құндылықтар қаншалықты маңызды?

№ 2 сабақ

5.1.Тақырып: Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл. Әдеби тіл. Дауысты дыбыстардың жазылуы.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: білім алушыларға тілдің тарихи құндылығын түсіндіру, тілдің құдіретін таныту, этномәдени лексика туралы білім беру, жаттығу жұмыстары арқылы білімдерін бекіту.

5.3. Оқу міндеттері : Білім алушыларды тіл құдіретін сезіне білуге, дұрыс сөйлеп, сөз мағынасын түсіне білуге қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге, пікір таластыра білуге дағдыландыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл.
2. Әдеби тіл.
3. Дауысты дыбыстардың жазылуы.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл

Тіл – ұлттың жаны, рухы, жүрегі. Ол – әр халықтың болмысын, дүниетанымын, салт-дәстүрі мен тарихын сақтайтын киелі қазына. Халқымыздың рухани әлемі, ұлттық мәдениеті, ой-санасы ең алдымен **ана тілінде** көрініс табады. Сондықтан да **ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл** деп айтуымыз орынды.

Қазақ тілі – ата-бабамыздан қалған аманат. Ол арқылы біз өткенімізбен байланысып, болашағымызға жол ашамыз. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттық бірліктің, тәуелсіздіктің тірегі. Өз тілін қадірлеген адам – өз ұлтын қадірлеген адам. Бүгінде тілге деген құрмет – елге деген құрметпен тең. Жастар ана тілінде еркін сөйлеп, ұлттық әдебиетті оқып, салт-дәстүрді бойына сіңірсе – нағыз рухани бай ұрпақ қалыптасады. Тілді сақтау – бұл тек тіл мамандарының емес, әр азаматтың парызы.

Әдеби тіл			
Жазу дәстүрі арқылы белгілі жүйеге түскен, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл.			
Әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрде қызмет ететін стильдік тармақтары			
Ресми іскерлік стиль	Ғылыми стиль	Көркем әдебиет стилі	Публицистикалық стиль

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 7 беті

Дауысты дыбыстардың жазылуы

Жалаң дауыстылар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э. Барлық буындарда кездесетін дауыстылар: а, е, ы, і. Буын талғайтын дауыстылар: ә, о, ө, ұ, ү. Олар көбіне басқы буында кездеседі: дәурен, орамал, өсімдік, құлын, бүгін. Біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сынарларының басқы буындарында жазылады: дәрі-дәрмек, Есенәлі, Қызылорда, жөн-жосық, өте-мөте, басқұр, кешкұрым, бүрсігүні.

Қосар әріптер: ё (йо), и (ый, ій), у (ұу, үу), ю (йұу, йүү), я (йа).

Ескерту.

Ә, ұ, ү дыбыстары мына сөздердің екінші буындарында жазылады: сірә, кінә, күнә, куә, інкәр, күмән, шүбә, зәмзәм, мүсәпір, дүдәмал, Күләш, Күләнда, Күләй; мағлұмат, бұлбұл, мақұл, байғұс; мәжбүр, әңгүдік, дүлдүл.

Сөз басындағы ж, ш дыбыстары мен й дыбысының ортасында келген а дыбысы көбінесе жіңішке ә болып айтылады, алайда а әрпі жазылады: жай, жайт, шай.

Алдыңғы буындағы жіңішке дауыстылардың әуенімен жіңішке айтылатын ә дыбысының орнына а әрпі жазылады: ләззат (айтылуы – ләззәт), рәсуа (айтылуы – ірәсүүә), Жәмила (айтылуы – Жәмйілә), тәкаппар (айтылуы – тәкәппар).

Айуан, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа деген сөздер осы таңбаланғандай жазылады.

Қосарлы й әріптері тек сый, тый сөздерінде жазылады: сыйлық, сыйлау, сыйымды, тыйым, тыю, тыйылу.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Тапсырма 1. Берілген сөздердің соңғы буындарында ұ, ү, ө дыбыстары айтылғанымен, жазылмау себебін түсіндіріңдер.

Жұдырық, жауын, жұлын, құлын, құрық, бөрене, дөңгелек, түлкі, бұғы, жауырын, қауын, ғұмыр, домбыра, дүкен, дүние, жұлдыз, жұмыс, көбік, көгершін, көжек, көде, қоңырау, мүйіз, мойын, мұқият, мұхит, өлең, өрік, өсек, самауыр, соғым, суыр, төсеніш.

Тапсырма 2 . Мәтіннен айтылуы бойынша жазылған сөздерді тауып, емле ережесі бойынша түзетіп жазыңдар. Әуен, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріне оқып беріңдер.

Бір күні Қаражігіт би Қазыбектің үйіне келеді. Әңгімелесіп отырғанда Қазыбек:

Уа, жігіт, «атадан жақсы ұл туса, елдің туы болады, атадан жаман ұл туса, көштің соңы болады» деп еді. Соның қайсысы боласың? – дейді.

Сонда Қаражігіт:

«Ораздының кәрісі қартайғанда қазына болады, шиырлының кәрісі қартайғанда қазба болады» деп еді. Сіз өзіңіз соның ғайсысы боласыз? – депті.

Иншалла, қазынамыз ғой, – дей беріпті сонда Қазыбек.

Иншалла, біз елдің туымыз, – депті Қаражігіт. («Шешендік шиырлары» кітабынан).

Тапсырма 2. Ұлы Абайдың өлеңдерін оқып, өз түсінігіңді «Тіл, дүние, таным, тұлға» бірлігіне негіздеп айтқын, ақын ауыспалы мағынада жұмасаған сөздерді тауып жаз.

Біліміден шыққан сөз,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 8 беті

Талаптығы болсын кез.
 Нұрын, сырын көруге
 Көкірегінді болсын кез.

Жүректе қайрат болмаса,
 Ұйықтаған ойды кім түртпек?
 Ақылға сәуле қонбаса,
 Хайуанша жүріп күнелтпек.
 Аспаса ақыл қайраттан,
 Тереңге бармас үстірттер.
 Малда бар жан мен тән,
 Тіршіліктің иесі сән,
 Тереңге бет қоймаса.

Тапсырма 3. Берілген екі тапсырманың бірін таңдап, орындандар.

«Салт-дәстүр – тәрбие негізі» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 150–170. Орфографиялық сөздіктен блъ, брь, ль, льт, льст, ркс әріптеріне аяқталған сөздерді тауып, олармен сөйлем құрастырындар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.6. Бақылау:

1. Тіл құндылық па?
2. Тіл құндылықтың қай түріне жатады?
3. Тілдің құндылық екенін білдіретін қандай қанаты сөздерді білесің? Оларды дәйексөз ретінде қолданылып, ойынды дәлелде.

№ 3 сабақ

5.1. Тақырып: Қолөнер – сырлы өнер. Тоқыма өнері. Бірге және бөлек жазылатын сөздер.

Сағат саны : 3сағат 135 мин

5.2. Мақсаты: Тоқыма және қолөнер туралы оқушылардың танымын кеңейту, бірге және бөлек жазылатын сөздердің жазылу емлесін меңгерту, ұлттық өнерге қызығушылық пен құрмет сезімін тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері: түрлі әдістерді пайдалана отырып, балаларды тапқырлық ,жылдамдық есте сақтау қабілеттерін арттыру, сабақ барысында оқушылардың білімін бақылау арқылы сауатты жазуға машықтыру;

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қолөнер – сырлы өнер.
2. Тоқыма өнері.
3. Бірге және бөлек жазылатын сөздер.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Қазақ қолөнерінің өзіндік көп ғасырлық шежіресі бар. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар XIX ғасырда Петропавл, Көкшетау, Төменгі Новгород және т.б. қалалардың көрмелерінің көркі болғаны анық. Бұйымдардың дайындалу тәсілі мен жасалу жолдары атадан балаға мирас болып қалып отырған. Сырмақ, текемет, төсеніш, алаша, тұс- киіз, кілемдер көздің жауын алар қазақша ою-өрнектермен әсемделіп, жануарлар бейнелері, өсімдіктер суреттері,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 80 беттің 9 беті

әртүрлі геометриялық сызулармен өрнектелген. Сонымен бірге ер-тоқымды күміспен, сүйекпен әсемдейтін, қамшы өретін, асыл тастардан бұйымдар жасайтын шеберлер де болған. Ағаш шеберлерінің өнері де өте жоғары бағаланды. Олардың қолынан шыққан бұйымдар сол замандағы өмір салтына, тұр- мыс-тіршілігіне байланысты болды. Біртіндеп тұрғылықты өмір салтына көшу олардың өнерлеріне басқаша бағыт бере бастады.

Көне дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі

Қолөнер туындылары алуан түрлі: әсем әшекейлер мен шағын ойыншықтардан бастап көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдарды қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі – барлығы шебердің көзінің мүлтіксіздігін, қолының дәлдігін және қиялының ұшқырлығын көрсетеді.

Тоқыма өнері — жіптерді қолмен немесе құралмен тоқу арқылы әртүрлі бұйымдар жасау өнері. Бұл өнер арқылы шұлық, бас киім, кілем, алаша сияқты заттар дайындалады. Тоқыма өнері — халықтың дәстүрін, шеберлігін көрсететін көне қолөнер түрі. Қазақ халқында тоқыма бұйымдары тұрмыста кеңінен қолданылған және ұлттық өрнектермен әсемделіп жасалған. Тоқыма кәсібі - неолит заманында пайда болған кәсіптердің бірі. Ол алғаш әйелдердің өсімдік талшықтары мен жүннен тұрпайы киім тоқуынан басталады. Тоқыма кәсібі алғашқы қауым адамдарының қарым-қатынасы мен еңбек тәсілдері негізінде бірте-бірте дамыды.

Қазақстан жерінде Тоқыма кәсібі VI-XII ғасырларда өріс алған. Бұл көбінесе Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық қоныстарында дамыған. Мақта-мата тоқымаларын бата, боз, тор, шыт деп атайтын. Мал жүнінен сырт киім (шекпен) үшін жүн мата тоқыды. Жібек мата Қытайдан, Ферганадан және Самарқаннан тарады. Ол кездегі жіп иіру-тоқу құралдары мен тоқыма станогының (тоқуш) қалдықтары археологиялық қазбаларда да кездеседі. Өрмек тоқу, ши тоқу, жас шыбықтан ыдыс, құрал жабдық тоқу, өру. Тоқыма кәсібінің ежелгі түрлері. Қазір Тоқыма кәсібі дамығын Тоқыма өнеркәсібіне айналды.

Бірге жазылатын сөздер

Тұлғасы өзгертіліп кіріккен сөздер: бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл).

Еш, кей, бір, қай, әлде сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: ешкім, біржола, әлдеқашан.

Терминдік мәнге ие болған атаулар: сөзжасам, баспасөз.

Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: қараторғай, бірқазан, алабота.

Екінші сыңары аралық, ішілік, тану деген сөздер: халықаралық, мектепішілік, Абайтану.

Бірінші сыңары шет тілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер:

инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, аэрошана, агроөнеркәсіп.

Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар: Айнұр, Орынбасар, Екібастұз, Ақсу.

Екінші сыңары ұлы, қызы болып келген кісі тегі: Момышұлы, Сұлтанқызы.

Салт-дәстүр, кәде, жоралғы атаулары: ат ұстар, беташар, отқа құяр.

Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі -ты (-ті, -ды, -ді) немесе -па (-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөзден тұратын бейнелі тір- кестер: алыпқашпа (сөз), жолсоқты (болу), қағазбасты (болу), пышақ кесті (тыйылу).

Бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, ғали) сияқты сөздермен жасалған есімдер: Аманғали, Орынхан, Әбдуәлі, Құралбек, Рысқұл, Нұрғали.

Ескерту:

Аты жөніне қосылу арқылы жазылатын мағынасындана бек, хан, би, мырза деген сөздер бөлек жазылады: Абылай хан, Төле би, Құнанбай мырза, Құтлықтемір бек.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 10 беті

Ақ, кара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа.

Бөлек жазылатын сөздер

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері: ағаш көпір, қой қора, қыз бала, ұл бала, асыл тас.

Күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер: он бір, бір мың тоғыз жүз елу үш, екі жарым, кара ала, ақ құба, ақ сары, қызыл күрең, кара торы.

Күрделі етістіктер; есім, еліктеу сөздермен тіркескен құрама етістіктер: жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, қызмет ет, жәрдем ету, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду ете түсті, баж ету.

Толық мағыналы сөзбен тіркескен шылаулар: жыл сайын, сабақтан кейін, бұдан бұрын, түске шейін, бар ма екен? қалам мен қағаз, керек қой, халық та, үкімет те, сен ше?

Ескерту: ұрда-жық, аста-төк, уда-шу тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады.

Негізгі сөзге тіркескен көмекші есімдер: есік алды, үй арты, көпір асты, үстелдің үсті, қала маңы.

Ескерту: атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: сайлауалды (науқан), мектепалды (топ), тіларты (дыбысы), жер үсті (жұмыстар).

Идиомалық, фразеологиялық тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады: жолы болды, қой аузынан шөп алмайды, қас пен көздің арасында, қол ұшын беру.

5.5.Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Презентация білім алушылар слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін меңгеруге көмектеседі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

1. «Тоқыма өнері – ұлттың рухани байлығы» атты шағын мәтін жазу.
2. Бірге және бөлек жазылатын 10 сөз тіркесін жазу.

№ 4 сабақ

5.1.Тақырып: Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті. Қосымшалардың жазылуы.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин

5.2. Мақсаты: Білімалушыларға сөйлеу мәдениеті мен шебер сөйлеудің мәнін түсіндіру, қосымшалардың дұрыс жалғануы мен жазылу емлесін меңгерту, тілге деген құрметті арттыру, сауатты сөйлеуге баулу.

5.3. Оқу міндеттері : сөйлеу шеберлігі мен тіл мәдениеті туралы ой бөліседі, қосымшалардың жалғану заңдылықтарын біледі (үндестік заңына байланысты), сауатты жазуға, орфографиялық ережелерді қолдануға дағдыланады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті.
2. Қосымшалардың жазылуы.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 11 беті

Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті

Сөз шеберлігі — адамның ойын мәнерлі, көркем және әсерлі түрде жеткізе білу қабілеті. Бұл — сөзді орнымен қолдана отырып, тыңдаушының немесе оқырманның көңілін баурап алу, нақты ой тудыру және эмоция ояту өнері.

Тіл мәдениеті — бұл тілдік нормаларды дұрыс сақтап, сөзді орнымен, әсерлі, көркем әрі түсінікті түрде қолдану өнері. Яғни, адам сөйлегенде немесе жазғанда сауатты, әдепті, мәнерлі әрі түсінікті болуы — тіл мәдениетінің көрсеткіші.

Қосымшалардың жалғануы

1. Қосымшалар сөздің соңғы дыбысының, буынының әуенімен үндесіп, бірге жазылады: білімді, дарын-ды, парасат-ты т.б.

2. -бан, -гер, -кент, -хана, -стан, -еке, -жан, -қар, -кеш, -дар, -көй, -гөй, -қор, -қой, -мар, -маш, -нікі (-дікі, -тікі), -паз, -тал, -уар, -мен (-бен, -пен) қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: мейірбан, еңбекқор, өнерпаз, тілмаш, сөзуар, ділмар, қаскөй, Асеке т.б.

3. жалқы есімдер й, ш дауыссыз дыбыстарына аяқталса, -ев (-ева); басқа дауыссыз дыбыстарға аяқталғанда, -ов (-ова); дауыстыларға аяқталса, -ин (ина) қосымшалары жалғанады: Сәтбай+ев – Сәт- баев, Бегалы+ин – Бегалин, Шахан+ов – Шаханов.

4. -ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: С.Жүнісовке, С.Исаевтың.

5. Әріптерден қысқарған сөздерге қосымшалар оның айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай дефис арқылы жуан не жіңішке болып жал- ғанады: ПМПИ-ге, ПМУ-дың, ТУ-144-ке.

6. Күнә, кінә, шүбә, куә, іңкәр, күмән, Күләш, Күләш сияқты соңғы буынында жіңішке ә әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңіш- ке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын -ла жұрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады: кінәсіз, кінәлі (кінәсіна, кінәлау), куәсі, куәлік (куәға, куәдан), Күләштің (Күләшқа, Күләштан).

7. б, в, г, д дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады: штаб-тан, педагог-тер, парад-қа, актив-ке, резерв-тік.

8. ст, сть, зд, сс, лл, мм, тт дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда, түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады: трест – трес-тің, трес-іне; ведомость – ведомос-қа, ведомосы; съезд – съез-ге, съез-інің; металл – металдар; грамм – грамы; прогресс – прогреске. Алайда жалқы есімдерде сақталып жазылады: Донбасс – Донбасстан, Гримм – Гриммге.

9. Ауыл, дауыс деген бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, дыбысталу ыңғайына қарай ы, і әріптері

10. п, х дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан бас- талған қосымша жалғанғанда, п, х дыбыстары ұяндамайды: прин- цип – принципі, тип – типі, цех – цехы, тарих – тарихы.

нд, мп, кт, мб, ск, фт дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге қо- сымша жалғанғанда, түбір мен қосымшаның аралығына дәнекер ы, і әріптерінің бірі жазылады: штамп+ы+лау, факт+і+ге.

12. Ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, нкт, кль, брь, блъ дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге жіңішке қосымша жалғанады: геологі, педагогтер, ансамбльге, пункті.

13. орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады да, қосымшалар сөздің соңғы буы- нының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: облыс-қа, пойыз-ға, бөтенке-ге, бөшке-ні, зауыт-қа, тауар-ды.

14. жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге қосымша буын үндестігі бойынша жалғанады, дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ь сақталады; дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ь түсіп қалады: лагерьге (лагері), дизельді (дизелі).

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 12 беті

Ескерту: ль дыбысына аяқталған соңғы буыны жуан сөздерге дауыс- ты дыбыстан басталатын қосымша жіңішке; дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жуан түрде жалғанады: магистралі (магис- тральда), фестивалі (фестивальға)

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Ғалымдардың пікірлерімен танысып, тіл мәдениеті, сөйлеу шеберлігі туралы ойларынды ортаға салындар.

Тіл мәдениеті – тілдің қолданыстағы дұрыстығы, заңдылығы, нормалылығы, сөз қолданудағы орындылығы, сөз мәдениеті. Сөздерді бір-бірімен қиюластырып, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал-әрекет. (Р.Сыздық)

Қиюын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз – сөз болмай шығады немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөз болмай, басқа бір сөз болып шығады. (Қ.Жұбанов).

Тапсырма 2 .Ғалымдардың пікірлерімен танысып, тіл мәдениеті, сөйлеу шебер- лігі туралы ойларынды ортаға салындар.

1.Тіл мәдениеті – тілдің қолданыстағы дұрыстығы, заң- дылығы, нормалылығы, сөз қолданудағы орындылығы, сөз мәдениеті. Сөздерді бір-бірімен қиюластырып, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал-әрекет. (Р.Сыздық)

2. Қиюын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз – сөз болмай шығады немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөз болмай, басқа бір сөз болып шығады. (Қ.Жұбанов).

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Бақылау:

1. «Сөйлеу мәдениеті – адами сапа» тақырыбында шағын эссе жазу .

2.Қосымшалар бойынша 5 сөзге грамматикалық талдау жасау.

№ 5 сабақ

5.1. Тақырып: Тұлпар-Тальго. Алматы метросы.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушыларға заманауи көлік түрлері – «Тұлпар-Тальго» және Алматы метросы туралы мәлімет беру, мәтінді түсініп оқу, негізгі ойды анықтау, жаңа сөздерді меңгерту, сөйлеу мәдениетін дамыту.

5.3.Оқу міндеттері: заманауи көлік поезд жүргізушілерінің негізін салушылармен таныстыру, еліміздің даму бағыттары туралы мәлімет беріп, алған білімдерін сабақта қолдана білу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1.Тұлпар-Тальго.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	73-11-2025	
Әдістемелік өңдеу	80 беттің 13 беті	

2. Алматы метросы.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.



Теміржол машиналарын жасау саласының өсім қарқыны мен жүрдек қозғалысты дамыту бағдарламасы іске асты. Тальго вагондарын шығаратын зауыт салынып, өнімдері елімізде кеңінен пайдаланыла бастады. Теміржол саласы үшін электровоздар мен тепловоздар ғана емес, заманауи жүк жә- не жолаушылар вагондары да өзімізде жасалады. Қазір олар түрлі бағыттарда жолаушы таситын жүрдек пойыздарда пайдаланылады. Кәсіпорынның өндірістік орынжайларының жалпы аумағы – 31 мың шаршы метр, өндірістік қуаты – жы- лына 150 вагон. Еуропалық сапа стандарттарына сай озық технологиялар мен материалдарды қолдану пойыздың сағатына 200 шақырымға дейінгі жылдамдықпен жүруін қамтамасыз етеді. Вагондардың пайдаланылу мерзімі – 40 жыл. 2012–2015 жылдар аралығында «Жолаушылар тасымалы» АҚ үшін 436 вагон жасалып, жеткізілді. 2015 жылы шанағының ені кеңейтілген вагондар өндірісі қолға алынды. 2020 жылға дейін осындай сериялы 603 вагон шығару жоспарланған. Испанияның «Patetg Talgo» фирмасы шығарған

вагондардан жасақталған «Тұлпар-Тальго» пойызы Алматы- дан Астанаға дейінгі жолды 13 сағат ішінде жүріп өтеді. Теміржолдың кейбір бөліктерінде бұл пойыздың жылдамдығы – 160 км/сағат. (Д.Бітікова).

Алматы метросы.

Алматы қаласында алғаш рет метрополитен ашылды. Рес- ми мәліметтерге қарағанда, метро көлік кептелісін қысқар- туға, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға, сондай-ақ көлік мәдениетін қалыптастыруға зор ықпал етпек.

1988 жылдың 7 қыркүйегінде метрополитен құрылысы басталды. Кеңес Одағының заңы бойынша, тұрғындар саны 1 миллионнан асатын қалада жерасты жолын салу міндеттелген. Ал Алматы қаласы тұрғындарының саны 1981 жылы- ақ миллионнан асқаны жөнінде ресми ақпарат жарияланды. Алматы метрополитенінің ұзындығы – 10,3 шақырым. Әзірге 9 бекеті бар, олар: «Райымбек батыр», «Жібек Жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «М.Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран» және «Москва» бекеттері. Мет- рополитеннің тереңдігі – 40 метр. Пойыздың жылдамдығы – 40 км/сағ, жүру жиілігі – 10–13 минут. Әр аялдаманы безендіруде ұлттық ою-өрнектерге басым- дық берілген. Сондай-ақ қазақтың тарихи болмысынан сыр шертетін композициялық суреттер жерасты жолын әрлендіре түскен. Мәселен, «Абай» бекетінде қоладан жасалған панно флоренциялық нақышпен өрнектеліп, қазіргі заманға сай безендірілген. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының бейнесі, ақынның өлеңдері мен қарасөздері тасқа қашалған. Метрополитенде жолаушыларға желдеткіштер, эскала- торлар мен көтергіштер қызметі ұсынылған. Қазіргі заманға сай әрқайсысы 4 вагоннан тұратын сыйымдылығы 940 адамдық электропойыздар жолаушыларды тасымалдауда.

(Дайындаған А.Сматуллаева)

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 14 беті

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. «Салыстырмалы карта» әдісімен «Кешегі және бүгінгі теміржол торабы» тақырыбын талқылап, сұхбаттасындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдандар.

Кешегі теміржол торабы	Бүгінгі теміржол торабы
------------------------	-------------------------

Тапсырма 2. Графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап, «Көлік инфрақұрылымы қалай дамымақ?» тақырыбына мәтін жазындар.

Тапсырма 3. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Тальго вагондары туралы не білесіндер?
2. Болашақта пойыздың қандай моделін ұсынар едіңдер?
3. Мәтінді «Бағытталған оқу» әдісімен оқындар.
4. Алматы қаласындағы метромен жүріп көрдіңдер ме?
5. Метро бекеттерінің сәулетін қалай бағалайсындар?

Тапсырма 4. Жағдаяттық тапсырманы орындандар.

Өздерінді «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкері деп елестетіндер. Жолаушылар пойызы 30 минутқа кешігуде, өз әрекеттеріңді көрсетіндер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ- жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өртүрлі көліктерді салыстырып, «Қазақстандағы транспорт түрлері» тақырыбында салыстырмалы эссе жазындар – 150–170.

№ 6 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақстан индустриясы. Қара көмір.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылардың Қазақстанның индустриясы және көмір өндірісі туралы білімдерін кеңейту, оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдыларын дамыту, сала терминологиясын меңгерту және сауатты сөйлеуге дағдыландыру

5.3. Оқу міндеттері: Тілдің кемелділігін көрсететін негізгі белгілерді түсіндіру. Сөз байлығы деген сөздің алуан мазмұндылығы екенін мысалдар арқылы түсіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақстан индустриясы.
2. Қара көмір.

Қазақстан индустриясы

Қазақстан индустрияландыру кезеңінде 1925 жылы желтоқсанда БК(б)П XIV съезінде белгіленген Кеңес Одағын индустрияландыруды жүзеге асыру ісі Қазақстанда бірқатар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 15 беті

қиындықтарға кездесті, олар негізінен қазақ елінің бодандық өткенімен және әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірде артта қалуымен байланысты болды.

Бұл қиындықтардың көбі республикада халық шаруашылығын, әсіресе өнеркәсіп пен транспортты қалпына келтіру ісінің тым созылып кетуінен де күрделеніп, асқына түсті және осы жағдай Қазақстанның индустрияландыру жолымен табысты ілгерілеуі үшін басты кедергіге айналды.

Ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарын қалпына келтіру ісінде де кейбір игі қадамдар жасалды. Мұнай өнеркәсібі бәрінен жеделірек қатарға қосылды: Ембі және Доссор кәсіпшіліктері 1925 жылдың өзінде 1913 жылғы деңгейден асып түсті. Өндірісті техникалық жағынан қайта құру ісі жүргізілді, мұнай өндіруге тереңнен соратын насостар қолданылды, кәсіпорындарды электрлендіру өріс алды, жабдықтар жаңартылды, кең барлаудың геофизикалық әдістері пайдаланылды. Полиграфиялық өнеркәсіп те біршама ілгері басып, соғысқа дейінгі деңгейге тез көтеріліп келе жатты, осының нәтижесінде қазақ және орыс тілдеріндегі газеттер басылымы көбейді.

Риддерде шахталарды, рудниктерді, байыту фабрикаларын, электр стансаларын, теміржолды, басқа да нысандарды қалпына келтіру жөнінде біршама жұмыстар атқарылды, алайда жабдықтар мен ақшалай қаржының жетіспеушілігінен бұл кәсіпорындар техникалық күзет жағдайына көшіріліп, 1925 жылы ғана Риддер кәсіпорындарын қалпына келтіру жұмыстары қайтадан қолға алынды. # Қарағанды және Екібастұз көмір өндірістері, Спасск зауыты, басқа да тау-кен өндірісі орындары мен тау-кен зауыттарының кәсіпорындары тоқтап тұрды. 1925 жылдың аяғында ғана Қарсақбай мыс балқыту зауыты мен Байқоңыр — Қарсақбай-Жезқазған тар табанды теміржолын қалпына келтіру жұмыстары басталды.

Жаңа экономикалық саясат жағдайларында өнеркәсіпті басқару жүйесі жетілдірілді, Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесінің (БХ ШК) Республикалық өнеркәсіптік бюросы Халық шаруашылығының орталық кеңесі (ХШОК) болып қайта құрылды, ал кәсіпорындар бағыныштылық сатысына қарай одақтық, ресейлік, аралас-федеративтік, республикалық және губерниялық (жергілікті) болып бөлінді. Неғұрлым ірі кәсіпорындар негізінде шаруашылық есеп жүйесі бойынша, кеңестік трестер атанған бірлестіктер құрылды. Орал-Ембі мұнай тресі, «Алтайполиметалл» тресі, Атбасар түсті металдар тресі, «Золоторуда» тресі (Қостанай аумағындағы алтын кең орындарының тобы) одақтық маңыздағы кәсіпорындарға айналды. Екібастұз және Риддер кәсіпорындарын РКФСР Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесінің (БХШК) мандаты негізінде Қазақстанның Халық шаруашылығының орталық кеңесі (ХШОК) басқарды. Осы кеңестің тікелей басшылығына Илецк тұз тресі, Павлодар тұз тресі, «Южно-Урал-золото», «Ақжал золото» трестері, Орынбор және Петропавл тері-елтірі трестері, Қазақстан балық тресі берілді.

Қазақстанның үлкенді-кішілі кәсіпорындарына, әсіресе өнімдері КСРО-ның индустриялық жағынан дамыған аймақтарына жөнелтіліп отыратын өнеркәсіптің өнім өндіруші салаларына (мұнай, түсті металлургия және т.б.) орталықтың басшылық ықпалы күшейе берді. Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыты барған сайын айқындала түсті.

Транспортқа ерекше көңіл бөлінді, себебі оның жұмысын дұрыстап жолға қоймай, жаңа экономикалық саясаттың негізгі міндетін — қала мен ауыл, өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығы арасындағы экономикалық байланыстарды қалпына келтіру мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Республиканың негізгі теміржол арқауы — Орынбор — Ташкент күре жолына көп мөлшерде паровоздар мен вагондар, отын-көмір, ТЖХК (Теміржол халық комиссариаты) салғыртынан жиналған әр түрлі материалдар бөлініп, кәсіби біліктілігі жоғары теміржол мамандары, көлік-тасымал шаруашылығының білікті басшылары жіберіліп отырды. Жетісу теміржолының Луговой стансасына, одан ары Пішпек стансасына дейінгі жалғасы, Петропавл – Көкшетау жолы, сондай-ақ Оңтүстік-Сібір магистралінің Славгород — Құлынды - Павлодар желісі және т.б. сияқты жаңа жолдар, әсіресе «астық желілері» жедел салынды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 16 беті

Бастапқы екі желі Жетісу мен Солтүстік Қазақстаннан елдің орталық аймақтарына астық тасуға, ал соңғысы Коряков кәсіпшіліктерінен тұзақ етуге арналды.

Қара көмір

Көмір – өсімдік қалдықтарынан түзілген жанғыш, қатты шөгінді кен жынысы. Көмір құрамында әр түрлі мөлшерде минералдық қоспалар (50%-дан аспайды) бар, ол басқа шөгінді кен жыныстарының арасында қабаттар түрінде кездеседі.

Көмір үш генетикалық топқа бөлінеді: гумолиттер, сапроелиттер және сапрогумолиттер.

Олардың біріншісі – тек жоғары сатыдағы өсімдік қалдықтарынан, екіншісі – негізінен, төменгі сатыдағы өсімдік қалдықтарынан, ал сапрогумолиттер аралас өсімдік қалдықтарынан тұрады.

Химиялық құрамының, физикалық және технологиялық қасиеттерінің өзгешеліктеріне қарай көмір мынадай негізгі табиғи түрлерге ажыратылады: қоңыр көмір, таскөмір және антрацит. Көмірдің қасиеттері оның петрографиялық құрамына, көмірлену дәрежесіне және минералдық микроқұрауыштардың мөлшеріне байланысты болады. Көмірдің тығыздығы 0,92 – 1,7 г/см³ аралығында, бұл көрсеткіштің мәні күлділік азайған сайын төмендейді; қаттылығы Моос шкаласы бойынша 1 – 3 аралығында. Органикалық массасының элементтік құрамы көміртектің басымдылығымен (қоңыр көмірде 65%, антрацитте 98%), оттек (тиісінше 30-дан 1%-ға дейін) және сутек (6-дан 1%-ға дейін) мөлшерімен сипатталады.

Көмірдің басты технологиялық көрсеткіштері – ұшпа заттардың шығымы, біріккіштігі, күлділігі. Көмір – бағалы металлургиялық және химиялық өнеркәсіп шикізаты, отын ретінде кеңінен пайдаланылады; бітімі қабатты, түйіршікті, құрылымы біртекті және жолақты; түсі қоңырдан сұр қараға дейін, күңгірттен металл түске дейін жылтырайды. Көмір көп таралған пайдалы қазба. Қазақстанда аса ірі көмір кендері Қарағанды, Екібастұз көмір алаптарында орналасқан.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.



Тапсырма 1. Суреттердегі ақпарат туралы екі сұрақ жазып, келесі топқа беріңдер. Өз тобыңа келген сұрақтарға жауап беріңдер.

Тапсырма 2. Мәтінді оқып, өткен сабақтағы оқылым мәтіні мен салыстыра талдаңдар. Стилін анықтаңдар.

«Тұлпар-Тальго» мәтіні	«Қара көмір» мәтіні
Тақырыбы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 17 беті

Тілдік ерекшелігі
Стилі

...Шахтаның ішіне түссең де сол қараңғылық. Қолыңа ұстатқан керосин фонарьмен тар шахтаны бойлап жүргенде, алдыңнан адам итерген көмір тиеулі вагонеткалар кездесетін... Көмірді қол қайламен шауып жатқандарға барсаң, екі ұшы да сүйір қайламен жылтылдаған көмір пластасын дамылсыз ұрған шахтердің өнімсіз еңбегіне жаның ашитын. Енді ше? Енді шахтаға электр лифтімен түсесің. Оның тазалығы да, жылдамдылығы да қонақ үйлердегі лифтілерге ұқсайды. Шахтаның ішіне түссең, ол да электрленген бір сарай. Тізбектелген вагонеткалар көмірді қазір электр күшімен ғана тасиды. Көлбей жасалған шахталардан тізбектеліп өздері шығып жатады, тік шахталарда машиналар көтеріп жатады. Көмірдің қызарып жатқан жеріне барсаң – бүкіл денесімен тұтаса қимылдап жатқан комбайндар. Олар көмірді қазып жатқан сияқты емес. «Көмір» аталатын жердің өзегін үздіксіз және мол тарта сорып жатқан сияқты. Соған қарап тұрып, тапқыш адам ойының көмірге арнап шығарған бұл қуатына қайран қаласың да, тұрасың!
(С.Мұқановтың жолжазбаларынан).

Тапсырма 3. Берілген сөздер мен тіркестерді тақырыпқа бөліп, кестеге бірінші болып дұрыс орналастырған оқушы жеңіске жетеді.

Металлургия	Мұнай өндірісі
-------------	----------------

Түсті металдар, құбыр арқылы тасымалдау, минералдық шикізат, жанар-жағармай зауыты, қара металлургия, көмір- сутектер қоспасы, руда, синтетикалық талшықтар, кентас, бензин, металл қорытпалар, керосин.

Бақылау сұрақтары:

«Қазақстандағы ауыр индустрияның болашағы» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар

«Қазақстандағы ауыр индустрияның болашағы» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.

№ 7 сабақ

5.1. Тақырып: Мыс кендері. Мұнай индустриясы. Сөз дәлдігі.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Мыс кендері мен мұнай индустриясы туралы түсінік беру, білім алушылардың сөздік қорын кеңейту, сөздерді дәл әрі орынды қолдануға үйрету, салалық терминологияны меңгерту, мәтінмен жұмыс дағдысын дамыту

5.3. Оқу міндеттері:

Қазақ әдеби тілі туралы балаларға түсінік бере отырып, дұрыс, мәдениетті, әдеби тіл нормаларын сақтай отырып сөйлеуге қалыптастыру, айтар ойын әдеби, толық, түсінікті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 18 беті

жеткізуге дағдыландыру, ойлау, шығармашылық ізденістерін дамыту;

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1.Мыс кендері.

2.Мұнай индустриясы.

3.Сөз дәлдігі.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Мыс кен тастары – құрамынан мыс алынатын табиғи шикізат. Оның құрамына мысы бар 240-тан аса минерал кіреді. Олардың ішінде өнеркәсіптік негізгілері: халькопирит (құрамындағы мыстың мөлш. 34%), борнит (63,3), ковеллин (66,4), халькозин (79,8), теннантит (57), тетраэдрит (52,3), энаргит (48,3), куприт (88,8), тенорит (79,8), малахит (57,7), азурит (55,3), хризоколла (36,1), брошантит (56,2), атакамит (59,5). Басты өнеркәсіптік сульфид кендерінің құрамында мыстан басқа молибден, алтын, күміс, рений, индий, кадмий, висмут, сүрме, теллур, селен, тағы басқа құраушылар болады. Мыс көбінесе гранитоидтармен және негізді тау жыныстармен байланысты. Негізді (габбро, норит) және ультраегізді (пироксенит, перидотит, оливинді диабаз) таужыныстармен байланысты мыс кенінде кобальт, никель мен платиноидтар болады. Скарндық кен орындарда мыс кенімен бірге темір кені жаралады. Мысты құмтас кен орындары мысқа бай, әлемдік мыс өндірісінде екінші орын алады. Қазақстанда бұл кен типтері басты орында (мысалы, Жезқазған кен орны). Гидротермальдық мыс кендері кешенді пайдаланылады, олар колчедандық типке жатып, сульфид минералдардан тұрады (Кенді Алтай). Минерал. және хим. құрамдарына байланысты Мыс кентастарының технология сорттары сульфидтік, тотыққан, аралас болып ажыратылады. Сонымен қатар Мыс кентастары сом және сеппелі-тарамшалы болып бөлінеді. Мыс кентастарының ірі кен орындарына Жезқазған, Қоңырат, Ақтоғай, Жаман Айбат, тағы басқа жатады. Кен орындарының көлемі ірі болуына байланысты, порфирлік мыс кені ең басты өнеркәсіптік типке жатып, одан мыс (әлемдік мыс өндірісінің 50%-дан астамы) пен молибден өндіріледі.

Мұнай индустриясы

Мұнай өнеркәсібі — отын өнеркәсібіндегі жетекші рөл атқаратын сала. Сонымен бірге негізгі стратегиялық шикізат көзі болып есептеледі. Мұнайды өндемей қолдана алмайды. Мұнайды фракциялау арқылы қолданады. Одан 300 түрлі өнім алады: ең, қажетті өнімдерінің бірі машиналарға арналған отын (бензин, керосин) және химия өнеркәсібіндегі шикізаттар.

1960 жылдардың ортасында осы аймақтағы Маңғыстау алабы ашылды. Ондағы Өзен және Жетібай, Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Кеңқияқ, Жаңажол, т.б. кен орындарындағы мұнайға барлау жасалды. Кейінірек алып Қарашығанақ, Теніз мұнай кен орындары ашылды. 1980-ші жылдардың басында республикамызда үшінші алап - Оңтүстік Торғай ірі кен орны Құмкөл пайда болды. 1990-шы жылдардың басында ең үлкен мұнай кен орны Қашағанды ашты. Мұнай қоры жағынан (4,8 млрд т) Қашаған дүние жүзінде бесінші орында. Қазақстаннан түрлі маркадағы мұнай өндіріледі.

Мұнай мен газды ірі компаниялар өндіруде:

«Шеврон-Тексако» (Теніз)

ҚӨБ консорциумы (Қарашығанақ)

Қытай ұлттық мұнай компаниясы (Жаңажол, Құмкөл).

«ҚазМұнайГаз» Қазақстанның, ең ірі ұлттық мұнай компаниясы. Осы компаниялардың жұмыс істеу нәтижесінде мемлекетіміздегі мұнай өнеркәсібінің даму қарқыны жылдан-жылға өсу

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 19 беті

үстінде.1970-ші жылдары республикамыздағы барлық мұнайды үш облыс (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе) өндіретін, қазір 6 облыс өндіріп отыр.

Көп бастаушы Атырау облысы.

Өндіріс ауданынан тұтынушыға темір жол арқылы цистернада және Каспий теңізі арқылы танкермен тасымалданады. Бірақ негізгі бөлігі құбыр арқылы тасымалданады. Мұнай тасымалдауда құбырдың рөлі тиімді болғандықтан жыл өткен сайын оның үлесі артуда.Құбырдың мұнайды өткізу мүмкіншілігі жоғары. Диаметрі 83 см болатын құбыр жылына 10 млн тонна өткізе алады. Сонымен бірге өрт шығу қаупі құбырларда сирек болады. Қазақстандағы магистральді мұнай құбырының ұзындығы 7000 км-ден артық. Ең ірілері Атырау-Новороссийск, Атырау-Самара, Атасу- Алашаңкоу және Омбы-Павлодар-Шымкент.Мұнайды мұнай өңдейтін зауыттарда (МӨЗ) өңдейді. Мұнай өңдейтін зауыт көбінесе тұтынушыға негізделген. Қазақстанда 3 ірі мұнай өңдейтін зауыт (Атырау, Павлодар, Шымкент) және кішігірім отын жанар-жағармай зауыты Қарашығанақта жұмыс істейді.

Сөз дәлдігі

Сөз дәлдігі – сөздерді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Кейде адамдар сөйлегенде не жазғанда сөзді қате қолданып жатады. Сөз дәлдігі – әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми стиль, ресми стиль) бәріне бірдей қажетті сапа. Осыған орай, бір стильде норма болып есептелетін қолданыстар екінші бір стильде нормаға қайшы болуы мүмкін.

Сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты. Мысалы: университетті қызыл дипломмен бітірді (дұрысы: университетті үздік дипломмен бітірді); емтиханнан бес алды (дұрысы: емтиханнан үздік баға алды).

Мысалы: жоғары сыныптағы құрдастарым да құттықтап келді. Өзінен жоғары сыныпта оқитындарды «құрдас» демейді, құрдастардың жастары шамалас болады. Сондай-ақ еңбек ардагері деген тіркес бар, ал жұмыс ардагері деп айтпаймыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: командалық жұмыс – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Мәтінді оқып, өткен сабақтағы оқылым мәтінімен салыстыра талдандар. Стилін анықтаңдар.

Мұнай мұхиты

Маңғыстау... Сенің ғасырлар бойы құлазыған көне көкірегің бұл күнде мынау өмірге ғашық жандардың жүрегіндей лүпілдейді.Сенің осы бір арай жүз келбетіңе қарап, менің де кішкентай жүрегім лүпілдейді.Қуанып тұрып, бір тәтті ойларға еніп кетем.Тарихтай қатталған қара жер қабатының астындағы мұнай тасқыны зауыттар мен фабрикалардың жүрегіне қызу қан берер ғажап күш еиес.Маңғыстау сенің даңқыңдыбіздің дәуірдің ғажайып адамдар дүбірлеткенді даңқыңды бұл күнде жер шарының біраз түпкірі біледі.Бүгін қазына аралына айналған сенің атағың қазақ даласының шекарасынан жырақ кеткен.

...Иә, сенің ғажайып болашағың әлі де талайларды таңырқатады. Өз ұрпағыңа, өсіп-өркендеген ғаламат заманның кереметтерін құрыш қолдарымен өзі жасап жүрген ұрпағыңа әлем алдында «Міне, қараңдар менің ғажайып өлкеме!» дейтіндей мақтан бола бересің, сен, дариялы мекен! (Ф.Оңғарсынованың «Мұнаралы Маңғыстау»мақаласынан)

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 20 беті

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ зиялылары мен олардың индустрияландыруға көзқарасы?
2. Индустрияландыру жылдарындағы маңызды нысандарды атаңдар.
3. Жұмыс күші проблемасы неден туындады?
4. Индустрияландыру қарсаңында өндіріс жағдайы қандай болды?
5. «Мұнай индустриясы. Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда. Сөз дәлдігі.»

№ 8 сабақ

5.1. Тақырып: Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақстан аумағында орналасқан әлемдік деңгейдегі ірі индустриалдық кәсіпорындар туралы білім беру, білім алушылардың ақпаратты түсініп оқу, талдау және жазу қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздік қорды байыту.

5.3. Оқу міндеттері:

Қазақстандағы ірі шетелдік кәсіпорындар туралы ақпаратты біледі;

Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтай алады;

Ақпаратты дұрыс және нақты жеткізе отырып, сөздік қорын кеңейтеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда.

Индустрияландыру – бүкіл қазақстандықтардың ісі. Өйткені бұл – күрделі жағдайды бастан кешіріп отырған жаһандық даму процесіндегі біздің мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігін, даму мүмкіндігін айқындайтын маңызды шара.

Бес жыл ішінде Қазақстанда бұрын өндірілмеген тауарлар шығарыла бастады, бұған дейін Қазақстанда өндірілме- ген, мүлдем жаңа 400 өнім түрі игерілді. Қазақстан Тәуелсіз- дігін алғаннан бергі уақытта экономикаға салынған барлық шетелдік инвестицияның 70%-іне жуығын өңдеуші сектор осы индустрияландырудың бірінші бесжылдығында иеленді. Бұдан бөлек индустрияландырудың нәтижесінде 770-тен астам жаңа кәсіпорын іске қосылып, мүлдем жаңа деңгейдегі 75 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Бүгінде өнеркәсіптік секторда жұмыс істейтін қазақстандықтардың жалпы саны 1 миллионнан асады. Сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 60%-ке артты. Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанға қадам басты. Нарыққа «Airbus», «General Elec- tric», «Alstom», «Eurocopter», «Toyota», «Ssang Yong», «LG» секілді әлемге танымал компаниялар енді. Олар бірлескен өнімнің нарыққа жол ашуына өз септігін тигізіп те келеді. Құрылыс материалдары 2 есеге артты, қазіргі таңда құрылыс материалдарының 80%-і елімізде шыға бастады. Ауылшаруашылығы саласы да жоспарлы түрде дамып келеді. Мәселен, агроқұрылымда 2010 жылмен салыстырғанда ірі қара мал басының саны 50%-ке артқан. Ал өнеркәсіп жылыжайларының алаңы осы жылдар ішінде 3 есеге өскен.

(ҚазАқпарат)

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Сұрақтарға жұптасып жауап беріңдер.

1. Қазақстан бидай дақылын қандай елдерге экспорттайды?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 21 беті

2. Бидай дақылынан қандай өнімдер шығарылады?

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау: 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Қазақстан индустриясы дамыған алпауыт елге айнала ма?» тақырыбында дискуссивті эссе жазындар.

№ 9 сабақ

5.1. Тақырып: Жаһандық құзіреттер. Ұлттық мәдениеттің жаһандану үрдісі. Тілдік норма. Ғылыми стиль.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға жаһандық құзіреттер және ұлттық мәдениеттің жаһандану үрдісі туралы түсінік беру, тілдік норманың маңызын түсіндіру, ғылыми стильдің ерекшеліктерін меңгерту, ғылыми стильдегі мәтіндерді оқып, талдау жасау қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, жүйелілікке, өз беттерімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері:

Жаһандық құзіреттер мен ұлттық мәдениеттің жаһандану үрдісін түсінеді;

Тілдік нормаларды сақтап, ғылыми стильде мәтіндер оқып, жаза алады;

Сыни ойлау қабілетін дамытады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Кітаби тіл және оның айырым белгілері.

2. Кітаби тілдің өзіндік белгілері.

3. Кітаби тілдің стильдік тармақтары.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Жаһандану (ағыл. global – «әлемдік», «дүниежүзілік») – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық және мәдени тұтастық үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы америкалық экономист Теодор Левитт енгізді. Жаһанданудың түрлі аспектілерін XX ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға «интеллектуалдық индустрияларды экономикасы», ақпараттық қоғам, техникалық революция ақпараттық жарылыс деген ұғымдарды енгізді.

Жаһанданудың жойқын толқынында жаңқадай жұтылып кетпеу үшін өрелі халықтар өздерінің ұлттық кейпін сақтап қалудың қамын ойлап, амал-әрекет жасауда. Жаһандануға үйлесімді кірігу дегеніміз – ана тілі, ұлттық сана, озық салт- дәстүр мен тарихи танымынды сақтай отырып, адамзаттың алдыңғы қатарлы мәдениетін солармен үйлестіре қабылдау арқылы әлемдік қауымдастықтан өз орнында табу деген сөз. Бұған қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың сапасын арттыру, салт-дәстүр мен тарихи зердені нығайту арқылы қол жеткізуге болады. Елбасымыз өзінің «Қазақстандық жол» еңбегінде жаһандану жағдайында ұлтты сақтап қалатын бәсекеге қабілеттілік сапа туралы былай деп жазады: «Бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек. Туған тілдің мәдени бастаулары мен рухани дәстүрлерін сақтау жас ұрпақтың бойында жаһанданудың барлығын жұта- тын, бірыңғайлайтын және кіріктіретін үрдістеріне қарсы тұра алатындай иммунитеттің қалыптасуына көмектеседі».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 22 беті

Қай халықтың болмасын, өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгілері – ана тілі мен әдебиеті, салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті. Ана тілі мен ұлттық әдебиет – ұлттың өткен тарихы мен бүгінгі тағдырының сабақтастығын орнықты- руда, тұлғааралық мәдени қарым-қатынас орнатуда, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде басты құрал. Сонымен бірге әдебиет – ұлттың рухани жады, адамзат дамуының қозғаушы күші және тарихи-көркем баяны. Сол мол мұраны жас жеткіншектерге меңгертуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне жүктелер міндет зор. Ана сүтімен бойға сіңетін туған тілдің күдіретін таныту – сәби жақтан бастап,үздіксіз жүретін процесс.

Қазақстандағы мәдени жаһандану

Мәдени жаһандану үрдісін жас әрі дамып келе жатқан тәуелсіз Қазақстан мемлекетінен де көруге болады. Ұлттық қайта жандану үрдісі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртумен байланысты жүріп жатыр. Қазақ халқы үшін бұл өте қиын және күрделі мәселе: жоғалған салт-дәстүрді қайта қалпына келтіру керек. Қазіргі қазақтар – бұрынғы малшы, көшпенді халық емес. XX ғасырда саналы түрде салт- дәстүрді жою және қудалау жүзеге асырылып келді. Жетпіс жылға созылған кеңестік кезеңде Қазақстанда салт-дәстүрмен «өткеннің қалдығы» ретінде күресті. Алайда халықтың қажырлылығының арқасында бұрынғы салт-дәстүрлер сақталып келеді.

Тілдік норма

Тілдік норма — тіл жүйесінің дәстүріне сай тұрақты түрде қалыптасып, қоғамдық қатынастар арқылы орныккан тілдік амал-тәсілдердің жиынтығы, сөз қолдану ережелері.

Тілдік норма – ауызекі және әдеби тілдің қалыптасқан үлгісі, халықтың бәріне түсінікті тілдік амалдардың жиынтығы. Әдеби тілдің әртүрлі даму кезеңдерінде тілдік құралдарды дұрыс қолдану тәртібі, ережесі. Әдеби тілдің нормасы: өзінің біршама тұрақтылығымен (қоғам талабына қарай норма өзгеруі мүмкін), жалпыға ортақтығымен, түсініктілігімен, міндеттілігімен, тілдік жүйеге, тілдік модельдерге сәйкестігімен ерекшеленеді. Норма әдеби тілдің ауызша, жазбаша түріне міндетті бола отырып, тілдің барлық жақтарын (салаларын) қамтиды. Осыған орай олар: орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, пунктуациялық, лингвостилистикалық болып бөлінеді: Орфографиялық норма, орфоэпиялық норма

Ғылыми стиль

Ғылыми-стиль —зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін стильдің бір түрі. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлелділігі қажет. Стильдің қолданылу аясы:Ғылыми стиль – ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда, ғылыми оқулықтарда қолданылады. Стильдердің ерекшелігі: Ғылыми стиль: дәлелді, зерттелген, сөзді тура мағынада алу. Стильдердің тілдік құралдары: Ғылыми стильде – ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 23 беті

5.7. Бақылау: аузша сұрақ жауап.

- 1.Еліміздегі жаһандану арқылы дамып келе жатқан салаларды атандар.
- 2.«Өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру, ұлттық дамуды тежейді» дегенді қалай түсінесіңдер?
- 3.Жаһанданудың жақсы жақтарына кесте құрындар.

№1 Аралық бақылау жұмысы

- 1.Қоғамдық құндылық.
- 2.Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі.
- 3.Орфографиялық норма. Сөйлеу тілі.
- 4.Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл. Әдеби тіл.
- 5.Дауысты дыбыстардың жазылуы.
- 6.Қолөнер – сырлы өнер. Тоқыма өнері.
- 7.Бірге және бөлек жазылатын сөздер.
- 8.Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті.
- 9.Қосымшалардың жазылуы.
- 10.Тұлпар-Тальго. Алматы метросы.
- 11.Қазақстан индустриясы. Қара көмір. Мыс кендері. Мұнай индустриясы.
- 12.Сөз дәлдігі.
- 13.Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда
- 14.Жаһандық құзыреттер. Ұлттық мәдениеттің жаһандану үрдісі.
- 15.Тілдік норма. Ғылыми стиль.

№ 10 сабақ

5.1. Тақырып: Экономикалық жаһандану.Сөзжасамдық тәсілдер. Аумақтық жаһандану. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға экономикалық және аумақтық жаһандану ұғымдарын түсіндіру,сөзжасамдық тәсілдер туралы білім беру, әсіресе аналитикалық тәсілге тоқталу, тілдік талдау және сөз құрастыру дағдыларын дамыту.

5.3. Оқу міндеттері: сөздік қорларын, ой өрісін шындау, шығармашылық қабілетін дамыту кітаби тіл оның стилдік тармақтары, түрлері, ерекшеліктерімен қолданылатын орындарын меңгерту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Жаһандану адамзат қоғамына не берді? Алдымен, ғылыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді айтамыз. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық ғаламтор арқылы сол сәтте жер жүзіне тарап, жалпы адам баласының игілігіне айналууда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кемде-кем. Ұлттық, мемлекеттік шекараларды білмейтін жа-һандану бүкіл әлемді қоғамдық дамудың тайказанында бұрқ-сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдырууда. Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тамағымыздан бастап, киген киімімізге, мінген көлігімізге, өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына, тұрғын, жатын, жұмыс жайларындағы жиһаздарға, техникаларға, өмір сүру,

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 24 беті

еңбек ету салтымызға дейін қамтып, өзінің өміршендігін көрсетіп отыр. Бірінде барды екіншісі пайдаланып, жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтардың материалдық, қоғамдық, экономикалық, мәдени жағынан жетіле түсуіне септігі тиері анық. Қазіргі заманда мәдениеттер мен өркениеттер қалыптасынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру ұлттық дамуды тежейді, тіпті жолда қалдырады. Сондықтан жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл – жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілігі, пайдалы жағы. (Д.Ысқақұлының «Жаһандану дегеніміз не?» мақаласынан).

Экономикалық жаһандану

Экономикалық жаһандану екі үрдістің жиынтығын – нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурс-тарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының – компания-лардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта экономикалық жаһанданудың нақты сипаттары бар:

үлкен компаниялардың жетекші рөлі;

жаһандық қаржы, валюта және қор рыноктарының қызмет етуі;

жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;

жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы мен қызмет етуі;

барлық ұлттық және халықаралық қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы.

бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларын жаһандық желіге аударылуы;

Аумақтық жаһандану

Аумақтық жаһандану – мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі, мемлекетаралық әскери-саяси және экономикалық одақтардың құрылуы. Мәселен, еуропалық одақ. Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам соңғы кезде жиі айтылып жүр. Бірақ бұл процесс ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық, мәдени айырмашылықтар түгел жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Кейбір мамандар аумақтық қауымдастықтың дәстүрлі мемлекеттерді ығыстыру үрдісі дами түседі деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер аумақтық қоғамдасу үрдісін бүкіләлемдік жаһанданудың зиянды әсерінен қорғанудың бірден бір жолы деп санайды.

Сөзжасамдық тәсілдер

Тілде жаңа сөз жасаудың қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Жаңа сөздер қазақ тілінің заңдылықтары бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар: синтетикалық тәсіл;

аналитикалық тәсіл;

лексика-семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі

Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл – жаңа сөз жасаудағы негізгі тәсіл. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Мысалы: жаңалық, жүлдегер, ақылды, ардагер, айыпкер, сәулетші. Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағынасы байланысты болатындықтан, туынды түбірдің қай сөзден жасалғанын дәлелдеуге болады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 25 беті

Мысалы, өнім деген туынды түбірдің лексикалық мағынасы өну әрекеті арқылы шыққан. Өн, өнім сөздерінің мағыналық байланысы анық көрініп тұр, сол ар- қылы ол дәлелденеді.

Сонымен, сөзжасамдық мағынаны негіз сөз бен туынды түбірдің мағыналық байланысы арқылы ажыратуға болады.

Негіз сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына ар- қау болатын сөз. Мысалы, кәсіпкер, қаламгер, аңшы деген туынды сөздер кәсіп, қалам, аң деген негіз сөздерден жасалған. Ал егінші, өнімді, білімпаз, сәнқойлық деген сөздерге егін, өнім, білім, сәнқой деген туынды түбірлер негіз болған.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Аналитикалық тәсіл дегеніміз – екі я одан да көп сөзден (сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы) бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы.

Аналитикалық тәсіл барлық сөз табының сөзжасамынан кең орын алады. Мысалы: үшбұрыш, тікұшақ, көмір қышқылы, ақсақал, темірқазық (зат есімдер); қызыл ала, орта бойлы, қызыл шырайлы, ақ шашты (сын есімдер); қырық сегіз, он алты, екі жүз, бес мың (сан есімдер); кіріп шық, алып кел, алып бар (етістіктер); күні кеше, күндерде бір күн, бүгін, биыл (үстеулер); тақ-түк, тарс-тұрс, жалт-жұлт (еліктеуіштер); пай-пай, ойпырмай, бәрекелді (одағайлар).

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі бар: 1) сөз қосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Бұлардың әрқайсысы тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқа- рады. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен сөздер, қос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

Екі сөзден біріккен жалқы есімдер (Қажымұқан, Дүйсенәлі, Көк- шетау, Сырдария), терминдік атаулар (бесжылдық, матанализ), тұрақты тіркестер (ден қою, құлақ салу, тіс жару, тіл қату), кіріккен сөздер (ендігіден әрі – ендігәрі, алып кел – әкел), қос сөздер (бала- шаға, егжей-тегжей, қап-қара), қысқарған сөздер (БҰҰ, ҒА, ҚазТАГ, кг, см) .

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар

«Қазақстандық заманауи мәдениет» тақырыбы бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығарма жазындар.

№ 11 сабақ

5.1.Тақырып: Ақпараттық коммуникациялық жаһандану. Сөзжасамның лексика – семантикалық тәсілі.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: кітаби тілмен оның айырым белгілерін меңгерту.

Топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорларын дамыту.

Өзара сыбайластыққа бірін – бірі бағалай білуге тәрбиелеу.

5.3.Оқу міндеттері: Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтары туралы әңгімелеу. Әдеби тіл мен жазбаша мәтіннің байланысы туралы мәлімет.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 26 беті

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ақпараттық коммуникациялық жаһандану.

2. Сөзжасамның лексика –семантикалық тәсілі.

Ақпараттық коммуникациялық жаһандану.

Әлемде болып жатқан кең ауқымды қайта құрулар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Ғаламдық ақпарат, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – ХХІ ғасыр қоғамының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі.

Ақпараттық дамудың жаһандық жүйесі – қазіргі заманғы интеграциялық процестердің ішіндегі аса ықпалдысы. Оған коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану, жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез қарқынмен дамуы, адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар, келешекте ақпараттық - коммуникациялық кешендердің көмегімен екі бағыттағы ғарыштық жүйені дамыту; бизнесті, өндірісті, үй шаруасын басқарудың біртұтас жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді. Олай болса, компьютерлік технологиялардың ғаламдық-ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда, ақпараттық қоғамды дамытуда маңызы зор. (Б.Сағындықова)

Сөзжасамның лексика –семантикалық тәсілі.

Ғылым салаларында лексика-семантикалық тәсіл арқылы терминдер көп жасалған: сөз, буын, мағына, есім, шылау, үстеу (тіл білімі), құн, нарық (экономика), теңеу, суреттеу, өлең, әңгіме (әдебиет), кимыл, қозғалыс (физика), үшбұрыш, көбейту, қосу, алу (математика) және т.б.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы – өте көп тараған тәсіл. Мысалы, зат есімге заттану арқылы көшкен сөздер өте көп: бүлдірген, ағарған, қорған, қамал, айтыс, қоршау, ақ, асар, жетісі, екпін, жасау т.б.

Лексика-семантикалық тәсілде сөз ешбір тілдік бірліктің көмегінен, дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу т.б. Бұл сөздердің тілде дәл осы тұлғада, осы құрамда басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Мысалы: қорған, айтыс, жарыс – етістік, кимыл; бірге, біреу – сан есім, сандық ұғым.

Лексика-семантикалық тәсілде мағынасы өзгерген сөз үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика- семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар: сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі: асар, жасау, қорған т.б.;

Сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы: құн, нарық (экономика), буын, есім (тіл білімі) және т.б.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 27 беті

Тапсырма 1. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, берілген ойды жалғастырып, шағын мәтін жазыңдар.

Тапсырма 2. Ақпараттық-коммуникациялық жаһанданудың адам-дардың жүріс-тұрысына, олардың біліміне және жұмысына, сондай-ақ үкімет пен азаматтық қоғамның өзара қарым-қатынасына қатысы бар. Себебі...

Өз мәтіндеріңнің ғылыми-көпшілік стильде жазылғанын таны-татын терминдер мен тілдік құралдарды кестеге жазыңдар. Өзге стиль элементтерінің бар-жоғын анықтаңдар.

Терминдер	Тілдік оралымдар	Өзге стиль элементтері

Тапсырма 3. Күнделікті өмірде сенің жұмысыңды жеңілдететін компьютерлік технологиялардың тізімін жасаңдар. Олардың ақпараттық-коммуникациялық жаһанданудағы рөлі туралы аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Бақылау: сұрақ жауап

1. Ақпараттық коммуникациялық жаһандану туралы мәлімет жинақтау.

2. Сөзжасамның лексика – семантикалық тәсілінің жасалу жолын айтып беру.

№ 12 сабақ

5.1. Тақырып: Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Жаһандық мәселелер туралы сыни ойлау мен пікір айту дағдыларын дамыту, сөзжасам тәсілдерін түсіну және қолдану арқылы сөйлеу тілін байыту.

5.3. Оқу міндеттері: Жаһандық мәселелердің түрлерін сипаттайды (экология, кедейлік, соғыс, т.б.). Сөзжасамдық тәсілдерді (жұрнақ, қосарлану, тіркесу, т.б.) біледі және қолданады

Авторлық және көркемдік стильдегі сөздермен танысады. Өз ойын сауатты, жүйелі жеткізеді

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері.

2. Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары.

Адамзат дамуының жаһандық мәселелері

Жаһандық мәселелер дегеніміз – өркениеттің әрі қарай дамуына әсер ететін, адамзаттың өміріне өз ықпалын тигі-зетін мәселелер жиынтығы. Адамзаттың жаһандық мәселелері – планетамыздың барлық тұрғынының өмірлік қызығушылығын қозғайтын және әлемнің барлық мемлекеті ортақтасып шешетін мәселелер. Адамзаттың жаһандық мәселелеріне жататындар: дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесі;

азық-түлік мәселесі;

кедейлік мәселесі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 28 беті

энергетика мәселесі;

экология мен тұрақты даму мәселесі;

әлемдік мұхитты меңгеру мәселесі;

демография мәселесі.

Бұл тізім тұрақты емес. Өркениеттің дамуымен бірге жаңа жаһандық мәселелер туып отырады. Мысалы, ғарыштық кеңістікті игеру, климатты қадағалау т.б.

Дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесіне олардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықты азайту үшін дамыған елдер нарығында дамушы елдердің тауарларына сұранысты өсіруді, дамушы елдерге капитал мен білімнің ағымын ұлғайтуды (әріне, көмек ретінде) сыртқы қарыздардың есептерін шығаруды және т.б. жатқызамыз. Азық-түлік мәселесі дегеніміз- халықтың өзін-өзі ең қажетті азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмауы. Бұл мәселе әлеуметтік жағдайы төмен елдерде азық-түлік абсолютті жетіспеушілігінен болса, дамыған елдерде тамақтану теңгерімсіздігінен болып отыр. Бұл мәселенің шешімі табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ауылшаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогреске және мемлекет тарапынан қолдауға тікелей тәуелді.

Кедейлік мәселесі жаһандық мәселелердің ішінде ең негізгілерінің бірі болып отыр. Кедейлік – мемлекеттің сол елдегі адамдарды ең қарапайым және ең арзан өмір жағдайымен қамтамасыз ете алмауы. Дамушы елдердегі кедейліктің үлкен масштабы тек ұлттық қана емес, сонымен қатар әлемдік тұрақты дамуға үлкен қауіп тудырады.

(Ж.Оспанбаев пен Д.Төленгітованың «Жаһандану және адамзат дамуының жаһандық мәселелері» мақаласынан).

Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары

Сөзжасам – тіл біліміндегі жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуын, мағыналық дамуын және жасалу тәсілдерін зерттейтін сала. Сөзжасамның зерттеу нысанына туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, қалыптасуы, жаңа мағынаның ішкі құрылымы т.б. жатады.

Бұл күнде жанданған (активтенген) бірқатар жұрнақтар арқылы жасалған сөздердің норма болып танылуы осы модельдің тілдік жүйеде бұрыннан бар екендігін дәлелдейді. Айталық, адамның қыз-метін, кәсібін, мамандығын білдіруде -шы жұрнағы тек қазақ, араб, парсы сөздерінен ғана емес, орыс тілінен енген сөздерден де жаңа тұлғалар жасайды. Әнші, егінші, тракторшы, комбайншы, футбол-шы дегендерді былай қойғанда, бұл күнде гипнозшы, памфлетші, парашютші, саботажшы, парламентші, газетші сияқты ондаған туынды сөздің еркін жасалуына жалпы тілдік модель (үлгі) негіз болған, яғни бұл сөздерді қазақ тілі табиғатын бұзбайтын нормадағы тұлғалар деп тану керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: ауызша сұрақ жауаптар

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жаһандық мәселелердің бірі туралы мәтін жазу

2.Әдеби шығармадан сөзжасам арқылы жасалған 5 сөз тауып, құрамына талдау жасау

№ 13 сабақ

5.1.Тақырып: Қоғамның байлығы – адам.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 29 беті

5.2. Мақсаты: білім алушыларға адам мен қоғам арасындағы байланысқа талдау жасай алады «Қоғамның байлығы – адам» деген тіркестің мағынасын ашады, өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алады, сөйлеу мәдениетін, эссе жазу дағдысын дамытады.

5.3. Оқу міндеттері: Адамның қоғамдағы орнын түсінеді, тақырып бойынша өз ойы мен пікірін білдіре алады. Мәтінмен, афоризммен жұмыс жасай алады, қорытынды шығарып, шағын эссе жаза алады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қоғамның байлығы – адам.

Қоғамның байлығы – адам

Адамның денсаулығына оны қоршаған табиғи ортаның әсері зор. Дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауызсудың, тағамның таза болуының маңызы ерекше. Қор- шаған ортаның бұзылуы адам денсаулығына кері әсерін тигі- зеді.

Денсаулығы мықты болуы үшін, адам саламатты өмір сүру салтын ұстануы керек. Темекі тарту, ішімдікті пайдалану, дұрыс тамақтанбау, кей жағдайда мүлде қимыл-қозғалыссыз болудан да денсаулық бұзылады.

Денсаулыққа жағымды әсер ететін бірнеше фактор бар:

Бұлшық ет қимылдарының белсенділігі. Адамның бар- лық тіршілік әрекеті түрлі қимыл-қозғалыстар жиынтығы- нан тұрады. Қозғалыс – тіршілік тірегі. Спортпен айналысып, дене шынықтыру жаттығуларын жасайтын адамның жұмыс істеу қабілеті жоғары болады. Спорт адамның түрлі ауруға қарсы тұруына көмектеседі: тыныс алу мүшелерінің жұмы- сын жақсартып, жүрек бұлшық еттерін шынықтырады, зат алмасудың қалыпты жүруін қамтамасыз етеді.

Еңбек пен демалысты дұрыс ұйымдастыру. Адам өмі- рінде еңбек басты орын алады. Еңбек ету арқылы адам өзіне қажетті жағдайларды жасайды. Бірақ шектен тыс еңбек ету ағзаның қажуына әкеп соқтырады. Сондықтан да еңбек ету мен демалысты дұрыс үйлестіре білу қажет. Бұл – адам ағза- сындағы барлық мүшелердің жұмысын жақсартады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Дұрыс тамақтана білу. Дұрыс тамақтанудың нәтиже- сінде асқорыту мүшелерінің жұмысы жақсарады, зат алмасу процестері қалыпты жүреді. Адамның ұзақ өмір сүруіне дұрыс тамақтанудың да әсері бар. Көбіне көкөніс, жеміс-жидектерді пайдалану, тамақтану ережелерін мұқият сақтау, майлы тағамдарды шектеп пайдалануды естен шығармау қажет. Дұрыс тамақтану адамның дене салмағын бірқалыпты ұстайды. Артық салмақ аурудың пайда болуына әкеп соқтырады.

Әрбір адам өз денсаулығына қамқорлық жасап, үнемі көңіл бөліп отыруы тиіс. Ұзақ өмір сүрудің негізгі шартының денсаулықты сақтау мен нығайту екенін естен шығармауы- мыз керек.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының шешімімен 7 сәуір и«Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күні» деп белгіленген. Біз- дің елімізде де адамдардың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінуде.

Тапсырма 1. Клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша ойларыңды дәлелдеп, дискуссивті эссе жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Тапсырма 2. Ғаламтор көздеріндегі ақпараттарды пайдаланып, адам денсаулығының басты үш көрсеткішін жазыңдар. Сілтеме көрсетіндер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 30 беті

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Бақылау:

1. Қоршаған орта мен адам өмірі арасындағы байланысты қалай түсіндіресіңдер?
2. Денсаулыққа жағымды әсер ететін факторларды білесіңдер ме?
3. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күнін атап өту неліктен маңызды?

№ 14 сабақ

5.1. Тақырып: Адам өмірін қорғау – басты міндет. Сөз тазалығы.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяққа баспай қашанда биік ұстауға үйрету.

5.3. Оқу міндеттері: : Білім алушылар адам өмірінің маңызын түсінеді, құндылықтар жайлы ой қорытады, сөз тазалығы ұғымын меңгереді, сөйлеу мәдениетінде қолдана біледі. Тақырып бойынша өз ойын нақты, сауатты жеткізеді

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Адам өмірін қорғау – басты міндет.
2. Сөз тазалығы.

Адам өмірін қорғау – басты міндет

Мемлекет міндеттерінің бірі – азаматтардың қалыпты тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды экстремалды жағдайлардан сақтау. Қазақстан Республикасы Конституциясында: «Адам, оның өмірі, құқығы мен тәуелсіздігі – еліміздің ең басты байлығы», – делінген. Сол себепті де мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті.

Қазақстан Республикасында заңнамалық база қалыптасып, оның негізінде халық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көпқырлы механизмі іске қосылды. Ел аумағында бұл механизм қауіптің алдын алу, зақымдануды төмендету мен төтенше жағдайлар салдарын жою секілді сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізуде.

Әрбір адамның денсаулығы – оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, адам мүмкіндігінің әлеуетін анықтайтын фактор. Халық денсаулығының деңгейі өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму шамасын да айқындайды. Халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда, медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз ететін, жақсы дамыған, әлеуметтік бағдарланған денсаулық сақтау саласы республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып саналады.

(ҚР ішкі істер органдарының медиаорталығы).

Сөз тазалығы

Сөз тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу. Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас кейбір жерлері кездеседі. Тілдің мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан, сөздің тазалығына ерекше мән беріледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 31 беті

Тіл тазалығы – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, ес- кірген сөздерге жоламау, жергілікті сөздерден қашу (А.Байтұрсынұлы). Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу (М.Балақаев). **Ескерту.** Әдеби тілімізде өзге тілдерден енген сөздер бар. Мысалы: республика, диктатура, формула (латын); грамматика, геометрия, физика, экономика, телефон, опера, симфония, газет (көне грек, рим); чемпион, руль, рельс, клуб, вокзал (ағылшын); бюро, депо, пар- тизан, метр, кабинет (француз); офицер, штаб, матрас (неміс) т.б.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Тапсырма 1. Сұрақтарға жауап беріндер. Жауаптарыңды салыстырып, өз нұсқаларыңды дәлелдендер.

1. Халық денсаулығына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалай әсер етеді?
2. «Мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті» деген ұстаныммен келісесіңдер ме?

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

1. Адам өмірі неге құнды?
2. Оны қорғау кімнің міндеті?
3. Сөз тазалығы деген не?
4. «Адам өмірін қорғау – менің көзқарасым» 5–6 сөйлемнен тұратын шағын пікір немесе эссе

№ 15 сабақ

5.1. Тақырып: Адамның денсаулығы- қоғам байлығы. Тіркестердің мағыналық байланысы.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылар денсаулық пен қоғам арасындағы байланыс жайлы ой түйеді. Сөз тіркестері мен олардың мағыналық байланысын ажырата алады, ойды нақты, сауатты жеткізе біледі.

5.3. Оқу міндеттері: Денсаулық – қоғам игілігі екенін түсінеді. Сөз тіркесінің түрлерін және мағыналық байланыстарын ажыратады, тақырыпқа сай сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады. Өз ойын ауызша және жазбаша білдіре алады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Адамның денсаулығы- қоғам байлығы.
2. Тіркестердің мағыналық байланысы.

«Дені саудың — жаны сау» дейді халық даналығы. Адамның денсаулығы – әрбір тұлғаның жеке бақыты ғана емес, бүкіл қоғамның дамуы мен гүлденуінің негізі. Денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар ғана өз өміріне, отбасына, Отанына пайда әкеліп, қоғамды алға жетелей алады. Сондықтан да «Адамның денсаулығы – қоғам байлығы» деп айту өте орынды. Денсаулық – бұл тек ауру-сырқаудан аман болу емес, ол – физикалық, психикалық және әлеуметтік тұрғыдан толық әл-ауқат жағдайы. Адам денсаулығы оның өмір сүру сапасын, еңбек ету қабілетін, өмір ұзақтығын анықтайды. Қоғам үшін дені сау адамның маңызы: Әр адамның денсаулығы қоғамға тікелей әсер етеді. Еңбекке қабілетті, белсенді азаматтар экономиканың қозғаушы күші. Ал денсаулығы нашар адамдар жиі емделуге мәжбүр болады, бұл – мемлекет үшін қосымша әлеуметтік шығын, еңбек

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 32 беті

өнімділігінің төмендеуі, демографиялық мәселелердің тууы. Салауатты өмір салты — басты шарт. Денсаулықты сақтау үшін: дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, зиянды әдеттерден бас тарту (темекі, ішімдік, т.б.), ұйқы тәртібін сақтау, күйзелістен аулақ болу қажет.

Мемлекет те бұл бағытта түрлі бағдарламалар жүргізіп жатыр. Мысалы, Қазақстанда "Саламатты Қазақстан", "Дені сау ұлт" сияқты жобалар қолға алынған.

Жастар – болашақ қоғамның негізі. Жастар денсаулығына көңіл бөлу – ұлт денсаулығына қамқорлық. Бүгінгі мектеп оқушысы немесе білім алушылар ертең елге қызмет ететін маман. Егер ол біліммен қатар денсаулығын да сақтаса, нағыз пайдалы тұлғаға айналады.

Ауруды емдеме, адамды емде!

Қатардағы дәрігердің бәрі шама-шарқынша адам емдейді, білімін аяп, керенау еңбек істеген жері жоқ, бар ынтасымен қызмет етіп жүр.

Дәрігер болсаң, баяғы институтта алған біліммен рецепт жазып: «Күніне үш рет тамағыңды шай!» деп самарқау емде- ме, ізденіп, әр науқасқа еңбек сіңір, өнерлі дәрігер атан!» деген принципті қолдайды Нияз. Клиникалық медицинаның атасы Боткин не деді? «Ауруды емдеме, адамды емде!» деген жоқ па? Әр адамның организмі әрқилы, біріне қонған ем екіншісіне қонбауы да ықтимал, ендеше оған жаңа бір тәсіл тап!.. Рентген сәулесімен емдеуде Нияз медицина ғылымында бір жаңалық ашып, атаққа ие болам деп күлшынбайды. Бұл емнің өз авторы бар, ол – профессор Штокин. Нияз – сол жаңа емді іске асырушы ғана...

(З.Шашкиннің «Доктор Дарқанов» романынан).

Тіркестердің мағыналық байланысы.

Өзара байланысы айқын емес тіркестер білдірейін деген ой-пікірді түсініксіз етеді. Тіркестер мағыналық және синтаксистік байланысқа түспесе, ой жұтандығын да аңғартады. Мысалы, көргенді шығарма, тиянақты табыс, үрдіс келбет сияқты тіркестер тіліміздің көркін кел- тіріп тұрмағаны белгілі. Бұл сөздерді еріксіз тіркестіргенмен, олардың арасында жатықтық, мағыналық үйлесімділік жоқ. Бұндай қолданыс синтаксистік нормадан ауытқу болып саналады.

Сөздердің мағыналық байланыста айтылып, өзара тіркесе алу қабілеттілігі – олардың ең басты грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің белгілерін, яғни құрамында кемінде толық мағыналы екі сөздің болуы, өзара сабақтаса (бағыныңқы, басыңқы сыңар) мағыналық, синтаксистік байланыста айтылуы – осыған дәлел. Мысалы, момын су, үркек тауық деп байланыстыру мүмкін емес, дұрысы – момын адам, үркек мал.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс– студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі. Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Бақылау: бағыт беру.

1. Сөз тіркестері дегеніміз не?
2. Тіркестердің қандай мағыналық байланыс түрлерін білесіз?
3. Адам денсаулығы не үшін маңызды?
4. Денсаулыққа байланысты 1 абзац пікір жазу («Денсаулық – қоғамға қосқан үлес») немесе мақал- мәтел жаттау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 33 беті

№ 16 сабақ

5.1. Тақырып: Қоршаған орта мен спорттың адам өміріне әсері.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушылар қоршаған орта мен спорттың адам денсаулығына ықпалын түсінеді. Тақырыпқа байланысты тірек сөздер мен сөз тіркестері арқылы сөйлем құрайды, сауатты, таза әдеби тілмен өз ойын жеткізуді үйренеді

5.3. Оқу міндеттері: Қоршаған ортаның және спорттың адам өміріне әсерін сипаттайды Ойды жүйелі түрде жеткізеді, тақырыпқа байланысты сөздермен сөйлем құра алады, пікірін дәлелдейді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Қоршаған орта мен спорттың адам өміріне әсері.

Адамның денсаулығына оны қоршаған табиғи ортаның әсері зор. Дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауызсудың, тағамның таза болуының маңызы ерекше. Қоршаған ортаның бұзылуы адам денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Денсаулығы мықты болуы үшін, адам саламатты өмір сүру салтын ұстануы керек. Темекі тарту, ішімдікті пайдалану, дұрыс тамақтанбау, кей жағдайда мүлде қимыл-қозғалыссыз болудан да денсаулық бұзылады.

Денсаулыққа жағымды әсер ететін бірнеше фактор бар:

Бұлшық ет қимылдарының белсенділігі. Адамның бар- лық тіршілік әрекеті түрлі қимыл-қозғалыстар жиынтығынан тұрады. Қозғалыс – тіршілік тірегі. Спортпен айналысып, дене шынықтыру жаттығуларын жасайтын адамның жұмыс істеу қабілеті жоғары болады. Спорт адамның түрлі ауруға қарсы тұруына көмектеседі: тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартып, жүрек бұлшық еттерін шынықтырады, зат алмасудың қалыпты жүруін қамтамасыз етеді.

Еңбек пен демалысты дұрыс ұйымдастыру. Адам өмірінде еңбек басты орын алады. Еңбек ету арқылы адам өзіне қажетті жағдайларды жасайды. Бірақ шектен тыс еңбек ету ағзаның қажуына әкеп соқтырады. Сондықтан да еңбек ету мен демалысты дұрыс үйлестіре білу қажет. Бұл – адам ағзасындағы барлық мүшелердің жұмысын жақсартады.

Дұрыс тамақтана білу. Дұрыс тамақтанудың нәтижесінде асқорыту мүшелерінің жұмысы жақсарады, зат алмасу процестері қалыпты жүреді. Адамның ұзақ өмір сүруіне дұрыс тамақтанудың да әсері бар. Көбіне көкөніс, жеміс-жидектерді пайдалану, тамақтану ережелерін мұқият сақтау, майлы тағамдарды шектеп пайдалануды естен шығармау қажет. Дұрыс тамақтану адамның дене салмағын бірқалыпты ұстайды. Артық салмақ аурудың пайда болуына әкеп соқтырады.

Әрбір адам өз денсаулығына қамқорлық жасап, үнемі көңіл бөліп отыруы тиіс. Ұзақ өмір сүрудің негізгі шартының денсаулықты сақтау мен нығайту екенін естен шығармауы- мыз керек.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының шешімімен 7 сәуір «Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күні» деп белгіленген. Біздің елімізде де адамдардың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінуде.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топтар

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 34 беті

топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Бақылау: сұрақ жауап

Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңмен бөлісіндер.

1.«Спорт көңіл күйді көтеріп, өз-өзінді көңілді сезінуге көмектеседі» деген пікірмен келісесіңдер ме?

2. Күйзелісті жоюға әсер ететін қарапайым жаттығулар бар екенін білесіңдер ме?

№ 17 сабақ

5.1. Тақырып: Адам өмірі және қоршаған орта. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі. Көркем әдебиет стилі.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Максаты: адам өмірі мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіру. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібін дұрыс қолдануға үйрету, көркем әдебиет стилін ажырату, көркем сөздерді талдау.

5.3. Оқу міндеттері: Адам мен қоршаған орта арасындағы байланысты сипаттай алады. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, дұрыс сөйлем құрайды. Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін танып, көркем тілмен сөйлеуге ұмтылады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Адам өмірі және қоршаған орта.
2. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.
3. Көркем әдебиет стилі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Жаңа сабақты түсіндіру:

Адам өмірі және қоршаған орта

Адам табиғаттың ажырамас бір бөлшегі. Біз күнделікті өмірімізде ауадан тыныстаймыз, судан ішеміз, табиғат берген азықпен қоректенеміз. Яғни, қоршаған орта — біздің өміріміздің негізі. Сондықтан да **табиғатты қорғау – адамзаттың өмірін сақтау** деген сөз. Өкінішке қарай, соңғы жылдары табиғатқа деген адам әрекеті жиі зиян келтіріп, қоршаған ортаның ластануына алып келуде. Адам баласы табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді. Орман, өзен, тау, жер, ауа — бәрі біздің денсаулығымызға, өмір сапамызға тікелей әсер етеді. Егер қоршаған орта ластанса, адам да түрлі ауруларға шалдығады. Мысалы, ауаның ластануы тыныс жолы ауруларына, судың ластануы ішек инфекцияларына, топырақтың бұзылуы азық-түлік сапасының төмендеуіне әкеледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 35 беті

Қоршаған ортаға адам әсері: бүгінгі таңда адамзат өз әрекеті арқылы табиғатқа көп зиян келтіріп отыр: зауыттар мен көліктер шығаратын улы газдар, пластик қалдықтар, орманның оталуы, жердің шектен тыс игерілуі, су ресурстарының ластануы.

Бұл әрекеттер климаттың өзгеруіне, жануарлар мен өсімдіктердің жойылуына, табиғи апаттардың көбеюіне себеп болуда. Таза ауа, таза су, құнарлы жер – бұл ұлттың денсаулығы мен болашағы үшін қажет нәрселер. Сондықтан да әр ел экологиялық саясатты күшейтіп, табиғат ресурстарын үнемдеп пайдалануға көшуі тиіс. Қазақстанда да экологияны қорғау үшін "Жасыл Қазақстан", "Экологиялық кодекс" сияқты бастамалар қабылдануда.

Адамның жеке жауапкершілігі: қоршаған ортаны қорғау тек мемлекет пен ұйымдардың емес, әрбір адамның міндеті. Мысалы: Қоқысты сұрыптап тастау, Табиғи ресурстарды үнемдеу (суды, электрді), Ағаш отырғызу,

Табиғатты ластамау – осының бәрі қарапайым, бірақ пайдалы істер.

Егер әрбір адам табиғатқа құрметпен қараса, болашақ ұрпаққа таза әлем қалдыра аламыз. Адам өмірі мен қоршаған орта — бір-біріне тәуелді. Табиғатты аялау – бұл өз өмірімізді, болашағымызды сақтау деген сөз. Егер біз табиғатқа қамқор болсақ, ол да бізге мейірімін төгеді. Таза табиғат – денсаулық, байлық, өмір.

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі дегеніміз – синтаксистік бірлік- тердің дұрыс қолданылуы. Синтаксистік норма сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің сақталуын талап етеді. Сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуы – баяндауыштың сөйлем соңында келуі, пысықтауыштың баяндауыштың алдында келуі, анықтауыштың өзі анықтайтын сөздің алдында келуі және т.б.

Мысалы: Ұзын мүйізді көршінің қызыл сиыры жайылып жүр. Мұнда ұзын мүйізді деген анықтауыш өз орнында тұрмай, сөйлемнің басына шығып кеткендіктен, «ұзын мүйізді көрші» болып тұр. Дұрысы – көршінің ұзын мүйізді қызыл сиыры жайылып жүр. Тағы бір мысал: көп тараған қазақтың халық музыкасынан концерт береміз деу дұрыс емес; дұрысы – қазақтың жұртқа көп тараған халық музыкасынан концерт береміз.

Көркем әдебиет стилі.

Қолданылатын орны	Қарым-қатынас мақсаты	Стильдік сипаттары	Тілдік амал-тәсілдері
Көркем шығармаларда – жазбаша; көпшілік алдын- да, сахнада айтылатын әңгіме, аңыз т.б. жанрлар- да – ауызша	Шындықты, ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстарды бейнелеу арқылы оқырман сезімі- не әсер ету	Сөз образды түрде қолданылады, эмоционалды- экспрессивті болады	Сөздерді әртүрлі ауыспалы мағынада қолдану жиі ұшырасады

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Мәтіндегі сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің және сөз тіркестерінің мағыналық байланысының сақталмау себептерін түсіндіріп, түзетіп жазындар.

Халық денсаулығының нашарлауы және демографиялық көрсеткіштердің төмендеуіне әсер ететін себептердің негізгісінің ішінде климаттық, әлеуметтік, экономикалық ахуалдармен қатар, экологиялық қолайсыздықтар да ерекше орын алады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 36 беті

Қазіргі кезде жер шарының көптеген аймақтарында та- биғатты бүлдіріп, адамның өмір сүруіне төндіретін қауіп зиянды әрекеттер көбейді. Жер үстінде экологиялық тұтас апат аймақтары пайда болды.

Өндірісті ірі қалаларда, техногендік елді қоныстарда қоршаған орта қатты ластануда. Осы қоршаған бүлінген ортада адам ағзасына залалды заттар молайды. Кеселді мұндай зат- тар адам өміріне қауіп төндіреді.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6.Бақылау. сұрақ жауап

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адам мен табиғат тақырыбында көркем сөйлем құрастыру

2.Көркем әдебиеттен 3 сөйлем теріп, сөйлем мүшелерінің орнын талдау

№ 18 сабақ

5.1.Тақырып: Спорттың адам өміріне пайдасы. Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі.

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Спорттың денсаулыққа пайдасын сипаттайды. Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орын тәртібін сақтай отырып сөйлем құрастырады. Сауатты, жүйелі жазуға және сөйлеуге дағдыланады.

5.3. Оқу міндеттері: Спорт туралы ақпаратты түсінеді. Мәтіндегі сөйлемдердің құрылымына талдау жасай алады. Сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуын сақтап жазады, тақырып бойынша өз ойын дәлелді жеткізеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Спорттың адам өміріне пайдасы.

2. Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі.

Адам денсаулығы – баға жетпес байлық. Ал сол байлықты сақтаудың және нығайтудың ең тиімді жолдарының бірі – спортпен шұғылдану. Қазіргі таңда спорт тек кәсіби деңгейде ғана емес, күнделікті өмір салтына айналуы тиіс. Себебі спорт – денсаулық кепілі ғана емес, адамның рухани, психологиялық және әлеуметтік дамуына да зор үлес қосады.

Спорттың физикалық пайдасы:

Дене қуатын арттырады – спортпен айналысқан адамның бұлшық еттері нығайып, қозғалысы ширақ болады.

Иммунитетті күшейтеді – спорт ағзаның түрлі ауруларға қарсы тұру қабілетін арттырады.

Жүрек пен қан айналымын жақсартады – тұрақты жаттығу жүрек-қан тамырлары жүйесін нығайтады.

Семіздіктің алдын алады – спорт артық салмақтан арылуға, артық май жиналуын болдырмауға көмектеседі.

Спорттың психологиялық және рухани әсері.

Күйзелісті азайтады – дене белсенділігі миға эндорфин (қуаныш гормоны) бөлуге себеп болады, бұл адамның көңіл-күйін жақсартады.

Сабыр мен тәртіпке баулиды – спортпен айналысқан адамда ерік-жігер, өзін-өзі бақылау, мақсатқа жету қасиеттері қалыптасады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 37 беті

Өз-өзіне сенімділік береді – дене мүсіні жақсарған сайын адам өзіне сенімді бола түседі.

Қоғамдық және әлеуметтік маңызы: Спорт – адамдарды біріктіретін күш. Командалық ойындар достықты, ынтымақты арттырады. Қоғамда салауатты өмір салтын насихаттау жастарды зиянды әдеттерден (темекі, ішімдік, есірткі) алшақтатады. Спорттық жетістіктер – ел абыройының көрсеткіші. Қазақстандық спортшылардың әлемдік аренадағы жеңістері – ел мақтанышы. Спорт – тек дене шынықтыру емес, ол – тәрбие, мәдениет, өмір салты. Әрбір адам спортпен айналысу арқылы өзінің денсаулығын нығайтып қана қоймай, ел болашағына да үлес қосады. Сондықтан «Салауатты өмір – жарқын болашақтың кепілі» деп айтуға толық негіз бар. Күнделікті 30 минуттық жүру немесе жеңіл жаттығу жүрек ауруларын 40% төмендетеді. Спортпен айналысатын жастардың үлгерімі мен көңіл-күйі жоғары болады. Қазақстанда «Дене шынықтыру мен спорт туралы» заң бар, және «Салауатты Қазақстан» ұлттық бағдарламасы іске асуда.

Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі

Қазақ тілінің синтаксистік мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, әртүрлі ойға сәйкес етіп алуан түрлі сөйлемдер құрай білу тіл шеберлігін қа-жет етеді. Адамның басқаға хабарлайтын пікірі жеке сөздермен шектелмей, ұласа айтылған сөйлемдер қатарымен тиянақталып тұрады. Сондықтан сөйлемдер арасы өзара дұрыс құрылуы тиіс. Сонда ғана тыңдарман не оқырман сөйлеушінің не жазушының ойын түсініп, не айтпақ болғанын ұғады.

Қате қолданысы

Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Қазақ халқы ерте кезден бала тәрбиесіне, баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған.

Дұрысы

Қазақ халқы ерте кезден бала тәрбиесіне, баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптық жұмыс.

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған.

Бейінді пәндермен кәсіби-бағдарланған қазақ тілінің байланысын айтып беріңіздер.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Тапсырма 1. Синтаксистік норманы сақтай отырып, мәтінді редакцияландар. Сөйлемдердің орындарын ауыстырып жазыңдар.

Сондықтан құтқарушылар «ел қауіпсіздігі жолында тәуе- келге бел буа еңбек ету – кәсіби әрі адамдық парызымыз» деп санайды.

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері:

– Тамыр соғысын тексеріп едім, соғып тұр екен. Содан тез далаға алып шықтым. Өкпесін сүзгілеп, түтінді шығардым. Осы әрекеттерді 7–8 минуттай жасадым. Бір уақытта әлгі адамның тыныс алуы қалпына келді.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 15 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 38 беті

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОКМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадилава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадилаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадилаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбаев [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілепов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау.

1. «Өз өміріңді сақтау – өзіңе деген жауапкершілік» тақырыбында дискуссивті эссе жазыңдар.

№2 Аралық бақылау жұмысы

1. Экономикалық жаһандану.
2. Сөзжасамдық тәсілдер. Аумақтық жаһандану.
3. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі.
4. Ақпараттық- коммуникациялық жаһандану.
5. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі.
6. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері
7. Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары
8. Қоғамның байлығы – адам.
9. Адам өмірін қорғау – басты міндет.
10. Сөз тазалығы.
11. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы.
12. Тіркестердің мағыналық байланысы.
13. Қоршаған орта мен спорттың адам өміріне әсері.
14. Адам өмірі және қоршаған орта.
15. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.
16. Көркем әдебиет стилі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 39 беті

17.Спорттың адам өміріне пайдасы.

18.Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі.

II семестр

№ 1 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақстан сәулет өнерінің дамуы.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақстандағы сәулет өнерінің ерекшеліктерін таниды. Көркем және ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды, тақырып бойынша сөздік қорын молайтып, ойды жүйелі жеткізеді. Қазақ тіліндегі сөйлем құрылымдарын, стильдік ерекшеліктерді қолданады.

5.3. Оқу міндеттері: Қазақ сәулет өнерінің дамуына үлес қосқан ескерткіштер мен заманауи құрылыстарды сипаттай алады, мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көлемі шағын сөйлеу/жазу жұмысын орындай алады. Мәдени құндылыққа құрметпен қарайды.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақстан сәулет өнерінің дамуы.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Сәулет өнері және оның зерттелуі

«Архитектор» терминіне «ғалым-құрылысшы», «суретші-құрылысшы» деген анықтама береді. Сәулет өнерінің мақсаты – адам өмірі мен қызметін материалдық құрылыс арқылы ұйымдастыру.

Өзінің атқаратын қызметіне қарай архитектура негізі үш түрге бөлінеді: көлемдік ғимараттар құрылысының архитектурасы (тұрғын үй, театр, мектеп, дүкен); қаланы көріктендіру немесе жасыл-желек архитектурасы (саябақ, фонтандар); қала құрылысының архитектурасы, яғни қала салу өнері (жаңа қалалар салу, ескі аудандарды жаңарту). Ғасырдан ғасырға мұра болып келген сәулет өнерінің туындылары сәулеттік ескерткіштер қатарына жатады. Ондай ескерткіштер өз дәуірінің құрылыс салу тәсіліне сай бітім-пішіні бар белгілі үлгімен салынады. Дүниежүзі халықтарының архитектурасындағы мұндай ерекшелік оның қоғамдық даму сатысына, тұрмыс-салты мен мәдени өркендеуіне, ұлттық дәстүріне, табиғаты мен ауа райына, сондай-ақ жергілікті құрылыс материалына байланысты болады. Құрылыс – жер шарындағы ең ежелгі өнердің бірі. Адам өзінің бірінші үйін ежелгі тас дәуірінің палеолит кезеңінің басында тұрғызған. Алғашында түнемелікке қалың шөптесінді немесе қалқалау жерді тандаған, содан кейін күрке, лашық сала бастады. Қазірдің өзінде өте ежелгі құрылымдар, баспана-жайлар кейбір жерлерде сақталған.

Алғашқы өркениет пайда болғанға дейін адамдар осындай құрылыстарда тұрып келген. Кейіннен қалалар салынып, әртүрлі құрылыс жүргізілсе де, сол күркелер мен лашықтар әлі де өз қызметін жалғастырып келе жатыр.

(«Сәулеттік материалтану» жинағынан).

5.5.Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 40 беті

Тапсырма 1. Ежелгі және заманауи ғимараттарды салыстырындар. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазындар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.6. Бақылау: сұрақ жауап

1. Қазақстандағы қай сәулет ескерткіші саған ерекше әсер етеді?
2. Сәулет өнері мен ұлттық болмыс арасында қандай байланыс бар?
3. Заманауи сәулет нысандарының мәні неде?

№ 2 сабақ

5.1. Тақырып: Киіз үй – ғажап сәулет туындысы. Дизайн өнерінің даму тарихы. Тырнақша. Жақша. Нүктелі үтір.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Киіз үйдің сәулеттік, мәдени маңызын түсінеді, дизайн өнерінің даму тарихымен қысқаша танысады. Тырнақша, жақша, нүктелі үтірді дұрыс қолданады. Тақырып бойынша сауатты, құрылымды ой білдіреді.

5.3. Оқу міндеттері: Киіз үй мен ұлттық дизайн ерекшеліктерін сипаттай алады. Тыныс белгілерін орынды қолданады, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажыратады, өз ойын сауатты жеткізеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

15.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:: жұптасып жұмыс жасау

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Киіз үй – ғажап сәулет туындысы

Киіз үй – ата-бабамыздың басты баспанасы, тек қазақ хал- қының қана емес, түркілердің және көптеген көрші елдердің киелі тұрақ-мекені болды. Ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі оның қастерлеп ұстаған, киелі тұтқан тұрағы, мекені, баспанасы, мақтанышы болған. Киіз үй – баспана ғана емес, сәулет, құрылыс, қолөнер жетістігінің тамаша үлгісі.

Киіз үй – көшіп-қонуға ең қолайлы жәдігер, біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрынғы қола дәуірінен бері белгілі. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300– 400 кг-ға жуық. Бұл салмақты бір түйе еркін көтере алады. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын және жер сілкінісіне де ыңғайлы, оңайлықпен бұзылмайды.

Киіз үйдің негізгі бөлшектері: кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық.

Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын!» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге санына қарай киіз үй 4, 6, 8, 12 қанат етіп тұрғызылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 41 беті

Шаңырақтың пішіні күмбез тәріздес, уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. «Шаңырақ» деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді «шаңырақ көтерді» дейді. Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Әр үйде көлеміне қарай 60–160-тай уық болады. Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық, ағаштан жасалады, екіншісі – киіз есік, ол киізден жасалады, сықырлауықтың сыртынан жабылады. Киіз үйді қазақ халқы қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй – қазақтың баспанасы, мүлкі, мақтанышы.

(«Шаңырақ» энциклопедиясынан).

Дизайн өнерінің даму тарихы

Дизайн – көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі – әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу.[1] 1928 ж. АҚШ-та пайда болды.

Дизайнның қалыптасуы: "Дизайнер" термині 1600 жылдарға жатады. Бұған дейін орындық жасайтын қолөнерші дизайнер де, дайындаушы да өзі болатын. 1800 жылдарға қарай фабрика жұмысшылары арнайы дизайнер әзірлеген дизайн бойынша көптеген орындықтар шығарды. Ақын және дизайнер Вильям Морис 1880 жылдары фабрика бұйымдарына қарсылығын білдірді. Ол қол өндірісіне қайта көшу үшін "Өнер және қолөнер" қозғалысын бастады. Шансорғыш сияқты алғашқы электр құралдары көрер көзге кескінсіз болды. Қазіргі уақытта біз үй құралдарының тек жақсы жұмыс істейтініне ғана емес, үй ішіне үйлесімділігіне де мән беріп жатамыз, сондықтан дизайн - қазіргі тауарларды шығарудың маңызды қасиеті.[3]

Дизайн өнері. Терминдік атауы жаңа болғанымен, оның негізі ерте замандарда-ақ қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқының қолөнер бұйымдарының (қобыз, домбыра, сандық, ожау, торсық, қару-жарақтар, сәндік әшекейлі бұйымдар, т.б.) қайталанбас түрлері этнодизайндық үлгіде жасалған. Безендіру өнерінде де дизайнның әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі кең қолданылады. Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады. ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда дизайн өнері 1960 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптасып, дами бастады.[4] 1987 ж. Қазақстан Дизайнерлер одағы құрылды. Дизайн өнері қазіргі өскелең тұрмыстық жағдайлар мен талап-сұраныстарға байланысты жаңа сипаттарға ие болуда. Жарнама, плакаттар, кітап безендіру, өндіріс бұйымдарын жасау, жиһаз бұйымдарының жаңа үлгілерін өмірге әкелу, т.б. қазіргі заманғы кәсіптердің дамып-жетілуі дизайн өнерімен тығыз байланысты. Ұлттық этнодизайн да өзіндік қолтаңбасы бар өнер ретінде заман талабына сай даму үстінде.

Дизайн түрлері: Анимациялық дизайн. Сәулет дизайны. Веб-дизайны. Графикалық дизайн. Интерьер дизайн. Киім дизайны. Ақпараттық дизайн. Ландшафтық дизайн. Баспа дизайны.

Тырнақша

Тырнақша (" «») — жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Ол бірде тырнақшаға алынған сөздің немесе сөйлемнің өзге біреудікі екендігін білдірсе, енді бірде оның өзі тура мағынасында қолданылмай, басқа бір мағынада қолданылып тұрғандығын, болмаса заттар мен нәрселердің шартты атаулары екендігін білдіреді.

Мәтін ішінде дәйексөз тырнақшаға алынады. Дәйексөз бірнеше азатжолдан құралса, әрқайсысы бөлек-бөлек тырнақшаға алынбайды. Тырнақша дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен жабылады.

Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады. Мысалы, С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Асқардың, Кенжетайдың хаттары: «Ботагөз!.. Сен берген аманатты Сағит қолыма тапсырды... Омбы, 1919 жылдың 6 қаңтары».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 42 беті

Диалог емес төл сөздер тырнақшаға алынады: «Осы өнерді қайт- сем де меңгеремін», – деп өзіме ант бердім.

Нысан етіп алынған сөздер не сөз тізбектері, әріптер тырнақшаға алынады: «Жаз шықты» деген сөйлемнің бастауышы – «жаз». Дауысты «а» – жуан дыбыс.

Ескерту. Оқулықтар мен әдістемелік құралдарда бұлар тырнақшаға алынбай, басқа шрифтпен (қою қаріп, курсив) берілуі мүмкін: Тарақ дегендегі та – ашық буын.

Мақал-мәтелдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде, тырнақшаға алынады: «Баланың ісі шала» деген – осы.

Сөйлемде авторы көрсетілмей берілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады: Қазіргі жазушылар шығармаларынан «тілге жеңіл, жүрекке жылы» сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов).

Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады: Соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «даңғой» дегендері осы арада төрт көзі түгел отыр еді (М.Әуезов). Кекету немесе ауыспалы мағынада қолданылған сөздер тырнақшаға алынады: Қоян «батыр» қорыққанынан зыта жөнелді (ертегіден).

Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады: «Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы.

Зауыт, фабрика, комбинат, шаруашылық, ұйым, мәшине, ұшақ т.б. аттары тырнақшаға алынады. Ал олардың жалпы ресми атаулары тырнақшаға алынбайды: «Азовсталь» зауыты, «Ертіс» парахо- ды, «Волга» көлігі.

Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады: «Қол ұста- ту», «шаш сипату» деген атақты ырымдар – осы (М.Әуезов).

Жақша

Жақша () — жұптанып қолданылатын тыныс белгісі. Жақшаның дөңгелек жақша [()], тік ([]), пішінді жақша ({}), сынық жақша (<>) деп аталатын түрлері бар. Олар сөзге, сөз тіркесіне немесе сөйлемге қосымша мән-мағына жүктеу, белгілі бір ойды анықтау, автордың ой-пікірін, көзқарасын аңғарта түсу үшін қолданылады. Жақша ішіндегі сөздің немесе сөйлемнің, яғни ойдың басталған жерінен ашылып, ойдың аяқталған жерінен жабылады. Оның төрт түрі де ғылымның барлық саласында дерлік қолданыла береді. Жақша жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Жақша, негізінен, мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгі. Жақшаға алынатын сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынбаған сөздермен грамматикалық байланыспайды. Жақшаға алынған сөздер мен сөз тіркестері баяндалып отырған ойды анықтай түсу үшін, кейде оның жеке мүшелерін түсіндіру үшін, оған ескерту жасау үшін, ойдың қайдан алынғандығын көрсету үшін қолданылады. Демек, жақшаға алынатын сөздер мен сөз тіркестері басы артық нәрселер емес, сөйлем ішіндегі бір ойды немесе жеке бір сөзді дәлірек түсіндіретін, аутордың белгілі бір нәрсе жайында көзқарасын аңғаратын - керекті сөздер.

Жақша мынадай орындарда қойылады:

Өзінен бұрынғы сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын айқындау мақсатында қолданылған түсіндірме мәнді қыстырма сөздер жақшаға алынады.

Сөйлемдегі бір ойдың мағынасын ашып көрсететін немесе оған аутордың көзқарасын білдіретін түсіндірме мәнді қыстырма сөйлемдер сөйлем ортасында келсе де, жақшаға алынады.

Белгілі сөздерді түсіндіру үшін оның аудармасы, синонимі, екінші бір тілдегі баламасы беріледі де, жақшаға алынады.

Алынған дәйексөз, мысал кімдікі екендігін және қайдан алғандығын көрсету үшін, соңынан жазылған кітаптың аты, ауторы т. б. жақшаға алынады.

Бір сөйлемнің ішінде әрі қыстырма сөз, әрі түсіндірме мәнді қыстырма сөйлем өзара тіркесіп келетін болса, бұлар түгелдей жақшаға алынады да, қыстырма сөз қыстырма мәнді сөйлемнен үтірмен ажыратылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 43 беті

Драммалық шығармалардағы аутордың түсініктемелері, кейіпкерлердің мінез-құлқын, қимыл-әрекетін т. б. білдіретін сөздері жақшаға алынады.

Нүктелі үтір

Нүктелі үтір (;) - жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Негізінен, жай сөйлемдердің арасына қойылады. Бұл белгіні қоюда сөйлемнің құрылысы мен мағынасы негізге алынады. Нүктелі үтірді сөйлемнің құрылысына қарай қойғанда, құрмаласқа енген жай сөйлемдер баяндауыштарының тұлғалық жағынан және жасалу жолдары жағынан сәйкестілігі, бірыңғайлығы, тепе-теңдік тиянақтылығы ескеріледі.

Мысалы: Шинель әрі тар, әрі ықшам: астына салса, үстіне жетпейді; үстіне жапса, астына салуға жетпейді; басына жастануға қалмайды; жатса, жанбасына салуға жетпейді; жата қалса, жанбасына жер батады. ("Ә және И")

Нүктелі үтірді қоюда сөйлемнің мағынасы негізге алынады дегенде, баяндауыштары біркелкі тұлғалы жай сөйлемдердің мағыналары әрі өзара жақын, әрі тәуелсіз болатындығы және оларды жеке-жеке сөйлем еткенде мағынаға нұқсан келмейтіндігі ескеріледі. Мәселен, жоғарыда келтірілген сөйлем құрамынан нүктелі үтірмен бөлінген сөйлемдерді дербес қалпында жеке-жеке қолдануға болады, және одан мағынаға нұқсан келмейді.

Нүктелі үтір мынадай жағдайларда қойылады:

Баяндауыштары тұлғалас, мағыналары теңдес, санамаланған сөйлемдер жалпылауыш мәнді сөйлемдердің мағынасын ашып тұрса, санамаланған сөйлемдердің әрқайсысы нүктелі үтірмен ажыратылады. (Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреуі қолын бұлғады; біреуі оның атын атап айқайлады; енді біреулері ерсілі-қарсылы жүгірді. Б. М.).

Баяндауыштары тұлғалас сөйлемдер бірін-бірі толықтырып тұратын болса, ондай салалас құрмалас сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады. (Кісіге біліміне қарай болыстық қылады; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады (Абай)

Мазмұны әуендес болып келетін бірыңғай сөйлемдерден соң нүктелі үтір қойылады. (Бакпен асқан патшадан мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (Абай).

Нүктелі үтір тек жай сөйлемдер арасына ғана емес, сонымен қатар мағыналары жуық, ұласа айтылған құрмалас сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады.

Жалпылауыш мәнді сөйлемнің мәнін ашып тұратын шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаластар нүктелі үтірмен ажыратылады. (Жаман дос көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың (Абай)

Бастауыштары тұлғалас, мағыналық жағынан жақын, өзара теңдес болып келетін салалас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер іштей нүктелі үтірмен ажыратылады. (Байжан студенттік шақтарының бәрін құмартқан Днепрдің жағасында өткізді; көздің жасындай мөлдір суында талай қаздай қалқып жүзді; жасыл шалғынына талай аунады; тоғайын талай кезді (С. М.).

Жалпылауыш мәнді сөйлемнің мәнін ашып көрсететін санамаланған күрделі бірыңғай мүшелер үтірдің санын көбейте бермес үшін, нүктелі үтір қойылады. (Дулаттың деңгелек құйрық, сида сирақ ақ ауыз қойын; бүйірінің жабағысы түсіп қалған таңқы құйрық Қарғалы қойын; жағының жүні үрпиіп тұратын меринос қойын; сирағы қысқа, жүні тығыз, сүйегі шағын қазақтың биязы жүнді меринос қойын; Александр Антонович көріп: - Колхозыңыз қойдың талай тұқымын жиған-ақ екен! - деді

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

1. Публицистикалық шығармаға қойылатын талаптарды атаңыз.
2. Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелігі мәтінін оқып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 5 минут.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 44 беті

Сабақты қорытындылау: 5 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.6. Бақылау: сұрақ жауап

1. Киіз үйдің есігі не деп аталады?
2. Шаңырақты жабатын киіз қалай аталады?
3. Ең бірінші киіз үйдің несі құрылады?
4. Керегені жабатын киіз қалай аталады?
5. Уықты жабатын киіз не деп аталады?
6. Киіз үйдің ағаш сүйегіне нелер жатады?
7. Киіз үйдің киіз жабдығының атауларын білесің бе?
8. Шаңырақ пен керегені бекітетін ағаш қалай аталады?
10. Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңбері қалай аталады?

№ 3 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақтың танымал сәулетшілері. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақтың көрнекті сәулетшілерін таниды. Ғылыми стильдің ерекшеліктерін ажыратады, мәтіндегі сөз бедерін (лексикасын) талдайды, тақырып аясында ғылыми тілмен ойын жаза/айта біледі қатынас қағаздары туралы түсінік беру, жазылу жолдарын ұғындыру, стиль түрлерінен ажырата білуді үйрету.

5.3. Оқу міндеттері : Сәулет өнеріндегі қазақ тұлғаларын атай алады. Ғылыми әдебиет стилінің тілдік белгілерін сипаттайды. Ғылыми мәтіннен негізгі ой мен кәсіби сөздерді таба біледі, өз ойын ғылыми тілмен жазып жеткізе алады

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақтың танымал сәулетшілері.
2. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Қазақтың танымал сәулетшілері

Бүгінде қазақ сахарасы әлемнің үздік сәулетшілерімен қатар, отандық сәулет өнері шеберлерінің керемет идеяларын іске асыратын құт мекенге айналды. Сарыарқа төрінде ХХІ ға- сырдың ең сұлу шаһары жыл санап емес, ай, тіпті күн санап өсіп келеді. Елба сы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясын жүзеге асыруға Кисе Куросава, Норман Фостер бастаған заманауи сәулетшілер Ұлы Далаға ат басын бұруда. Отандық сәулетші- лер де бай тарихымызды паш ететін, ұлттық нақыштағы әсем ғимараттар мен ескерткіштерді көз алдымызға алып келді. Ақмырза Рүстембеков, Сағындық Жанболатов, Шоқан Матайбеков бастаған бір топ сәулетшілер сіз бен біздің ойда жүр- ген бар арманымызды, сан қатпарлы қиялымыздағы бейнені қыруар еңбекпен жүзеге асырды. Осы жылдар ішінде Азиада мен Универсиадаға арналған әлемдік деңгейдегі спорт кешен- дері

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 45 беті

бой көтерді. «ЭКСПО-2017» қалашығы құрылыс техно-логиясының жаңа стандарттарымен салынды.

Елордамыз туралы айтқанда, бәріміздің жадымызға, ең алдымен, «Бәйтерек» оралары сөзсіз. Бастапқыда елорда символына әлемнің ондаған сәулетшілерінен қос-қостап көздің жауын алар неше түрлі нұсқалар келіп түскен. Бірақ сәулетші Ақмырза Рүстембековтің тамыры терең тарихы-мызды бойына сіңірген «Бәйтерегі» озып шықты. Мону-мент аз ғана уақыттың ішінде Есілдің сол жағасынан бой көтерді.

Еуразияның кіндігінде, кең-байтақ жазиралы далада Мәңгілік Елді ұран еткен Ұлы даланың ұландары мекен етеді. Әлбетте, қазақтың асқақ абыройын бұдан да асыл сөздермен биіктете аламыз. Алайда «Мәңгілік Ел» салтанат аркасы мұны сөзбен емес, сәулетімен жеткізіп тұр. Сәулетші Сағындық Жанболатовтың төл туындысы жасампаз қазақ елінің бар рухын, болмыс-бітімін әрбір кірпішімен, құйылған қола мүсінімен айбарлап тұр.



Шоқан Матайбеков – елге белгілі сәулетшілердің бірі. 2005–2007 жылдар аралығында астананың бас сәулетшісі болған. Министрліктер үйінен бастап, «Шабыт» шығармашылық сарайына дейін он шақты ғимараттың авторы. Әсіресе хай-тек стиліндегі «Солтүстік шұғыласы» тұрғын үй кешені оның өз саласының шебері екенін дәлелдейді. Ақша бұлтпен бас түйістіріп, мың бұралған 3 зәулім үйдің ең биігі 44 қа-батты.

Қазақтың үздік сәулетші-лерінің көшбасын Сұлтан Бай-мағамбетов бастаған десек, артық айтпағанымыз. Өзінің 74 жылдық ғұмырын оңтүстік астананың көркеюіне жұмсаған Сұлтан Қабиұлы «Ақсай», «Орбита», «Айнабұлақ» секілді ықшамаудандарды, Абылай хан мен Жамбылдың ескерткіштерін, Алматының орталық мешітін салуға үлесін қосты. Сондай-ақ Алатау бөктеріндегі әсем шаһардың әуе қақпасын тұрғызуға аянбай тер төкті.

(А.Бектің «Сәулет салтанат құрғанда» мақаласынан)



Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 46 беті

Қазақ тілінің бай, көркем және жан-жақты қолданылатын салаларының бірі – **ғылыми стиль**. Бұл стиль ғылыми шығармаларда, оқулықтарда, мақалаларда, баяндама мен диссертацияларда қолданылады. Ғылыми әдебиет тілі – нақты, жүйелі, дәлелді, логикалық құрылымға ие тіл. Ондағы **сөз бедері** – яғни сөзді таңдаудағы дәлдік, ұқыптылық, мағына тереңдігі – ғылыми мазмұнның анық әрі түсінікті жеткізілуіне тікелей әсер етеді.

Сөз бедері – сөздің ғылыми мәтінде қандай реңкте, қандай дәлдікпен, қандай стильдік мәнмен қолданылып тұрғанын білдіреді. Ғылыми әдебиетте сөздер қарапайым ауызекі тілдегідей емес, тек мағыналық дәлдікпен, бейтарап реңкпен, стильдік жүкпен қолданылады.

Ғылыми стильдің басты белгілері: Нақтылық пен дәлдік – пікір мен тұжырым нақты фактілерге, дәлелдерге сүйенеді.

Объективтілік – автор жеке көзқарасынан гөрі, зерттеу нәтижелеріне сүйенеді.

Логикалық құрылым – ой белгілі бір жүйеге бағынады: кіріспе → дәлелдеу → қорытынды.

Сөздің терминдік мәні – бір сөз бір ғана нақты ұғымды білдіруі тиіс.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. «Ойна, ойла». Аралас әріптермен жазылған сөздерді ұяшыққа дұрыс орналастырып, сәулет өнеріне қатысты сөздерді табындар.

ктуартерохи

тебәрейк

құлысыр

тимағар

напасаб

номменут

леусәшіт

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.6. Бақылау: сұрақ жауап

1. Қазақтың танымал сәулетшілері кімдер?
2. Сәулет өнерінің ғылыми әдебиет тіліндегі ерекшеліктері қандай?
3. Сәулетшінің еңбегінде қандай терминдер жиі қолданылады?
4. Қазақтың сәулет өнерінің қазіргі дамуы қандай бағытта жүріп жатыр?
5. Сәулетшілердің еңбектері Қазақстанның мәдени мұрасын қалай сақтауға көмектеседі?
6. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері мен стилінің ерекшеліктері неде?

№4 сабақ

5.1. Тақырып: Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. Тіл – тарихтың айнасы. Әліпби. Ғылыми стиль.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт ұғымдарының мәнін түсіну. Тілдің тарихи құндылығы мен айна ретіндегі қызметін тану, әліпбидің ұлт тарихындағы рөлін ашу, ғылыми стильдің негізгі белгілерін ажырату және қолдану, ойды жүйелі және ғылыми тілмен жеткізе білу.

5.3. Оқу міндеттері : білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 47 беті

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт.
2. Тіл – тарихтың айнасы.
3. Әліпби.
4. Ғылыми стиль.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт

Әр ұлттың тарихы – сол халықтың ғасырлар бойғы өмір сүру жолы, басынан кешкен қилы кезеңдері мен ұрпақ сабақтастығының айғағы. Тарих тек оқиғалар тізбегі ғана емес, **кеңістік пен уақытпен тығыз байланысты** күрделі үрдіс. Кеңістік – халықтың өмір сүрген жері, өркен жайған өлкесі болса, уақыт – сол кеңістіктегі ұрпақтардың тарих сахнасындағы ізі. Қазақ халқы үшін кеңістік – ұлан-байтақ дала, уақыт – мыңжылдықтар қойнауындағы ұлы жол.

Қазақ халқының тарихы Ұлы дала кеңістігінде қалыптасты. Осы кеңістікте:

көне сак, ғұн, түркі тайпалары өмір сүріп, орта ғасырлық мәдени ошақтар (Тараз, Отырар, Сайрам), Қазақ хандығының іргетасы қаланды.

Кеңістік – бұл тек географиялық ұғым емес, сонымен қатар рухани мекен, ата-баба қаны тамған қасиетті жер. Қазақ үшін Жер – тек тіршілік ететін орта емес, ол – туған ел, Отан, киелі мекен. Жер үшін болған күрес – ұлттың тағдырымен байланысты.

Уақыт – ұлттың тарихын тереңдете түсетін өлшем. Халық жадында сақталған:

көне дәуірлер шежіресі, жоңғар шапқыншылығы, отарлық кезең.

Қазақ халқы қилы замандарда басынан түрлі кезеңдерді өткізді. Бірақ тарихи жады, рухы, тілі мен дәстүрі үзілмей, әр кезең ұрпақ санасында сақталып отырды. Бұл – уақыттың ұлтқа қалдырған ізі. Кеңістік пен уақыт — ұлттың тұтастығын қалыптастырады

Уақыт пен кеңістік бірігіп, ұлттық бірегейлікті, тарихи сананы, мәдени мұраны қалыптастырады. Мысалы:

Түркістан – қазақ хандары жерленген рухани астана;

Алтай мен Каспий арасы – тарихи мекен;

1991 жыл – тәуелсіздік алған тарихи уақыт нүктесі.

Ұлттық идеяның түп-тамыры – осы кеңістіктегі және уақыттағы ортақ тағдырда жатыр. Ұлт тек қазіргімен емес, өткен тарихымен де өмір сүреді.

Ұлттың тарихын кеңістік пен уақыттан бөліп қарауға болмайды. Олар бір-бірімен тығыз байланыста, ұлттың өткенін, бүгінін және болашағын өрнектейді. Қазақ халқы өзінің кең байтақ жерінде мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Сол кеңістік пен уақыттағы тарихи сабақтастық – біздің рухани байлығымыздың, ұлттық бірлігіміздің негізі. Сондықтан ұлт тарихын білу – ұлтты сүюдің белгісі, ал оны сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Тіл – тарихтың айнасы

Тіл – ұлттың жаны, рухы, болмысы. Адамзат тарихында тілдің алатын орны ерекше, өйткені әр халықтың өткені мен болашағы, мәдениеті мен салт-дәстүрі тіл арқылы беріледі. Сондықтан «Тіл – тарихтың айнасы» деу – өте орынды. Тіл арқылы біз өткен замандардың ізімен жүріп, ата-бабаларымыздың ойлау жүйесін, дүниетанымын, өмір салтын танимыз. Тіл – халықтың жады, рухани қазынасы. Әрбір сөз, әрбір тұрақты тіркес, мақал-мәтелдер –

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 48 беті

халқымыздың ғасырлар бойғы тәжірибесі мен дүниетанымының көрінісі.

Мысалы: «Ел – ырыстың кіндігі»,

«Жер дауы – ел дауы» сияқты сөздерден біз бұрынғы қазақ қоғамының жерге, елге, бірлікке деген көзқарасын танимыз. Көне түркі жазбаларынан (Орхон-Енисей ескерткіштері) бастап бүгінгі әдеби қазақ тіліне дейінгі аралық – халқымыздың тарихи дамуын, өркениет жолын көрсететін айна.

Тіл тек мәдениетті ғана емес, тарихи оқиғаларды да өз бойына сіңіреді:

Жоңғар шапқыншылығы кезеңінен қалған «ақтабан шұбырынды» сияқты тіркестер;

Кеңестік дәуірдегі саяси терминдер (партия, колхоз, совхоз);

Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан жаңа ұғымдар (мемлекеттік рәміздер, Елбасы, Тәуелсіздік).

Мұның бәрі – тіл арқылы ұлттың басынан кешкен тарихи кезеңдерінің тікелей куәсі екенін көрсетеді. Тарих атадан балаға тіл арқылы беріледі. Егер халықтың тілі жойылса – тарихы мен ұлттық болмысы да өшеді.

Тіл арқылы: жырлар, шежірелер, аңыз-ертегілер, батырлар жыры, тарихи дастандар, салт-дәстүр, наным-сенімдер ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың тарихи жады мен рухани байланысын сақтап тұратын тірек. «Тіл – тарихтың айнасы» деген сөз – жай ғана ауызекі тіркес емес, ол – терең мәні бар тұжырым. Өз тіліне құрметпен қараған халық қана өткенін ұмытпай, болашағын дұрыс жасай алады. Қазақ тілі – халқымыздың сан ғасырлық тарихының, рухани мұрасының шынайы көрінісі. Тілді қорғау – тарихты қорғау, тілді дамыту – ұлтты дамыту.

Әліпби

Әліпби – жазуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы. Әріптердің рет тәртібін де білдіреді. Ұғымды белгілейтін идеограмма жазудан, сөзді бейнелейтін логограмма жазудан әліпбилік жазудың жүйесі мүлде бөлек.

Жазудың әліпбилік үлгісін, яғни таңбаның бір ғана дыбысқа (фонемаға) сәйкес келуін біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңыншы жылдардың ортасында семит халықтары ойлап тапқан. Семит тілдерімен туыстас көлбеу сызықты (курсив) арамей (көне семит тілі) әліпбиі Таяу және Орта Шығыс елдерінің бәріне дерлік тарады. Біздің заманымыздан бұрынғы 6 – 4 ғасырларда Кіші Азиядан Үндістанға дейінгі билік құрған Ахемен әулеті билеген парсы мемлекетінде қолданылған парсы-арамей жазуы (парфян, соғды, хорезм жазуларына негіз болған), еврейлердің шаршы жазуы, сирия-арамей жазуы (манихей, несториан, яковит жазуларына негіз болған), жол асты, жол үсті дәйекшелерімен толықтырылған араб жазуы, т.б. арамей жазуының жергілікті тармақтарына жатады. Түзу сызықты финикий әліпбиі бастапқы түрінде Кіші Азия, Грекия, Италия, т.б. елдерде қолданылды.

Ал көне грек әліпбиі бірнеше тілдердің жазу-сызуына негіз болды. Византия жазуы, копт (христиан мысырлықтар), гот, славян жазулары көне грек әліпбиінің Шығыс тармақтарына жатады. Ал италий, этрус, көне герман сына жазуы, т.б. батыс грек әліпбиінің тармақтары болып саналады. Бұлардың ішінде этрус әліпбиі латын әліпбиіне негіз болған. 8 – 13 ғасырларда Орталық Азиядағы түркілердің арамей-сирия тармағынан тараған несториан, манихей жазуларымен жазған жазба ескерткіштері болды. Сондай-ақ парсы-арамей тармағына жататын соғды әліпбиі Шығыс Түркістанда кеңінен қолданылған көне ұйғыр әліпбиіне негіз болған. Ал көне ұйғыр әліпбиі негізінде 13 ғасырдан кейін тұңғыс-манжұр жазулары қалыптасты. Түркі халықтарының әлемге әйгілі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің әліпбиіне соғды жазуы негіз болған деген де пікір бар. Ал орыс шығыстанушысы Николай Аристов түркі әліпбиін ешбір бөгде әліпбидің ықпалынсыз, түркі таңбалары негізінде туған төл жазу деп санайды. Жазу-сызу мен сауаттылық дінмен тығыз байланысты болды. Арамей жазуы зороастрашылдық, сирия-арамей жазулары яковит, несториан (христиан секталары), манихей діндерімен байланыста тарады. Араб әліпбиі мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің кеңінен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 49 беті

таралуына байланысты көптеген түркі халықтарының жазу-сызуына негіз болды. Қазақ жазба мұраларының көпшілігі араб әліпбиі арқылы біздің заманымызға жетті. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш реформа жасады. Ол қазақ жазуы тарихында «жаңа емле» (төте жазу) деп аталып, халықты сауаттандыруда ірі бетбұрыс жасады. Әліпби 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды. 20 ғасырдың 20-жылдары аяғында әліпбиді ауыстыру жайлы түркі, қазақ зиялылары арасында айтыс жүріп, Байтұрсынов реформалаған әліпби қолданыстан шығарылды. Шығыс Түркістандағы (ҚХР) – Шыңжаң автономиялық ауданындағы қазақтар Байтұрсынов әліпбиін қазіргі кезге дейін қолданып келеді. 1929 жылы КСРО құрамындағы түркі халықтары латын әліпбиіне көшірілді. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет деген саясатпен орыс әліпбиі қолданысқа енгізілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып (қ-к, ғ-г, ө-о, ң-ң,) қабылданды. Бұл әліпбидің қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін толық таңбалай алмауына байланысты кейінгі жылдары қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі көтерілуде.

Ғылыми стиль

Ғылыми стиль ғылымның әр саласында жазылған еңбектерде қолданылады. Бұл стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлдігі тән. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшеліктер: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады, көпмағыналы, образды сөздер аз кездеседі. Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі, тіл нормасы қатаң сақталады және ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді. Монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезис, патент т.б. ғылыми стильде жазылады.

Мақсаты	Заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру.
Қолданылу аясы	Ғылыми еңбек, баяндама, мақала, оқулықтарда қолданылады.
Стильдік сипаты	Ресми, анық, дәл, нақты, дәлелді.

Ғылыми стильдің тілдік амал-тәсілдері

Әр ғылым саласының өзіне тән терминдері мен атаулары қолданылады. Мысалы, химия ғылымында: элементтер, минералдар; физика ғылымында: атом, күш; лингвистика ғылымында: морфо-логия, фонетика; биология ғылымында: ағза, жасуша т.б.

Ғылыми стильдің өзіне тән синтаксистік құрылымы болады. Тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері молынан жұмсалады.

Өткен шақ, осы шақтағы хабарлы сөйлемдер жиі қолданылады.

Ырықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жұмсалады.

Ойдың ағынын білдіретін үстеулер мен шылаулар кездеседі. Мысалы: сондықтан, содан кейін, әрі қарай, бойынша т.б.

Сөйлемдердегі ойдың бір-бірімен өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер де ұшырасады. Мысалы: біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, зерттеу нәтижесінде т.б.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.6. Бақылау: сұрақ жауап

- 1.«Тіл – ұлт тарихының айнасы» тақырыбында 5-6 сөйлемнен тұратын қысқа ғылыми сипаттама жазу.
2. Қазақ әліпбиінің тарихы туралы дерек жинау және негізгі кезеңдерді кестеге түсіру.
3. Ғылыми стильге тән 5 термин тауып, оларға анықтама беру.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 50 беті

№ 5 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақстанның алғашқы кәсіби суретшілері. Сәндік өнер. Тоқыма дизайны.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақстанның алғашқы кәсіби суретшілерін тану, сәндік өнер мен тоқыма дизайнның ерекшеліктерін түсіну. Мәтіннен негізгі ақпаратты ажыратып алу, өнер туралы сөйлемдерді сауатты құрастыру

5.3. Оқу міндеттері: Қазақстандағы алғашқы кәсіби суретшілер туралы айта алады, сәндік өнер мен тоқыма дизайн ұғымдарын түсіндіреді. Мәтіннен маңызды мәліметтерді анықтайды, өнер туралы пікірін жүйелі жеткізеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақстанның алғашқы кәсіби суретшілері.
2. Сәндік өнер.
3. Тоқыма дизайны.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабақты түсіндіру:

Қазақстанның алғашқы кәсіби суретшілері

Қазақтың тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеев (1904-1973)-қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі және бірегейі. Туып-өскен жері Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі.

Танымал туындылары: «Колхоздағы сүт ферма», «Мақта жинау», «Колхоздың тойы», «Қыз алып қашу», «Сатып алынған қалыңдық», «Алтын астық», «Ақсай карьері», «Медеу мұз айдыны», «Түрксіб», «Талас жағалауы», «Қапшағай даласы». Сонымен қатар Кенесары Қасымов, Абай, Шоқан Уәлиханов, Жамбылдың портреттері; ерекше танымал болып табылатын портреті – «Амангелді Иманов» портреті сияқты танымал суреттері бар.

Әубәкір Ысмайылов – 1910 жылы Қарағанды облысы, Тельман ауданында дүниеге келген. 1932 жылы Москвадағы жоғары техникалық көркемсурет шеберханасын, 1938 жылы Театр өнері институтын бітірген. 1933 жылы КСРО суретшілер одағының мүшесі болды. «Қарағанды шахтасы», «Тың игеру», «Хантәңірі», «Абай достарымен бірге», «Исатай Махамбет» т. б. толып жатқан шығармалары елге танымал.

Жан - жақты талантты Әубәкір Ысмайыловтың – актерлық және орындаушылық әрі күйші - домбырашылық шеберліктері мұрағаттарда, киноқұжаттарда сақталған сонымен қатар отандық киноларға да түскен: Ш. Аймановтың «Тақиялы періште», Олжас Сүлейменовтың «Көгілдір маршрут», С. Ходжиковтың «Қыз Жібек», Азербайжан Мамбетовтың «Бір күні және мәңгібақи». Әубәкір Ысмайыловтың киномен алғашқы таныстығы соғыс жылдары басталды, сол кезде ол режиссер Сергей Эйзенштейннің «Иван Грозный» фильмінде ассисент болып жұмыс жасап жүрген болатын, сонымен қатар танымал кеңес фильмдері «Шошқа қора және бақташы» және «Өмірге жолдама» фильмдеріне түскен, бұған дәлел ресей киноматография мұрағатындағы материалдар.

Айша Ғалымбаева 1917 жылы Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданындағы Есік

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 51 беті

ауылында дүниеге келген. Алматының көркемсурет училищесінде (1943) және Бүкілодақтық Мемлекеттік кинематография институтында (1949) оқыған. Айша Ғалымбаева «Махаббат туралы аңыз», «Өжет қыз», Шоқан Уәлиханов жөнінде «Оның заманы әлі алда», «Бұл Шұғылада болған еді» дейтін фильмдердің қоюшы суретшісі. «Қазақтың халық киімдері» (1958) альбомының авторы. Республикалық, Одақтық және Халықаралық көптеген көрмелерге қатысқан. Оның туындылары Қазақстан, ТМД және әлемнің көптеген елдеріндегі жеке коллекцияларға қойылған.

Айша Ғарифқызы Ғалымбаева, Қазақстанның халық суретшісі, ҚР Ш. Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл ту» ордендерінің иегері. Оның есімі Республиканың құрметті Алтын кітабына жазылған. Қазақстан өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін «Тарлан» сыйлығын алған. Қазақ өнерінің тарихына Айша Ғалымбаеваның шығармашылық өмірбаяны шын мәнінде алтын әріппен жазылған! Ол тарихтың қай бетін ашсаңыз да, алдыңыздан Айша Ғарифқызы сомдаған тамаша образдар шығады. Айша Ғарифқызы жарық дүниеге келісімен - ақ айы оңынан туған адам. Оның туған ауылы Алатаудың бөктеріндегі табиғаты таңқалардай тамаша жерде. Киіз үйдің ішіндегі алуан түске боялған ою өрнектің, бір - біріне ғажап жарасым тапқан әр бұйым, әр заттың өзі жаныңды жып - жылы нұр шуағымен жылытқан сұлулық әлемінің тұтас бір әлеми кеңістігі тәрізді. Ісмер әже Айшаға жас күнінен өз қолынан келгеннің бәрін үйретті. Тұнып тұрған табиғат тамашасы мен жылы ұяның сұлу ырғақ, әсем бояуы бірте - бірте болашақ суретшінің жан дүниесін мөп - мөлдір, тұтас бір тұнығымен баурап алды. Одан соң бұл ғажайып дүние, сикырлы сурет оның полотноларында бейнелі көрініс тапты. «Мұраға қалмағанның бәрі қауқарсыз дүниелер» деп Ницше айтқандай, біздің мирас еткендеріміздің бәрі тандаулы туындылар.

Молдахмет Сыздықұлы Кенбаев (25. 7. 1925 жыл, Қостанай облысы Амангелді ауданы Сартол ауылы – 18. 5. 1993 жыл, Алматы) – алғашқы қазақ кәсіби суретшілерінің бірі, кескіндемеші, педагог, Қазақстанның халық суретшісі, 1985; 1963 жылдан Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері.

Сәндік өнер

Сәндік өнер — бұл адамның эстетикалық талғамын, шығармашылық шеберлігін көрсететін көркемдік бағыт. Ол тұрмыстық заттарды, киім-кешекті, зергерлік бұйымдарды, ыдыс-аяқты, жиһазды, және басқа да бұйымдарды әсемдеу арқылы көрініс табады.

Сәндік өнердің негізгі түрлері:

Қолөнер — кілем тоқу, кестелеу, тері өңдеу, ағаш ою, сүйек пен металл өңдеу.

Зергерлік өнер — алтын, күміс, асыл тастардан әшекей бұйымдар жасау.

Керамика және қыш өнері — ыдыс-аяқ, сәндік бұйымдарды күйдіру арқылы жасау.

Киім және тоқыма сәні — ұлттық нақыштағы киімдер, ою-өрнекпен безендірілген маталар.

Сәндік кескіндеме — қабырға суреттері, миниатюралар, витраждар.

Сәндік өнер халықтың мәдениетін, ұлттық дәстүрін, дүниетанымын бейнелейді. Қазақ халқының сәндік өнері ерекше өрнекке, табиғатпен үндескен түске, терең мағынаға бай.

Тоқыма дизайны

Тоқыма дизайны — сәндік өнердің маңызды әрі кең таралған саласы. Ол маталарды, киімдерді, тұрмыстық бұйымдарды көркем әрі функционалды етуге бағытталған. Тоқыма дизайны дәстүрлі өнер мен заманауи технологияларды ұштастырады. Тоқыма — жіптен немесе талшықтан жасалған мата. Тоқыма дизайны — осы маталардың сыртқы көрінісі мен құрылымын көркемдеу, оларды сән мен тұрмысқа үйлесімді ету. Тоқыма дизайнының негізгі бағыттары:

Мата үлгілерін жасау (текстиль паттерндері):

Ою-өрнек, геометриялық пішіндер, гүл немесе этникалық мотивтермен безендіру.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 52 беті

Қазақ тоқыма өнерінде "қошқар мүйіз", "түйе табан", "ирек су" сынды ұлттық өрнектер кен қолданылады.

Түстермен жұмыс істеу:

Түстік үйлесімділік пен сәндік мағына — көркемдік шешімнің негізі.

Мысалы, қазақ өнерінде қызыл, көк, сары түстер жиі кездеседі, олардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар.

Қолмен немесе машинамен кестелеу:

Киімдер, дастарқандар, шымылдықтар ұлттық кестелермен әшекейленеді.

Бұл — қолөнердің дәстүрлі түрі.

Тоқыма мата өндірісі үшін дизайн жасау:

Заманауи тоқыма дизайнерлері сән индустриясы үшін киім үлгілерін дайындайды.

Мысалы, сән үйлері өз коллекцияларына ерекше тоқыма принттер мен текстуралар жасайды.

Тұрмыстық бұйымдар дизайны: Жастық, перде, кілем, төсеніш — осының бәрі тоқыма дизайнына жатады. Қазақ халқының тоқыма өнері:

Кілем тоқу — ерекше дамыған, оюлар мен түстерге бай.

Алаша, түскиіз, шұбатылған баулар — тұрмысқа қажетті, көркем әрі мағыналы заттар.

Тоқыма тек тұрмыс үшін ғана емес, рухани-мәдени мәні бар өнер.

Тоқыма дизайны — адам мен мәдениетті, дәстүр мен технологияны байланыстыратын өнер. Ол ұлттық ерекшелікті сақтап қана қоймай, оны заман талабына сай жаңа деңгейге көтеруге көмектеседі.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6.Бақылау:

- 1.Қазақстанның алғашқы кәсіби суретшілері туралы 5 сөйлемдік сипаттама жазу.
- 2.Тоқыма дизайндағы белгілі ою-өрнектердің суретін тауып, мағынасын зерттеу.
3. Сәндік өнер туралы қысқаша эссе жазу

№ 6 сабақ

5.1.Тақырып: Экология: ядролық және мұнай өндірістері. Экологиялық сауат. Әлемдік экология мәселелері. Арал теңізінің экологиясы.Айтыс.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ядролық және мұнай өндірістерінің экологияға әсерін түсіндіру.Экологиялық сауаттылықтың маңызын ашу.Әлемдік және жергілікті экология мәселелерін меңгерту.Арал теңізінің экологиялық проблемасын таныстыру.Айтыс арқылы ойларын еркін жеткізуге және қорғауға Экологияға ядролық және мұнай өндірістерінің әсерін айта алады

5.3. Оқу міндеттері : Экологиялық сауатты түсінеді және өз өмірінде қолдануға ұмтылады. Арал теңізінің экологиясы туралы айта алады. Экология тақырыбында айтысқа қатысып, пікірін жүйелі жеткізеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Экология: ядролық және мұнай өндірістері.
- 2.Экологиялық сауат.
- 3.Әлемдік экология мәселелері.
- 4.Арал теңізінің экологиясы.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 53 беті

5.Айтыс.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Экология: ядролық және мұнай өндірістері.

Тірі ағзалардың өзара әсерінің және қоршаған тіршілік ортасымен өзара әсерінің заңдылықтарын биологиялық ерекше бөлімі - экология зерттейді. Экология сөзі гректің «oikos» - үй-жай және «logos» - ілім деген сөзінен шыққан. "Экология: ядролық және мұнай өндірістері" — қоршаған ортаға әсер ететін ең ірі екі сала. Екеуі де энергия көзі ретінде маңызды болғанымен, табиғатқа төндіретін қауіп-қатері жоғары.

Энергия көздері: Ядролық энергетика.Мұнай өндірісі

Екеуі де адамзаттың энергияға деген сұранысын қанағаттандыру үшін пайдаланылады. Бірақ бұл өндірістердің экологиялық салдары әртүрлі.Ядролық энергетиканың экологияға әсері. Артықшылықтары:Көмір мен мұнайға қарағанда аз көмірқышқыл газы бөледі (CO₂). Үнемді әрі үлкен қуат береді.Климаттың жылынуына әсері — төмен.

Зиянды жақтары:

Радиоактивті қалдықтар — мыңдаған жылдар бойы зиянды болып қала береді.

Апат қаупі жоғары: Чернобыль (1986), Фукусима (2011) — экологияға және адамдарға орны толмас зиян келтірді. Қалдықтарды сақтау — экологиялық қауіп тудырады. Мұнай өндірісінің экологияға әсері

Артықшылықтары: Қазіргі таңда ең кең таралған энергия көзі. Инфрақұрылым мен технологиялар жақсы дамыған.

Зиянды жақтары: Ауаны ластайды — көмірқышқыл газы (CO₂), күкірт диоксиді (SO₂), т.б. Мұнай төгілуі — теңіздер мен жер экожүйесіне ауыр зардап әкеледі. Мысалы: "Deepwater Horizon" (Мексика шығанағы, 2010). Топырақ пен суды улайды. Мұнай скважиналары мен құбырлар ландшафты бұзады.

Экологиялық сауат

Экологиялық сауат — бұл адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруі үшін қажет білім, түсінік және жауапкершілік. Ол әр адамның қоршаған ортаға қалай әсер ететінін түсінуін, экологиялық мәселелерді тани білуін және оларды шешуге атсалысуын білдіреді.

Экологиялық сауат — адамның:

табиғат заңдылықтарын түсінуі,

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана білуі,

экологиялық қауіптерді ажырата алуы,

күнделікті өмірде **экологиялық ойлау** мен **тұрақты өмір салтын** қолдануы.

Экологиялық сауатты адамның 5 әдеті:

1. Артық зат сатып алмайды — жауапты тұтынушы.
2. Қалдықтарды сұрыптап тастайды.
3. Су мен жарықты үнемдейді.
4. Көлік орнына жаяу немесе велосипедті таңдайды.
5. Табиғатты қорғайды, өзгелерге үлгі болады.

Экологиялық сауаттылық — бұл тек білім ғана емес, өмір салты. Әрбір адамның табиғатқа деген қарым-қатынасы өзгерсе, бүкіл әлем өзгереді. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру — ұлттың, адамзаттың болашағына жасалған инвестиция.

Әлемдік экология мәселелері

Ғаламдық мәселелер - әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Осы құбылыстардың даму процесі жаһандану деп аталады. Қазіргі таңда Халықаралық деңгейде мынадай ғаламдық проблемалар бар:

Ресурстар проблемасы;

Азық-түлік немесе ашаршылық проблемасы;

Энергетикалық проблема;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 54 беті

Демографиялық проблема;
 Климаттың өзгеруі;
 Экологиялық проблемалар;
 «Үшінші әлем» елдерінің артта қалуын жою;
 Қауіпті ауруларды жою;
 Әлемдік мұхит пен космосты игеру;
 Қылмыспен және терроризммен күрес;
 Наркобизнеспен күрес.

Ғаламдық мәселелердің ерекше білім саласы - глобалистика зерттейді. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен қамтылады. Әрбір ғаламдық проблеманы міндетті түрде шешу қажет, өйтпесе оның дамуы апатқа - өркениеттің жойылуына дейін апарып соғады. Ғаламдық проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ оларға келісушілік және үйлестірушілік жетіспейді. Ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемаларды шешу шығындары құрайды. Өйткені басқа проблемалардың ішінде ғаламдық экологиялық проблемаларды ең артықтау проблема деп санайды.

Ғаламдық экологиялық проблемалар - ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық проблемалар кешені. Зор геосаяси проблеманың экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, Әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы және т.б. Олар тек қана барлық елдердің қатысуымен, БҰҰ-ның басқаруымен шешілуі мүмкін. Экологиялық проблемалардың ғаламдығы оны шешу үшін барлық елдердің жігерін жұмылдыру қажеттігін тудырып отыр; қарудың барлық түрлерін азайтпай экологиялық дағдарыстан айырылу мүмкін еместігі; биосфераның жалпыға ортақ ластануына қарай ядролық соғыс ғана емес, тіпті жай соғысты жүргізудің мәнісідігі; қазіргі өркениеттің технологиялық құрылымын қайта құру, өмір негізі болатын табиғатпен өзара іс-әрекеттің жаңа сапалы әдістері мен құралдарын жасау; қоршаған ортаны қорғау проблемасы бойынша БҰҰ органдары жұмысының тиімділігін арттыру және оларға төтенше өкілеттік беру.

Арал теңізінің экологиясы

Арал теңізі — Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан ірі көл. Теңіз ХХ ғасырда ауданы жағынан (68 мың км²) әлемде төртінші орында болған, алайда 1960 жылдардан бастап теңіздің су деңгейі азайып келеді. Арал теңізі – Қазақстанның інжу-маржаны, шөл белде-міндегі бірден-бір көгілдір су айдыны еді. Оның апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі – 1066 км³, тереңдігі – 30-60 метр, тұздылығы – 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. Арал өңірінің тұрғындары 1970 жылдарға дейін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жақсы қамтамасыз етілген тіршілік кешті. Теңіз өңіріндегі елді мекендерде 17 балық колхозы, 10 балық өндейтін зауыт және 2 балық комбинаты тұрақты жұмыс істеген.

1960 жылдардан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Осы аймақтағы игерілетін жер көлемі бұрынғыдай Өзбекстан мен Тәжікстанда 1,5, Түрікменстанда 2,4, Қазақстанда 1,7 есеге өсті. Ал Өмудария мен Сырдария бойындағы Халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай, 1970-1980 жылдар аралығында Аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқындап дамыды (Шардара).

Оның үстіне ауыл шаруашылығының басқа да салалары барынша дамыды. Өзен бойлары игеріліп, суды ысырапсыз пайдалану жүзеге асты. Мәселен, Арал 1960-1965 жылдар арасында

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 55 беті

44 мың м³, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде, Арал теңізінің деңгейі 23 метрге дейін төмендеп, оның су айдыны 30-200 км-ге дейін қусырылды. Судың тұздылығы 40 пайызға дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен химиялық препараттарды қолдану 10-15 есеге өскен. Осындай антропогендік факторлар Арал өңірін экологиялық апатқа ұшыратты.

Құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналаға зияндылығы өте жоғары 2 млн тұзды шандар көтеріліп, желмен тарай бастады.

Айтыс

Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

Айтыс — синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған.

Айтыс, оның түрлері мен көркемдік ерекшеліктері

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар. Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын. Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынсыудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе бұл XIX ғ. етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар:

Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлендерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындай дәлелдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 56 беті

Тапсырма1. Суретке қарап, топтық тапсырмаларды орындандар. Өз ойларыңды 10 сөйлеммен қорытындыландар.

1 топ. Адам әрекетінің салдарынан табиғат, табиғат ресурстары қандай өзгеріске ұшырайтыны туралы пікір алмасындар.

2 топ. Экологиялық апат аймағындағы қоршаған ортаның ласта- нуының тіршілікке зияны туралы өз ойларыңды айтындар.

3 топ. Қазіргі кезде адам баласының қоршаған ортаның жағдайына алаңдау себебі туралы ой бөлісіндер.



Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.6. Бақылау: Ауызша сұрақ-жауап

- 1.Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы қандай?
- 2.Елімізде, өздерің тұратын аймақта қандай экологиялық мәселелер бар?
- 3.Адамның тіршілік әрекеті қоршаған ортаға қауіп төндіре ме? Қоқыс мәселесін қалай шешуге болады деп ойлайсындар?
- 4.«Планетадағы тіршілікті қорғау – бүкіл адамзаттың парызы» деген пікірге қосыласындар ма?

№ 7 сабақ

5.1. Тақырып: Семей полигоны. Ядролық өндіріс – табиғатқа төнген қауіп. Атом өнеркәсібі. Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі. Сыни пікір.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Семей полигонының тарихы мен ядролық сынақтардың экологияға әсерін түсіндіру, атом өнеркәсібінің қауіптері мен маңызын қарастыру. Сыни пікірдің ерекшелігін түсіну, өз сыни пікірін жазбаша және ауызша түрде дәлелдей алу

5.3. Оқу міндеттері : Семей полигонының экологиялық зияны туралы айта алады

Ядролық өндірістің табиғатқа тигізетін қауіптері туралы түсінік алады

Атом өнеркәсібінің қоғамдағы рөлін түсіндіреді. Сыни пікірдің мәнін және ерекшелігін анықтайды. Өз сыни пікірін дәлелдеп, ұсына алады

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 57 беті

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1.Семей полигоны.

2.Ядролық өндіріс – табиғатқа төнген қауіп.

3.Атом өнеркәсібі.

4.Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі. Сыни пікір.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Семей полигоны

Семей полигоны - КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық объектісі болды. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті.

Семей полигонының инфрақұрылымы: Осынау полигонның кемел инфрақұрылымы: Курчатов қаласын (Семей – 21), реакторлар кешенін, «Балапан», «Сары-Өзен», «Г» (Дегелеңдегі сейсмокешен), «Ш» («Тәжірибелік алаң» дейтін) сынақ алаңдарын, толып жатқан басқа да ұсақ тәжірибелік алаңдарды қамтиды. Семей ядролық полигонның осынау тәжірибелік алаңдарында 456 ядролық жарылыс жасалды. Осынау сынақтар атом қаруының қиратқыш қаруын айтарлықтай арттыруға ғана емес, оның жаңа түрлерін де жасауға мүмкіндік берді.

Семей ядролық полигонның алғашқы жүргізілуі: Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. 1949 жылғы 29 тамызда түп-тура таңғы сағат жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан соң, сұрапыл қуат пен көз қарастыра сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке көтерілген. Жер лыпасының өртең иісі қолқа атар түтіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан жаққа таратты. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған, түтігіп қарайып кеткен даланың тұл жамылғысы. Жан-тәсілім алдында жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың кесірткелердің өлі денесі табылған. Жаңадан келгендер бұл тозақты Семей ядролық сынақ полигоны ретінде белгілі № 2 оқу полигонында РДС-1 (зымырандық көрсеткіш снаряды) плутоний зарядан жер бетінде сынақтан өткізу жарылысы деп атады. Бұл КСРО-да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді. Полигонда жаңа таталды жұлдыздың тууын Лаврентий Берия, Игорь Курчатов, әскери бастықтар мен атакты ғалымдар, Кеңестік атом бомбасының толып жатқан идеологиялық, идеялық және техникалық аталары тасадан бақылап тұрды.

Семей ядролық полигонындағы сынақтардың адамдарға, қоршаған ортаға әсері:

Жарылысты ұйымдастыру объектілерінің орналасу мәкеті.Тұңғыш атомдық жарылыстың радиоактивті өнімдері аймақтың барлық елді мекендерін жауып қалды. Көрші қонған әскери объектіде не болып жатқаны туралы титімдей түсінігі жоқ жақындағы ауылдардың тұрғындары радиациялық сәуленің сұмдық дозасын алды. Халыққа сынақ туралы ескертілмеген де еді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 58 беті

Ядролық жарылыстар туралы халыққа 1953 жылдан бастап қана ескертіле бастады. Онда адамдар мен малды радиоактивті заттардың таралу аймағынан уақытша көшіру, оларды қарабайыр қорғаныш объектілеріне, орларға немесе кепелерге жасыру көзделді. Алайда жарылыстан кейін адамдар радиациядан былғанған жерлердегі өз үйлеріне оралып отырды. Жарылыс толқыны көптеген үйлер терезесінің шынысын ұшырып жіберген, кейбір үйлердің қабырғалары қирады. Кейінірек сынақ алдында уақытша көшірілген адамдар полигон жанындағы туған жерлеріне қайтып орала бастағанда, олардың көбісі үйінің орнын сипап қалды, не қақырап кеткен қабырғаларды көрді. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың әсері туралы алғашқы шын да жүйелі деректер Қазақ КСР Ғылым академиясы жүргізген кен ауқымды медициналық-экологиялық зерттеулердің нәтижесінде алынды.

Зерттеулерді, ғылыми экспедицияларды профессор Б. Атшабаров басқарды.

Радиацияның адамға ықпалының механизмі қазіргі кезде едәуір жақсы парықталған. Бұл орайда ең қауіптісі – иондалатын радиацияның ықпалы гендік кодты дауасыз өзгерістерге соқтыруға мүмкін екендігі. 1949 жылғы алғашқы жер бетіндегі жарылыстан бастап Семей және Павлодар облыстарының радиациялық сәулеленудің ықпалына ұшыраған басқа аумақтардың тұрғындарының арасында сырқат санының ұдайы өсіп келе жатқаны байқалады. Бұлар өкпе мен сүт бездерінің рагы, лимфогемобластоз және басқа да қатерлі ісікті патологиялары. Жалпы алғанда рак ісігі сынақтар басталғалы бері үш есе өсті. Семей полигонына жақын нақ сол аудандарда жетілуіндегі әртүрлі ауытқулар, тәндік және естік кемшіліктер әркімге сәбилер дүниеге ерекше көп келеді. Мамандардың айтуынша, соны бәрі нақ қысқа мерзімді және қалдықты радиацияның кесірінен болатын генетикалық мутациямен байланысты. Адамдар ғана емес, жер де азап шегеді. Жылма-жыл радионуклидтердің жинала беруі жердің құнарлығын азайтады. Жерде орасан зор микроэлементтер: темір, мыс, магний және басқа металдар әртүрлі дәнді дақылдар адам организміне сіңеді.

Ядролық өндіріс – табиғатқа төнген қауіп

Ядролық жарылыстар әуеде, жер үстінде, жер астында, су үстінде және су астында жүргізілуі мүмкін. Ядролық жарылыс кезінде байқалатын құбылыстар көп жағдайда жарылыс түрі мен қуатына байланысты болады. Ядролық жарылыстар жергілікті жердің радиоактивтік зақымдалу дәрежесіне қарай анықталады. Мысалы, әуедегі жарылыстың эпицентрінде жергілікті жерге радиоактивтік зақымданудың орасанзор қаупі төнеді. Ал жерүсті және жерасты жарылысы жердің, сондай-ақ радиоактивті бұлттың өту жолындағы аумақтың едәуір бөлігін зақымдайды. Ядролық жарылыстың түрі мен қуаты қирату ауқымымен, нысанның апатты жағдайымен, радиоактивті зақымдану мөлшерімен сипатталады.

Атом өнеркәсібі

Атом өнеркәсібі — уран кенін өндіру, өңдеумен шұғылданатын, одан атом энергиясын (ядролық энергияны) өндіретін және сол энергияны пайдаланып жұмыс істейтін өнеркәсіп саласы.

Ядролық энергия өнеркәсіпте, ғылымда, медицинада және басқа салаларда пайдаланылады. Дүн. жүз. тәжірибеде Атом өнеркәсібінің әскери және азаматтық бағыттары қалыптасқан. Атом өнеркәсібі атом ядросының ыдырау процесінен туатын энергияны пайдалану принципімен жұмыс істейтін атом электр стансасын (АЭС) салу, ядролық энергияны пайдаланып кеме, поезд жүргізуге және самолет, ракета ұшыруға арналған қондырғы — атом қозғалтқышын жасау негізінде дамыды. Атом өнеркәсібі . 50-жылдардың орта шенінде, атап айтқанда, 1954 ж. бұрынғы КСРО-да (Обнинск қ.) тұңғыш АЭС (қуаты 5 Мвт) іске қосылғаннан кейін жеке өнеркәсіп саласы болып қалыптасты. Бұдан кейін Колдерохоллда (Англия, 1956), Шиппингпортта (АҚШ, 1957) АЭС-тары іске қосылды. 1997 ж. барлығы 437 АЭС жұмыс істеді. Олар дүн. жүзіндегі электр қуатының 17-ін өндірді. Қазақстан уран қорының молдығы жөнінен дүн. жүзінде 1-орынды иемденеді. 50-жылдардан бастап Қазақстандағы 20 кен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 59 беті

орнында уран өндіру жұмыстары жүргізілді. Қазақстанның барлық аймақтарында уран өндірумен айналысатын өндіріс орындары бар. Олардың ең ірілері: Тың тау-кен химия комбинаты (Орт. Қазақстан), Ертiс химия-металлургия зауыты (Шығыс Қазақстан), Каспий жағалауы тау-кен металлургия комбинаты (Батыс Қазақстан), Оңтүстік Қазақстан кен басқармасы, т.б. Қазақстандағы тұңғыш АЭС Ақтау қаласында салынған (1973) шапшаң нейтронмен жұмыс істейтін БН-350 реакторы бар энергия комбинаты. Ол Маңғыстау облысын энергиямен жабдықтайды, сондай-ақ, әлемдегі су тазартатын бірден-бір атомдық қондырғы болып табылады (реакторды 2003ж. тоқтату көзделген). Бұдан басқа Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығында 4 зерттеу реакторы жұмыс істейді. Оның 3-еуі Курчатов қаласының маңында, 1-еуі Алматы қаласының жанындағы Алатау қалашығында орналасқан.

Сыни пікір

Сыни пікір немесе рецензия – журналистика, сонымен қатар ғылыми және көркем әдеби сынның жанры. Латын тілінен аударғанда «recensio» – «баға, хабарлама, сын, бір нәрсе туралы жазылған пікір» деген мағынаны білдіреді. Сыни пікір жаңа шығарма жайлы көпшілікті хабардар етіп, жазушы немесе ғалым жазған зерттеуге баға беріп, жөндеу үшін жазылады. Онда сол еңбекке пікір жазушы адамның өз көзқарасы баяндалады, бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кемшілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсу үшін ұсыныстар көрсетіледі. Сыни пікір көлемі автордың талдауына байланысты болады.

Сыни пікір, ең алдымен, ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінікті тілде жазылып, шығарманы жазған авторға да, шығарманың оқырмандарына да пайда келтіруі тиіс.

Қазіргі кезде ең көп таралған рецензиялардың бірі – ғылыми жұмысқа берілетін баға. Рецензияда нақты ғылыми талдау немесе әдеби шығармаға кәсіби талдау жасалынып, сыни пікір не эксперттік қорытынды беріледі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Бағыт беру

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: сұрақ-жауап.

№ 8 сабақ

5.1. Тақырып: Мұнай өндірісі: пайдасы мен зияны. Мұнай қалдықтарының экологияға әсері. Дәйексөзге сілтеме жасау және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу талаптары.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мұнай өндірісінің экономикалық және экологиялық аспектілерін түсіндіру, мұнай қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін анықтау. Дәйексөзге дұрыс сілтеме жасауды үйрену, пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеудің негізгі талаптарын меңгеру

5.3. Оқу мақсаттары: Мұнай өндірісінің пайдасы мен зиянын айта алады, мұнай қалдықтарының экологияға тигізетін зиянын сипаттай алады. Дәйексөзге сілтеме жасау ережелерін қолдана алады, пайдаланылған әдебиеттер тізімін дұрыс құрастыра алады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мұнай өндірісі: пайдасы мен зияны.

2. Мұнай қалдықтарының экологияға әсері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 60 беті

3. Дәйексөзге сілтеме жасау және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу талаптары.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Мұнай өндірісі: пайдасы мен зияны. Мұнай қалдықтарының экологияға әсері.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері соңғы уақыттарда техникалық және технологиялық ерекшеліктері бойынша қоршаған ортаны ластаушылардың ірілерінің бірі болып саналатын мұнай өнеркәсібі дамыған елдердің барлығында үңіліп қаралатын жағдай болып отыр. Бұл елдерге сонымен бірге Қазақстан Республикасын да жатқызуға болады. Біздің еліміз бай 100 жылдық мұнай өнеркәсібі тарихына ие. Қоршаған ортаны қорғау іскерлігі ең алдымен техникалық процестердің техникалық және ұйымдастырушылық деңгейіне байланысты. Мұнай кешенінің құрамында 40-тан астам ластаушы көздер типтері бар, олар қоршаған ортаға әсер етуінің интенсивтілігінің әртүрлілігімен және ластаушы заттардың қасиеттерінің әртүрлілігімен сипатталады.

Мұнай өндірісінің пайдасы:

1. Энергия көзі ретінде маңызды
2. Мұнай — әлемде кеңінен қолданылатын энергия көзі.
3. Көліктер, зауыттар, тұрмыстық техника және өнеркәсіпте пайдаланылады.

Экономикалық даму

1. Мұнай экспорты елдің экономикалық жағдайын жақсарттады.
2. Жұмыс орындары ашылады, инвестициялар тартылады.

Химия өнеркәсібінің шикізаты

1. Пластик, дәрі-дәрмек, тыңайтқыштар, косметика сияқты көптеген өнімдер мұнайдан шығарылады.

Транспорт пен логистиканы дамытады

Мұнай өнімдері көліктің, әуе және теңіз тасымалының негізі.

Мұнай өндірісінің зияны

Қоршаған ортаның ластануы

Мұнайдың төгілуі су мен топырақты ластайды.

Мұнай өндіру барысында ауаға зиянды газдар (күкірт диоксиді, көмірқышқыл газы) бөлінеді.

Теңіз және жер экожүйелеріне зиян

Мұнай төгілуі теңіз жануарлары мен өсімдіктеріне ауыр зардап әкеледі.

Экожүйенің теңгерімі бұзылады.

Климаттың өзгеруіне ықпал етеді

Мұнай жанғанда парниктік газдар бөлінеді, бұл жаһандық жылынуды күшейтеді.

Апаттар қаупі

Мұнай құбырлары мен кен орындарында жарылыстар, өрттер болуы мүмкін.

Бұл адамдар мен табиғатқа үлкен зиян тигізеді. Табиғи ресурстардың сарқылуы табиғи ресурстардың сарқылуы

Мұнай — шектеулі ресурстардың бірі. Оның азаюы энергетикалық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Мұнай өндірісі — қазіргі әлем экономикасы мен өмір салты үшін аса маңызды, бірақ экология мен табиғатқа ауыр зиян келтіретін сала. Сондықтан мұнайды тиімді пайдалану, экологиялық нормаларды сақтау және жаңартылатын энергия көздеріне көшу — бүгінгі күннің басты міндеттері.

Дәйексөзге сілтеме жасау және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу талаптары.

Дәйек сөз, цитата (лат. cito— келтіремін, шақырамын) – түпнұсқадан сөзбе-сөз алынған үзінді. Автордың ойын беделді пікірлермен тиянақтау үшін, біреудің пікіріне сын айту үшін, құнды дерек ретінде пайдалану үшін қолданылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 61 беті

Дәйек сөз, негізінен, баспасөз материалдарында, ғылым еңбектерде, кітаптар мен әр түрлі қолжазбаларда, баяндамалар мен сөйлеген сөздерде келтіріледі. Дәйек сөздер ғылым еңбектерде пайдаланғанда, сол еңбекте айтылатын оймен логикалық тұрғыдан қабысып, жарасым табуы тиіс. Айтылмақ ойды одан әрі дамытып, жаңа деректермен толықтырып тұру керек. Сонда ғана ол өз міндетін атқарады. Әдетте, зерттеу еңбектерінде, көбінесе әдебиет, мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлері пікірлерінен дәйек сөздер алынып отырады. Мұның өзі үлкен талғаммен, орынды алынса, еңбектің сапасын арттыруға есебін тигізеді.

Дәйек сөз көбінесе ықшам түрде алынады. Сөйлем ұзақ болған жағдайда керекті жерін алып, қысқартылған сөздер орнына көп нүкте қою шарты бар. Дәйек сөз, әдетте, тырнақшаға алынып жазылады. Міндетті түрде дәйек сөз алынған еңбек, оның авторының аты-жөні сілтемелерде анық, нақтылы көрсетілуі тиіс. Эпиграф та дәйек сөздің бір түріне жатады.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топты орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

1-топ тапсырмасы: себебі, сонды тан, біра, және, да/де/та/те, мен/бен/пен жалғаулықтарына сөйлемдер келтіріп, ерекшелігін түсіндіру

2-топ тапсырмасы: немесе, яки, әрі, әйтпесе, дегенмен, алайда жалғаулықтарына сөйлемдер келтіріп, ерекшелігін түсіндіру

3-топ тапсырмасы: септеуліктер, демеуліктерге мысалдар келтіру.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Қажетті сөздер: шынтағын, сөйлему, кітап, ойнамау, орамалмен.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау:

Тапсырмалар

1. Мұнай өндірісінің адам өміріне қандай пайдасы бар?

2. Мұнай қалдықтары экологияға қалай зиян келтіреді?

3. Мұнай өндірісінің экологиялық зиянын азайту үшін не істеу керек?

4. Мұнай өндірісінің пайдасы мен зияны туралы қысқаша мәлімет жинақтау

5. Мұнай өндірісінің экологиялық мәселелері туралы мақала жазып, дәйексөздер мен әдебиеттер тізімін рәсімдеу.

№ 9 сабақ

5.1. Тақырып: Миграцияның қоғамдық ортаға әсері. Миграция – әлеуметтік құбылыс. Әлем және Қазақстандағы миграция. Шешендік толғау. Сөзталас.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Миграцияның әлеуметтік және қоғамдық салдарын түсіндіру, әлемдік және отандық миграция жағдайын таныстыру. Шешендік толғау арқылы ой түйіндеуді үйрену, сөзталас әдісі арқылы пікір алмасуға машықтандыру

5.3. Оқу мақсаттары: Миграцияның қоғамдық ортаға әсерін түсіндіреді. Миграцияның әлеуметтік құбылыс екенін сипаттайды. Қазақстан мен әлемдегі миграцияның негізгі бағыттары мен себептерін біледі. Шешендік толғау үлгісін жасай алады. Сөзталасқа қатысып, өз ойын сенімді түрде жеткізеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 62 беті

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қаратпа сөз әдебі.
2. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты.
3. Қаратпа сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Қаратпа сөздердегі мағыналық стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипаты.
4. Қаратпа сөзді жұмсау этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Пікір-талас.

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындай дәлелдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді. Сырты сұлу адамның, болса ішінің мәні жоқ,

Ұқсамай ма жеміске, сырты әдемі, дәмі жоқ ... өлең жолдарын талдау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Миграцияның қоғамдық ортаға әсері.

Миграция – әлеуметтік құбылыс.

Әлем және Қазақстандағы миграция

Миграцияның қоғамдық ортаға әсері

Миграция (лат. migratio — көші-қон, қоныс аудару) — адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу процесі. Халық көші-қонын бірегейлендірудің негізгі белгілерінің бірі - қандай да бір аумақтың әкімшілік шекарасын кесіп өту (мемлекет, аудан, аймақ, қала және т.б.). Осы негізде ең алдымен, халықаралық (мемлекетаралық) және ішкі миграцияны анықтайды. Ішкі көші-қон ел халқының жалпы санын өзгертпейді, халықаралық көші-қон әлем елдеріндегі халық санының өзгеруіне әкеледі, көбіне азаматтықты өзгерту орын алады. Сондай-ақ қала ішіндегі аумақтық көші-қондар ("қала-қала"), ауылдық жерлердегі ("ауыл-ауыл"), қалалық және ауылдық жерлердің өзара көші-қон алмасуы ("ауыл-қала", "қала-ауыл"). Мерзімдік белгілеріне қарай қайтып оралмайтын (ішкі көші-қон, эмиграция, иммиграция) және қайтып оралатын миграция (ұзақ мерзімді, мезгілдік, үздік-создық, ауық-ауық көші-қон) түрлері анықталған.

Түрлеріне қарай ерікті, мәжбүрлі, заңсыз көші-қон болып бөлінеді. Халықтың көші-қоны себептеріне қарай жіктеу де аса маңызды. Келесідей себептер анықталады:

экономикалық, әлеуметтік, әскери, демографиялық (отбасы бірлесуі, некелік миграция), мәдени, саяси, діни және этникалық. Халықтың көші-қонын жекелеген елдердің, аймақтардың және жалпы әлемнің экономикалық-демографиялық дамуына елеулі әсер етеді.

Миграция – әлеуметтік құбылыс

Миграция — адамдардың тұрақты немесе уақытша түрде бір жерден басқа жерге қоныс аударуы. Бұл қоныс аудару ішкі (ел ішінде) және сыртқы (халықаралық) болуы мүмкін.

Миграция арқылы халықтың саны, жас құрамы, ұлттық құрамы өзгеріп отырады.

Қоғамдағы өзара қарым-қатынасты өзгертуі мүмкін

Мигранттар мен жергілікті тұрғындар арасында мәдени, тілдік, діни айырмашылықтардан туындаған өзара ықпалдастық немесе қақтығыстар болуы мүмкін.

Әлеуметтік құрылымды қалыптастырады

Миграция еңбек нарығына әсер етіп, кейбір салаларда еңбек күші тапшылығын жояды немесе керісінше қиындықтар туғызады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 63 беті

Жаңа әлеуметтік институттар мен қызметтерді талап етеді

Мигранттарды қолдау, бейімдеу бағдарламалары, тіл курстары, медициналық көмек көрсету секілді қызметтерге қажеттілік пайда болады.

Миграцияның әлеуметтік себептері: Жұмыс іздеу, жақсы тұрмысқа қол жеткізу. Саяси тұрақсыздық, соғыс, қудалау. Білім алу, отбасын біріктіру. Табиғи апаттар мен климат өзгерісі.

Миграция – бұл қоғамның дамуындағы маңызды әлеуметтік құбылыс. Ол халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту мақсатында орын алса да, оның әлеуметтік салдары мен қиындықтарын дұрыс басқару қажет.

Әлем және Қазақстандағы миграция

Қазақ диаспорасы – тарихи-саяси өзгерістердің салдары- нан пайда болған қоғамдық құбылыс. Қазақ халқы таяу за- манға дейін өзінің кең-байтақ этноаумағында өркен жайып келген біртұтас ұлт болатын. XIX ғасырда патшалық Ресейдің Қазақ хандығын жойып, қазақ даласын отарлап, Қытай- дың Цинь империясымен Қазақстан жерінің мемлекеттік ше- карасын белгілеуіне байланысты қазақтар өз атажұртында отырып-ақ Ресей мен Қытайдың құрамындағы этностық топтың біріне айналды.

XX ғасырда Кеңес одағында жүргізілген одақтас респуб- ликалардың әкімшілік аумағын белгілеуге байланысты қа- зақ халқының біраз бөлігі Ресей мен Өзбекстанда қалды.

XX ғасырдың 30–40 жылдары Кеңес Одағында және Қытайда жүргізілген саяси қуғын-сүргін мен қолдан жасалған аштықтың салдарынан бой тасалап, жан сауғалап шет мем- лекеттерге босып кеткен қазақтар бүгінгі күні әлемнің 40-тан аса елінде өмір сүріп отыр. Бұл – қазақ диаспорасының қа- лыптасуының тарихи себептері.

Қазақ елі дербес мемлекеттің іргетасын бекемдеуде, ұлт- тық біртұтастықты жүзеге асыруда қазақ диаспорасының атқарар рөлінің маңыздылығын тереңнен түсініп отыр. Сон- дықтан қазақ диаспорасын тарихи Отанына оралтудың заң- дық-құқықтық негіздерін қолға алды. Сөйтіп, елге елдің қо- сылуымен Қазақстанда ұлттық біртұтастану процесі жүргі- зілді. Жиырма жылда бір миллионға жуық қазақтың тарихи Отанына оралуы – еліміздің жүргізіп отырған салиқалы сая- сатының жемісі.

Қандастарымыз өздерінің ұлттық тіл, дін, ділдерін (мен- талитет) жақсы сақтауымен қатар, дәстүрлі тұрмыс-салты мен қолөнер кәсіптерін айтарлықтай жалғастырып, дамытып отырды. Дәстүрлі мәдениет бойынша айтқанда, біріншіден, қазақтың қаймағы бұзылмаған тілін, дәстүрлі дінін және тұр- мыс-салтын; екіншіден, қазақтың ұлттық рухын, мінез-құл- қын, моральдық қасиеттерін; үшіншіден, дәстүрлі қолөнер үлгілерін; төртіншіден, қазақтың дәстүрлі емшілік өнерін; бесіншіден, қазақтың дәстүрлі ән-би, музыкасын жеткізді.

Төл мәдениетіміз бен рухымыздың тереңдігін талмай айтып, атажұртқа алғашқылардың бірі болып, көш бастап кел- ген Халифа Алтай сынды ардақты жан – ұлтымыздың мақтанышы.

Ал заманауи мәдениет тұрғысынан айтар болсақ, бірін- шіден, олар жаңа спорт өнерін әкелді, мысалы, Шығыстың таэквандо өнерін Мұстафа Өзтүрік таратты. Гунфу өнерін Жәмәли Диханұлы әкелді. Екіншіден, заманауи және дәстүрлі ән-би өнерін Майра Мұхамедқызы, Шұғыла Сапарғали- қызы әкеліп, Қазақстан ән-би өнерін биік деңгейге көтерді. Жәмәли Диханұлы мен Арыстан қажы қазақтың «Қара жорға» биін елге таратты. Үшіншіден, отандық тарих ғылымына жаңа ғылыми күш қосылды. Олар – Шығыстың ескі қолжаз- баларын түпнұскадан (ескі моңғол, манчжур, түркі руна, ескі парсы) тікелей оқып пайдалана алатын тарихшы, лингвист ғалымдар: Зардыхан Қинаятұлы, Сартқожа Қаржаубайұлы, Нәпіл Пазілханұлы, Ислам Жеменей, Бақыт Еженханұлы, Сағынай Сұғатайұлы, Жәнімхан Ошан, Нұрлан Кенжеахмет, Нәбижан Мұхамедханұлы және т.б. Төртіншіден, Қытай-Ти- бет медицинасын Ерлан Ғазезұлы, Жасай Зекей әкелді.

(«Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылық әлемінің жаңаруы» монографиялық жинағынан)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 64 беті

Шешендік толғау

Шешеннің жан дүниесіндегі шымырлаған толғаныс толқындары тыңдаған жанға әсер ететін толғау күйінде өріледі.

Толғау – шешеннің ішкі толғанысы. Ол өмір, дүние сыры, адам- дар қатынасының түйінін шешу т.б. күрделі мәселелерге арналады. Толғау өлеңмен, жырмен айтылады. Бұның өзі қазақ би-шешендерінің даналығын, ақындығын, терең ой иелері екендігін көрсетеді. Би-ше- шендер – тек жұрт алдына шығып, уағыз айтушы немесе әдемі, жүйе- лі сөйлеуге үйретуші ғана емес, таным сырларын шешуші, тағылым мәнін жеткізуші де.

Толғаулардың көп көтеретін тақырыбы – ел, жер, ұлт тағдыры. Толғауға насихат, өсиет, қоғамдық-әлеуметтік жайға алаңдаушылық, саясатқа күмән, философиялық талдау тән. Толғаудың накыл, мақал-мәтел, басқа шешендік сөздерден айырма- шылығы – белгілі бір мақаммен, аспаптың сүйемелдеуімен айтылуы.

Сөзталас

Сөзталас – қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда, сондай-ақ сотта орын алады. Ал кейде күнделікті өмірде, мысалы, қоғамдық жүктеме жұмыс (спорт сайысы, газет шығару, мерекені ұйымдастыру т.б.) барысында орын алып, жоғары деңгейде болмаса да, өзіндік пікірлерін танытуға мүмкіндік береді. Сондықтан сөзталас жоспарсыз түрде, кенеттен жүзеге асып жатуы мүмкін. Туыс-туғандардың, отбасы мүшелерінің, көршілердің, қызметтестердің, кездейсоқ адамдардың даулы сөздері де сөзталасқа жатады.

Мақсаты	Кенеттен туындаған жағдайда қарсыласқа тойтарыс беру. Көбіне әзілі жарасқан ағайын, дос-жаран, көрші- қолаң, қызметтестер арасында көрініс береді.
Ерекшелігі	Күтпеген жерден өріс алуы мүмкін. Суырып салып айту, тапқырлық таныту қажет. Қарсыластың осал тұсын дәл табу, әдемі, шебер иіріммен тойтарыс беру.
Мәдениеті	Дөрекілікке бой алдырмау. Уақытында дереу жауап беру. Шымшыма, әзіл сөзді дұрыс қабылдау. Мәдениетсіз әрекеттерді (дауыс көтеру, құшақтау, қағып жіберу, көз, қол қимылдарын орынсыз қолда- ну т.б.) шектеу, әзілге негізделген сөз орамдарын орынды пайдалану.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ- жауап, мәтінмен жұмыс

Миграция тақырыбында шешендік толғау дайындау (5-7 сөйлем).

Қазақстандағы миграция туралы қысқа эссе жазу.

Миграцияның әлеуметтік аспектілері туралы ақпарат жинау.

№1 Аралық бақылау жұмысы

1.Қазақстан сәулет өнерінің дамуы.

2.Киіз үй – ғажап сәулет туындысы. Дизайн өнерінің даму тарихы. 3.Тырнақша.Жақша.

Нүктелі үтір.

4.Қазақтың танымал сәулетшілері. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 80 беттің 65 беті
Әдістемелік өңдеу		

5. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт.
6. Тіл – тарихтың айнасы.
7. Әліпби. Ғылыми стиль.
8. Қазақстанның алғашқы кәсіби суретшілері. Сәндік өнер. Тоқыма дизайны.
9. Экология: ядролық және мұнай өндірістері. Экологиялық сауат.
10. Әлемдік экология мәселелері. Арал теңізінің экологиясы. Айтыс.
11. Семей полигоны. Ядролық өндіріс – табиғатқа төнген қауіп. Атом өнеркәсібі.
12. Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі. Сыни пікір.
14. Мұнай өндірісі: пайдасы мен зияны. Мұнай қалдықтарының экологияға әсері. Дәйексөзге сілтеме жасау және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу талаптары.

№ 10 сабақ

5.1. Тақырып: Зияткерлік миграция: пайдасы мен қауіпі. Ресми ісқағаздары стилі мен оның тілдік ерекшеліктері.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5. 2. Мақсаты: Зияткерлік миграцияның қоғамға тигізетін оң және теріс әсерлерін түсіндіру
Ресми ісқағаздарының стилі мен тілдік ерекшеліктерін ашып, ресми мәтіндермен жұмыс жасау арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту

5.3. Оқу міндеттері : Зияткерлік миграцияның пайдасы мен қауіптері туралы түсінік алады
Ресми ісқағаздары стилінің ерекшеліктерін айқындайды. Ресми ісқағаздарын дұрыс жазуға дағдыланады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. 5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Жұптасып жұмыс жасау

Жұпты жұмысқа қатысушыларды мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаятты тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Зияткерлік миграция елдің дамуына кері әсер етеді

Қазіргі жаһандану кезеңінде көші-қон белсенділігінің артуы байқалады. Өсіресе зияткерлік миграция мәселесі өзекті болып отыр. Жаһандық процестің субъектісі ретінде Қазақстан да аталған түйткілден тыс қала алмайды. Елімізде білімді жастардың шетелге бет бұруы күн санап артуда. Сол себепті зияткерлік миграцияның факторлары мен тетіктерін зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Зияткерлік миграция (ағылш. brain drain) – мамандардың, ғалымдар мен білікті жұмыскерлердің өз елінен саяси, экономикалық, діни т.б. себептермен жаппай шығу процесі. Иммигранттарды қабылдайтын мемлекеттер үлкен және арзан зияткерлік капиталға ие болады. Ал білімді жастарын, мықты мамандарын жоғалтқан ел зиян шегеді.

Білікті мамандарымыздың, ақылды жастарымыздың шетелге кету қауіпі елімізде алаңдатушылық тудыруда. Сондықтан бірінші кезекте зияткерлік миграцияның үлкен ағыны – жоғары білімді дайын мамандардың сыртқа кетуі мәселесін және жоғары білім алу мақсатында шетелге арман қуып кеткен жастардың елге қайта оралмау жағдайын талдау қажет.

1996–2004 жылдар аралығында елден кеткендердің ішінде техникалық, педагогика, медицина, экономика, сәулет-құрылыс, ауылшаруашылығы, заңгерлік және тағы басқа да мамандық иелері болған.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 66 беті

Ал 2006 жылы статистика көрсеткіші біршама төмендеп, кеткендер саны кеміді. Демек, елдегі экономикалық тұрақ- тылық мамандардың шетелге жаппай көшуін баяулатты. Зияткерлік миграция процесі әлеуметтік, экономикалық, саяси т.б. факторларға қатысты орын алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап миграция процесін реттеу мемлекеттік саясаттың ең өзекті бағыттарының бірі болып саналғанымен, қазіргі күнге дейін шешімін таба алмай келеді...

(Қарғаш Жанпейісова, Гүлназ Қалиасқарова).

Ресми ісқағаздар стилі

Стильдің бұл түрі құқықтық қарым-қатынас, әкімшілік саласында, кеңсе қызметінде қолданылады. Арнайы орындарда алдын ала да- йындалған үлгілері де болады.

Ісқағаздардың мынадай түрлері бар:

Мекемелердің, ұйымдардың ісін, қызметін үйлестіретін құжаттар: бұйрық, ереже, нұсқау, хаттама, хабарландыру, мінездеме т.б.

Мекемелердің өзара қарым-қатынасын үйлестіретін құжаттар: қызметтік хаттар, қатынас қағаздары, келісімдер, шағымдар т.б.

Жеке адамдардың өзара алыс-берісін, іскерлік келісімдерін рет- тейтін құжаттар: өтініш, өмірбаян, түйіндеме, келісімшарт, сенімхат, тілхат, қолхат т.б. Іс қағаздардың адам өміріндегі орны ерекше. Өндірістегі істің, адам өміріндегі іс-әрекеттің дұрыс, дер кезінде іске асуы құжаттар мазмұ- нының анық, дәл баяндалуына байланысты. Құжаттардың сапасыз дайындалуынан қабылданған шешім орындаушыға өз мәнінде жет- пей, 35%-ке дейін шала атқарылады екен.

Іс қағаздардың мазмұны екі ұшты болмайды, дәл, анық жазылады. Оның құрылысы белгілі бір тәртіп, рет бойынша ұйымдастырылады. Мәтін қысқа құралып, баяндау стилінде жазылады. Құжаттарды жазуда мемлекет дайындаған арнаулы нұсқау басшылыққа алынады.

Ресми ісқағаздар стилі			
Мақсаты	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік амал- тәсілдері
Хабарлау, ақпарат, анық мәлімет беру.	Іс қағаздарда, нұсқау хаттар- да, кеңсе және жеке қызмет құ- жаттарында.	Ресми, ақпараттық, есептік, дәл, нақты.	Кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, дайын тіркестер, терминдер.

Тапсырма 1. Глоссарийдің көмегімен сызбалардағы мәліметтерді тұтас мәтін түрінде жазып, маңызды тұстарын талдандар.



Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау:

Зияткерлік миграцияның пайдасы мен қауіптері туралы эссе жазу.

Ресми ісқағаздарының үлгісі ретінде өтініш немесе хат мәтіні дайындау.

№ 11 сабақ

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 68 беті

5.1.Тақырып:Өнерлі өрге жүзер. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар. Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Өнердің адам өміріндегі рөлін түсіндіру. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтарды таныстыру. Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін ашып, публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау және өз ойларын жазбаша жеткізу

5.3. Оқу міндеттері : Өнер мен шығармашылықтың дамуға әсерін түсінеді. Әлемдегі маңызды жаңалықтар туралы біледі. Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктерін анықтай алады. Публицистикалық мәтіндерді оқып, өз ойларын дәлелдей отырып айта алады

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ресми –іскерлік қатынастың ауызша түрлері.

2.Ресми ауызша сөздің биік шыңы-шешендік сөз. Іскерлік қарым-қатынастың алғышарттары

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді.

Жаңа сабақты түсіндіру:

1897 жылы Джозеф Джон Томсон атом құрамына кіретін теріс электр зарядты элементарлық бөлшек – электронды ашты. 1906 жылы Д. Томсонға Нобель сыйлығы табысталды. Зерттеулер нәтижесінде электрондар ағыны электр тогі (электрлі ағын) деп аталған табиғат құбылысы ашылып, бұл құбылыс мол энергия көзі екені анықталды және оны өндіру, басқару, қолдану кең өріс алды. Дамыған елдерде электрификациялау жүргізілді және әлі күнге дейін жалғастырылуда. Қазақстан да бұл заманауи үдерістен тыс қалған жоқ. Еліміз электр энергиясын ішкі қажеттілікке жеткілікті мөлшерде, экспорттауға да мүмкіндігі бар шамада өндіреді. Дегенмен электр энергиясына сұраныс жыл санап өсуде. 1898 жылы Франция ғалымдары Пьер Кюри және Мария Складовская-Кюри химиялық радиобелсенді элемент – радийді ашқандарын жариялады. Бұл ғалымдар радиобелсенділік құбылысын алғашқы әрі нәтижелі зерттеушілер қатарынан орын алды. Аталған ғалымдар Нобель сыйлығымен марапатталды. Бүгінде Қазақстан уран өндіру саласында алдыңғы бес елдің қатарына кіреді. Демек, біздің еліміз – аталған салада ең жаңа және қауіпсіз технологияны игерген елдердің бірі. 1900 жылы неміс ғалымы Макс Карл Эрнст Планк квант ғылыми гипотезасын жасап, квант теориясының негізін қалаушылардың бірі болды. 1919 жылы М. Планк Нобель сыйлығының лауреаты атанды. Қазіргі уақытта кванттық физика тек теория емес, қолданбалы ғылымға айналды. Кванттық физикамен кванттық техника нақтылы жағдайларда кең қолданыс табуда. 1899 жылы ағылшын ғалымы Эрнест Резерфорд альфа-сәуле, бета-сәулені ашып, олардың табиғатын анықтады. 1903 жылы Резерфордпен Содди химиялық элементтердің бір түрден екінші түрге ауысу теориясын жасады; 1907 жылы Эрнест Резерфорд атом ядросы оң электр зарядты элементарлық бөлшек протон мен зарядсыз нейтрондардан тұратынын ашты. 1908 жылы Э. Резерфордқа Нобель сыйлығы берілді. «Түркістан» газетінен Бірінші топқа 1950 жылдары Қытайдың Шыңжаң аймағынан (бұрынғы Шығыс Түркістан) Пәкістан және Үндістан арқылы Түркияға көшкен, ол жерден жоғарыда аталған еңбек миграциясы арқылы Батыс Еуропа елдеріне қоныс аударған қазақ отбасылары мен олардың балалары жатады. Сан жағынан аздау келетін екінші топқа жататындар: 192 жылдардың аяғында Қазақстанда жүргізілген

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 69 беті

кеңес саясатының салдарынан елдерінен кетіп, Ауғанстан мен Иранға көшкен, әсіресе 1980 жылдардан бастап Түркия мен Иран арқылы Еуропаға келген қазақтар мен олардың ұрпақтары. Батыс Еуропаның әртүрлі елдеріне қоныстанып, тұрған жерлеріндегі тұрмысқа бейімделе бастаған сол қазақтар өздерінің ана тілін, ұлттық қасиетін, мәдениетін және салт-дәстүрін сақтап, оларды келешек ұрпаққа жекізудің қамына кіріскен. Осы мақсатқа орай олар қоғамдық ұйымдар құрып, топтаса бастаған.

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Жазбаша түріне газет, журналдардағы мақала, очерк т.б.; ауызша түріне шешендік сөздер жатады.

Публицистикалық стиль жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін маңызды, дәл сол кезеңде мәні зор мәселелер тақырып болады.

Мысалы: саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер. Үндеудің мақсаты – жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, олардың санасына ықпал ету. Ол көбіне газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері:

Қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер: Демократия, өркениет, тәуелсіздік туы, саяси партия, қаржы дағдарысы т.б.

Баға беруші сөздер: Еңбек озаты, көшбасшы, ұлтжандылық, бәсекеге қабілетті, ұрпақ сабақтастығы т.б.

Стандарт тілдік бірліктер: Арнайы тілші репортажы, жаһан жаңалықтары, тілшіміз әңгімелейді, хабардар етеміз т.б.

Перифразалар: Ақ алтын – мақта, күріш. Қара алтын – көмір, мұнай. Көгілдір отын – газ т.б.

Қос сөздер: Қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-саяси, үгітнасихаттық т.б.

Бұйрық рай тұлғасы: Ана қадірін білейік, жұмыла жасайық, табысқа жетіндер т.б.

Қаратпа сөздер: Жарқырай бер, Димаш! Арғы беттегі ағайын, халің қалай? т.б.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріндер.

- 1) «Өнертабыс» дегенді қалай түсінесің?
- 2) Әлемді өзгерткен қандай өнертабыстар туралы білесің?
- 3) Қазіргі кезде әлемге танымал қандай өнертабыстарды атар едің?

Тапсырма 2. Түркі ойшылдарының өнерге қатысты айтқан накыл сөздерінің мағынасын түсіндір. Бұл накыл сөздердің бүгінгі сабаққа қандай қатысы болуы мүмкін? Бір накыл сөздің негізінде өнер жайлы ойынды айтып бер. 1) Жүзіне карама, өнеріне кара (М. Қашғари). 2) Көрсетпеген өнер зая кетеді (С. Сарайи). 3) Қай істе де өнер қолдан: Өнерлі адам жеңер болған (Ж. Баласағұн). 4) Ісмер қайда жүрсе де, ақша табады (С. Сарайи).

Тапсырма 3. Публицистикалық стильдің жазбаша және ауызша түріне тән ерекшеліктерді жаз. Публицистикалық стиль Жазбаша түрі Ауызша түрі

Тапсырма 4.

1. «Өнерлі өрге жүзер» деген мақалдың мағынасы қандай? Бұл мақал мәтін мазмұнымен қалай байланысты?

Мәтінде қандай ұлы жаңалықтар аталған?

Олардың адамзат өміріне әсері қандай болған?

Автор өнер мен ғылымның адамзат тарихындағы рөлін қалай бағалайды?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 70 беті

Қандай өнертапқыштар немесе жаңалық ашқан тұлғалар туралы айтылған?

Олар қандай жаңалықтарымен белгілі?

«Әлемді өзгерткен жаңалық» деген тіркесті қалай түсінесің?

Бұл тіркеске мысал келтір.

Мәтіндегі негізгі ойды бір сөйлеммен тұжырымда.

Сенің ойыңша, бүгінгі таңда қандай жаңалық адамзаттың болашағын өзгерте алады?

Сабақты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: сұрақ-жауап

«Әлемді өзгерткен ұлы жаңалық» тақырыбында публицистикалық стильде шағын мақала (5–7 сөйлем) жазыңыз. Мақалада өз көзқарасыңызды білдіріп, нақты бір жаңалықты (мысалы, интернет, электр, вакцина) мысал ретінде келтіріңіз.

№ 12 сабақ

5.1. Тақырып: Әлемді таңғалдырған өнертапқыш балалар. Рецензия.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры шешендік өнер арқылы халқымыздың тіл қазынасы мен тарихи шежіреміз жайында білімдерін қалыптастыру.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әлемді таңғалдырған өнертапқыш балалар.

2. Рецензия.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Әлемді өзгерткен өнертапқыш балалар

15 жастағы америкалық Честер Гринвуд 1873 жылы суықта киетін құлаққап ойлап тапты. Әжесі бұл құлақ- қаптың сыртын кәмшат терісінен, ішкі жағын барқыттан тігіп берді. 1877 жылы Честер өз өнертабысын патенттеді.

Ең алғашқы қалың қарда жүруге арналған көлікті 15 жасар канадалық Жозеф-Арман Бомбардье 1922 жылы өз гаражында жасап шықты.

Таяқшадағы балмұздақты ең алғаш 11 жасар америкалық Фрэнк Эпперсон ойлап тапқан. Ол өз өнімін кинотеатрдың жанында тұрып сатқан. 20 жылдан кейін ғана Фрэнк ойлап тапқан өніміне патент алып, сериялы өндіріске кірісті.

Көзі көрмейтін жандардың оқи алу мүмкіндігіне жол ашқан рельеф жолды жазуды 1824 жылы 15 жастағы француз Луи Брайль ойлап тапқан. Ол етік тігуге арналған бізбен көзін жарақаттап алған соң, 3 жасында көру мүмкін- дігінен айырылған еді. Осы қаріппен басылған алғашқы кітап «Франция тарихы» 1837 жылы жарыққа шықты.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 80 беттің 71 беті

Ермексазды химиялық тазарту материалдарын шығарумен айналысатын Клео Маквикердің немересі ойлап тапты. 1930 жылы гимнастика мектебінде оқитын 16 жастағы Джордж Ниссен алғашқы батутын жасап шығарды. Ол өз өнертабысына «секіру қондырғысы» деген ат берген

Рецензия

Рецензия (ағылш. review) – жана туынды туралы мағлұмат бере отырып, оның қысқаша талдамасын және бағасын қамтитын сыни еңбек. Рецензияда рецензенттің өз көзқарасы баяндалып, өз бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кем-шілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсу үшін ұсыныстар жасалады. Рецензия ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінікті тілде, шығарманы жазған авторға да, оқырманға да пайда келтірірліктей түрде жазылуы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15мин.

Тапсырма1. Талқыланатын сұрақтар:

Қазақстан туризмінің қазіргі жағдайына қандай баға бересіздер?

Туризм ел экономикасына қандай пайда әкеледі?

Табиғи ресурстарды сақтай отырып туризмді дамыту мүмкін бе?

Шетелдік туристерді тарту үшін Қазақстанда қандай жұмыстар атқарылуы керек?

Экотуризм мен мәдени туризмнің болашағы қандай?

Қандай аймақтар туризм орталығына айнала алады және не себепті?

Жергілікті тұрғындар туризмнің дамуына қалай әсер етеді?

Туризмді дамыту мен ұлттық болмысты сақтау арасында тепе-теңдік қажет пе?

Тапсырма 2. Дөңгелек үстел тақырыбы: «Туризм – ел дамуының кілті».

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Мәтінмен жұмыс, ауызша сұрақ жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалар

Туризм дегеніміз не? Оның түрлерін ата.

Ішкі және халықаралық туризм туралы не білесің?

Ежелгі замандағы саяхат пен қазіргі туризмнің қандай айырмашылығы бар?

Көшпелі өмір салты мен қазіргі туризм арасында байланыс бар ма?

Қазақ даласында саяхат жасаған әйгілі адамдар туралы не білесің?

(мысалы: Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан)

Қазіргі Қазақстандағы ең танымал туристік орындар қайсы?

Олар несімен ерекшеленеді?

Цифрлық технологиялар туризмге қалай әсер етті?

Онлайн брондау, GPS, шолу сайттары туралы айт.

Қазақстан туризмін дамыту үшін не істеу керек деп ойлайсың?

№13 сабақ

5.1. Тақырып: Туризм саласы: өткені мен бүгіні. Өңгіме және дөңгелек үстел.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2.Мақсаты: Сөйлеу тілі туралы түсініктерін жетілдіру, ептілікке, тез ойлауға, әділдікке инабаттылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, оқуға еңбекке белсенділігін арттыру.

Ауызша және жазбаша тілі туралы мәлімет бере отырып, білімдерін кеңейтіп, тіл байлықтарын дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 72 беті

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Туризм саласы: өткені мен бүгіні.

2. Әңгіме және дөңгелек үстел.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманы мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Студенттер кіші топтарға бөлінеді. «Мен қалай өз мақсатыма жетемін?» тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалындар. Оларға талдау жасаңдар. Мәтіннің жетістігі мен кемшілігін дәлелдендер.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Әңгіме және дөңгелек үстел

Пікірталас түрлері көп. Бір мүддені көздеген жандар әңгімелесіп, пікір алмасады, белгілі бір тақырыпты талдап, талқылайтын ақпарат- тық-насихаттық сипатындағы кездесу-сұхбаттар өткізіледі. Пікірталасқа бастайтын пікірлесудің қарапайым түрі – әңгіме, ал жоспарлы түрде өткізілетін жүйелі түрі – дөңгелек үстел.

Әңгіме

Мақсаты	Белгілі бір тақырып төңірегінде жиналған көпшіліктің сұрақ қойып не өз пікірін айтуына мүмкіндік беру. Мұнда қатысушыға өз пікірін білдіруіне еркіндік беріледі.
Ерекшелігі	Жоспарлы түрде болмағандықтан, күтпеген сұрақтар қойылып, жеке бастың мүддесін көздейтін пікірлер айтылуы орын алады. Жүргізуші пікірталас мәдениеті талаптарын сақтай отырып, мәселені ушықтырмай шешуі тиіс.

Дөңгелек үстел

Мақсаты	Белгіленген тақырып, талқыланатын жоба құжат бойынша арнайы маман шақырылып, алдын ала ойластырылған жоспар бойынша жүргізіледі. Сұрақтар да алдын ала берілуі мүмкін.
Ерекшелігі	Дөңгелене отырған топтың осы мәселеге қызығушылығын, өзін толғандыратын нәрсе туралы толық мәлімет алу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Арнайы маман мен тыңдарманның қарым-қатынасы пікірталас мәде- ниетіне сай орын алуы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:

Кестемен жұмыс жасаңыздар

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: сұрақ-жауап

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 73 беті

5.1. Тақырып: Экотуризмнің ерекшеліктері. Қазақстандағы экотуризм. Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар. Ой айқындылығы. Сөз дәлдігі.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин .

5.2. Мақсаты: Экотуризмнің негізгі ерекшеліктерін және маңызын түсіндіру. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы туралы ақпарат беріп, пікірталас кезінде ойды нақты және дәл жеткізу дағдыларын дамыту. Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолдану үлгілерін үйрету

5.3. Оқу міндеттері: Экотуризмнің не екенін және оның ерекшеліктерін түсінеді. Қазақстандағы экотуризмнің негізгі бағыттары мен маңызды орындарын біледі. Пікірталас кезінде ойды айқын жеткізу мен сөзді дәл қолданудың маңызын түсінеді. Пікірталаста қолданылатын сөз тіркестері мен сөйлем үлгілерін меңгереді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Экотуризмнің ерекшеліктері.
2. Қазақстандағы экотуризм.
3. Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар.
4. Ой айқындылығы.
5. Сөз дәлдігі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Экотуризмнің ерекшеліктері

Экотуризм — бұл табиғатқа зиян келтірмей, оны қорғауға және жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған **жауапты туризм түрі**. Ол табиғи аумақтарды көрумен қатар, экологиялық білім беруді, жергілікті мәдениетпен танысуды да қамтиды.

Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты: халықтың экологиялық білімін, табиғатпен өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, табиғи ортада этикалық нормаларды сақтауға баулу, табиғаттың тағдыры үшін жеке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

– адамның рухани және тән саулығын қалпына келтіру, қоршаған ортада толыққанды демалысты қамтамасыз ету.

Әлемдік тәжірибеде экологиялық туризм ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) іске асырылады. Экологиялық туризм ЕҚТА-ның барлық түрінде дамуы мүмкін, алайда қорықтарға келу тәртібі басқа аумақтармен салыстырғанда өте қатаң. Осыған байланысты табиғатты қорғау ережесі және нақты келушілердің саны белгіленіп, экологиялық туризмді ұйымдастыруға барынша шектеу қойылуы тиіс.

2. Экологиялық туризмді дамытудың аса маңызды әлеуетіне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саналатын ұлттық табиғи парктер ие. Олардың қызмет бағыттарының бірі – рекреациялық және туристік қызметті дамыту. Осы мақсаттарда көркем ландшафтар мен табиғи ескерткіштерді және басқа да қызықты нысандарды көрсету арқылы туристік және рекреациялық аймақтарды дамыту көзделеді.

Экологиялық туризмнің өзі іштей бірнеше түрге бөлінеді: жаяу, атты, велосипедті туризм түрлері, альпинизм, рафтинг, дайвинг, ғылыми туризм, орнитологиялық және аңшылық туризм.

Экологиялық туризм қоршаған ортадан пайда табуға бағытталмайды.

Аталмыш туризм түріне мынадай ерекшеліктер тән:

– туристік аймақтарды мәдени тұрғыдан жетілдіруге қамқорлық жасап, жанашырлықпен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 74 беті

пайдалану;

– қоршаған ортаға залал келтіретін жағдайларды шектеу немесе төмен деңгейде болуын қадағалау. Адамдар тұмса табиғатпен тығыз байланыста болады. Адам табиғаттың әміршісі емес, оның кішкентай бөлшегі екенін түйсінеді.

Экологиялық туризмнің негізін қалаушы Й. Криппендорфтың пайымдауынша, адам тынығу үшін табиғатпен тығыз байланыста болуы қажет.

Экологиялық туризмнің қалыптасуы нәтижесінде тыныш, техникасыздандырылған кәсіп түрлері пайда болды. Оған жаяу жүру, велосипедпен немесе атпен серуендеу, суда жүзу, шаңғымен сырғанау және тағы басқалары жатады.

Экологиялық туризмнің басты міндеті – адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Табиғи туризммен байланысты 4 стратегиялық компонент: техникасыздандырылған туризм, өзіндік аймақтық даму, әлеуметтік жауапкершілік, мәдени жауаптылық адам бойындағы ізгі қасиеттердің оянып, дамуына ерекше ықпал етеді.

3. Экологиялық туризм – айтарлықтай орнықты туризм түрі. Ол белгілі аумақта шоғырланудың нәтижесінде жергілікті тұрғындарға экономикалық пайда әкеледі. Жергілікті тұрғындар мен қонақтар арасында өзара түсіністікті қалыптастырады, сонымен қатар не ландшафтқа, не әлеуметтік ортаға зиянын тигізбейді, керісінше, техногендік ортаға машықтанған адамдардың табиғатты қорғауға деген дүниетанымын өзгертеді.

Қазақстандағы экотуризм

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің деректеріне сәйкес, бұл экотуризмді жақсы дамыған бірқатар елдерге карағанда он есе көп.

2019 жылы Финляндия экологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейінің, өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің алуан түрлілігі мен бірегейлігінің, сондай-ақ мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күш-жігерінің арқасында жабайы табиғат бойынша саяхаттау үшін үздік ел ретінде танылды. Үздік елдердің тізімін анықтау үшін ұлттық парктердің саны, биоалуантүрлілік, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлардың жойылып кету қаупі және басқа да өлшемдер ескерілді. Қазақстан бұл рейтингте 87-ші орынды иеленді. Соған қарамастан, ел табиғи аумақтарының үлкендігі, флора мен фаунаның алуан түрлілігі, табиғат ескерткіштері мен ЮНЕСКО мұрасы мәртебесіне ие объектілері есебінен экологиялық туризмді дамытудың барлық алғышарттарына ие.

Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар

Азамат пікірінің танылатын орны – пікірталас алаңы. Ол – ой дода- сы, сөз майданы. Мұнда сөз ой қазанында қайнайды, қалыпқа түседі, өзіндік келбетімен сомдалып танылады. Пікір айтылады, айтылған пікірге қарсы ой туады. Пікір айтқан адам өз пікірін дәлелдеуі тиіс. Сөз қолданысына байланысты кейбір қағидаларға тоқталайық.

Пікірталаста қолданылған сөз бәріне түсінікті болғаны дұрыс.

Сөзді мағынасына, грамматикалық тұлғаларды мақсатқа сай қол- дану, ойды жеткізу тәсілдерін білу қажет.

Мақұлдау мәніндегі сөздер (иә, дұрыс айтасыз, сізбен келісуге бо- лады) мен теріске шығару немесе мақұлдату мәніндегі сөздерді (бірақ, дегенмен, мына мәселеге назар аударайық) үйлестіре білген жөн.

Қажет кезде сұраулы сөйлемдерді, қанатты сөздерді орынды қол- дана білу керек.

Сөздің дұрыстығы, тазалығы, жатықтығы – ой айқындығының басты шарттары.

Сөздің күші қарсыласқа әсер ететіндей болу керек.

Берілген уақытты үнемді пайдаланып, тақырыптан ауытқымай, нақты пікір айта білу – қарсыласты сыйлаудың белгісі.

Тақырып мазмұнын ашуды басты назарда ұстау керек.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA —1979— SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 75 беті

Ой айқындылығы

Ой айқындылығы — сөйлеуші немесе жазушы адам өз ойын түсінікті, нақты, логикалық түрде жеткізе білуі. Айқын ой – тыңдаушы мен оқырман үшін ұғынықты, екіұшты емес, мақсатты және дәйекті болуы шарт. Ой айқындылығының белгілері:

Тақырыптан ауытқымау

Айтылған ой бір мақсатқа бағытталуы керек.

Артық ақпарат, қажетсіз шегіністер болмауы тиіс.

Сөздерді дұрыс таңдау (сөз дәлдігі)

Мән-мағынасы дұрыс сөздерді қолдану арқылы ойды дәл жеткізу.

Мысалы: айту мен мәлімдеу, кешігу мен қалдыру – мағынасы ұқсас, бірақ қолданылуы әр түрлі.

Сөйлемнің грамматикалық құрылымы дұрыс болуы

Сөйлемдегі сөздердің орны, байланыстыру тәсілдері логикаға сай болуы қажет.

Мысалы:

Қате: Мен дүкен барып нан алдым.

Дұрыс: Мен дүкенге барып, нан сатып алдым.

Логикалық байланыс пен реттілік

Бір ой екінші оймен сабақтас болуы тиіс.

Сөйлемдердің орналасу тәртібі де мағыналық жағынан қисынды болу керек.

Сөз дәлдігі

Сөз дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз – сөздің шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі. Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді.

Дегенмен, олардың арасындағы айырмашылықты білудің елеулі мәні бар. Айталық, бір адам екіншісінің қал-жағдайын сұрағанда, «жаман емес» деген жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар — әдеби тіл нормасына сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді. Ал, сөздің нақтылығы талабынан келетін болсақ, бұл жауап қанағаттандырмайды, өйткені сол «жаман еместің» мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» деген ұғымдар да сияды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман еместің» не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің беруін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланғанымыз болып шығады. А.Байтұрсынұлы: «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек», — дей келіп мәндес сөздердің тіл дәлдігін бұзатындығына мысалдар келтіреді. Ғалым: «Мәндес сөздер деп мағынасы жақын сөздер аталады. Мәселен: батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай бірін бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді, — деп орынды ескерту жасайды. Сөздің дәлдігі ұғымына оның қисындылығы да енеді. Логикалық деп ойдың қайшылыққа ұрынбауын айтамыз. Бұл сапа ойлауға қатысты бола отырып, тілдік категориялармен тығыз байланысты болып келеді. Сөз арқылы қарым-қатынас жасағанда, формальдық логиканың заңдарының сақталуы талап етіледі. Ал мұндай қателер көп реттерде ауызекі сөйлеу тілінде кездеседі. Жазба тілде де логикалық қателердің ұшырасып отыратыны бар. Ол қателіктердің орын алуының бір себебі логикалық екпінді қай сөзге немесе қай сөз тіркесіне түсіп тұрғанына тиісінше мән бермеушіліктен болып жатады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA 1979 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 76 беті

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Мәтінмен жұмыс, ауызша сұрақ жауап

1.Экотуризм туралы шағын мақала жазу (8-10 сөйлем)

2. Пікірталасқа арналған сөз тіркестерін жаттау және келесі сабақта қолдану

№ 15 сабақ

5.1. Тақырып: Цифрлық технологиялардың бүгіні мен болашағы. Сандық технология.

Ғылыми-техникалық прогресс. Жасанды интеллект.

Сағат саны : 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Цифрлық (сандық) технологиялар мен ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі даму бағытын түсіндіру

Жасанды интеллекттің рөлі мен болашағын пайымдау

Ғылыми стильдегі мәтінмен жұмыс істеу арқылы тілдік және танымдық дағдыларды дамыту

Сыни тұрғыдан ойлау мен пікір білдіру қабілетін қалыптастыру

5.3. Оқу міндеттері: Цифрлық технология ұғымын түсінеді, мысалдар келтіреді

Ғылыми-техникалық прогрестің қоғамға әсерін сипаттайды.

Жасанды интеллекттің болашағына қатысты өз ойын білдіреді.

Ғылыми стильде жазылған мәтінді түсінеді және қайта жеткізе алады.

Сөздік қорына жаңа терминдер қосады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Цифрлық технологиялардың бүгіні мен болашағы.

2. Сандық технология.

3. Ғылыми-техникалық прогресс.

4. Жасанды интеллект.

5. 5.Білім берудің және оқытудың әдістері :шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Цифрлық технологиялардың бүгіні мен болашағы

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамымызды жаңа өзгерістермен толықтырып келеді. Ақпарат ағыны күн сайын артып, үлкен көлемді ақпараттарды тасымалдау жиілігі де артқан. Мұның барлығы дамыған ғасырдың көрінісі. Цифрлық жетістіктер мамандықтардың барлық саласында орын алған жаңашылдықтың пайда болуына ықпал етеді. Мысал ретінде қарастырайық, осындай цифрлық журналистикада болып жатқан өзгерістер осыдан бірнеше жыл бұрынғы нәтижелерді өзгерте алды ма? Бұған «ия» деп келісуден басқа жауап жоқ. Себебі елімізде соңғы жылдарда пайда болған мамандықтың мұндай тың түрі саланың зерттелуіне де жаңаша серпін берді. Цифрлық журналистика – буыны енді ғана қаланған, болашақтың кәсібі. Мұнда хат алмасудың негізгі көзі – интернет. Оның екі негізгі қасиеті бар: интеллект және мұқият тасымалданатын ақпарат. Бұл құрылғы интерактивті медиа

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 77 беті

мазмұны арқылы деректерді берудің жаңа құрылымдары мен әдістерін, соның ішінде бейнені, дизайнды және коммуникацияны қамтитын пішіндерді жасау арқылы телекоммуникацияны кеңейтті. Бір жағынан цифрлық журналистика тікелей интернетке тәуелді болып қызмет атқарғандықтан, БАҚ өкілдерінің қызметін жеңілдеті түсетіні анық. Яғни мұндағы кейбір жұмыстарды боттар орындай алады. Цифрландыру үдерісі журналистиканың даму динамикасын және тілшілердің жұмысын айтарлықтай өзгертті. Олай болса журналистиканы оқытатын оқу орындары осы өзгерістерден қалыс қалмауы керек. Дәстүрлі медианы цифрландырудың орнына желілік қоғамның мүмкіндіктеріне негізделген журналистиканың жаңа және инновациялық түрлері пайда болады. Цифрлық дәуір басқа көзқарасты талап етеді. Соңғы уақыттағы медиа конвергенция тенденциясы медиа, технология және мобильді коммуникацияның барған сайын тоғысқандығын білдіреді. Біз көп байланыстар мен коммуникациялар жаңа функциялар мен мінез-құлықтарды тудыратын желілік қоғамға көшкен сайын бұл медиа мен журналистиканың болашақтағы цифрлық трансформациясын одан әрі жылдамдатады. Болашақ желілер мобильді және көлденең экранда болатын мақсатты, мекенжайлық және коммерциялық тәжірибелердің үнемі ұлғаюына мүмкіндік береді. Журналистиканың болашағы барған сайын жекелендірілген мазмұнның, интеллектуалды алгоритмдердің және робот журналистердің пайда болуын, «тәжірибеден өткізу» мүмкіндігін көре алады. Интернет пен смартфондардың таралуы 21 ғасырдың басынан бері медиаландықта елеулі өзгерістер әкелді. Жаңалық арналары өздерінің цифрлық қанаттарын толығымен монетизациялауы керек, сонымен қатар олар мәтінді баспасөзде жариялаған контексте импровизациялауы қажет. Қысқасы, газет кірісі цифрлық табыстың өсуінен төмендеді. Қазіргі кезде цифрлы медианың дамығанын газет-журналдардың өзінің электронды нұсқасы шыққанынан, әлеуметтік желілердегі таралған жаңалықтардан, ғаламтордағы ақпарат көздері теледидарда таралатын жаңалықтардан бұрын халықты құлақтандыратынынан байқауға болады. Цифрлық журналистің жұмысы бүгінде өте маңызды

Сандық технология

Сандық технология — бұл ақпаратты сандық форматта өңдеу, сақтау және беру әдістерін қолданатын технологиялар. Оған компьютерлер, мобильді құрылғылар, интернет желісі, цифрлық медиа және басқа да электрондық жүйелер жатады. Сандық технологиялар адамның күнделікті өмірінде әртүрлі қызметтерді автоматтандыру, ақпаратты жылдам өңдеу және сақтау, қашықтан жұмыс істеу сияқты көптеген мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Мысалы, интернет арқылы байланыс, электронды кітаптар, цифрлық музыка мен бейнемазмұн — осының бәрі сандық технологиялардың арқасында қол жетімді.

Ғылыми-техникалық прогресс.

Ғылыми-техникалық прогресс – ғылым мен техниканың бірегей, бір-бірімен сабақтаса, біртіндеп дамуы. Ол 16–18 ғасырдағы мануфактуралық өндірістен, ғылыми-теориялық және техникалық қызметтер өзара жақындасып, тоғыса түскен кезден бастау алады. Бұған дейін материалдық өндіріс негізінен эмпирикалық тәжірибені, кәсіби құпияны қорландырып, машық-тәсілдерді жинақтау есебінен баяу дамып келді. Сонымен бірге табиғат туралы ғыл.-теор. таным аясында да ілгерілеу ниеті байқалды, бірақ ол теологиялық-схоластикалық қасандыққа қамалып, өндірістік амалшараларға ұдайы әрі тікелей ықпал ете алмады.

16 ғ-да адамзат баласының сауда-саттықты өрістетіп, теңіз жолын меңгеруі, ірі мануфактураларға ие болуы бірнеше келелі міндеттерді теор. және тәжірибелік тұрғыдан шешу қажеттігін алға тартты. Нақ осы кезде ғылым Қайта өркендеу дәуірі идеяларының әсерімен схоластикалық дәстүрлерден қол үзіп, практикаға жүгіне бастады. Шығыс жұртының компасты, оқ-дәріні ойлап табуы және кітап басу тәсілін меңгеруі ғыл. және тех. қызметтердің берік одағын құруға жетелеген ұлы жаңалықтар болды. Жалпы, бұл – ғылыми-техникалық прогресстің бірінші кезеңі саналады. Кейінгі кезеңдерде ұлғая түскен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 78 беті

мануфактуралық өндіріс мұқтажы үшін су диірменін пайдалану әрекеті кейбір мех. процестерді теор. тұрғыдан зерттеуге жетеледі. Тісті дөңгелектер қозғалысының теориясы, науа теориясы, су қысымы туралы, қарсыласу мен үйкелу туралы ілімдер пайда болды. Яғни, мануфактуралық кезең ірі өнеркәсіптің бастапқы ғыл. және тех. нышандарын дамытып, Г.Галилей, И.Ньютон, .Торричелли, кейін Д.Бернулли, Э.Мариотт, Ж.Л.Д'Аламбер, Р.А.Реомюр, Л.Эйлер, т.б. ғалымдар тарихқа «өндіріс қызметшілері» деген атпен енді. 18 ғ-дың соңында машина өндірісінің пайда болуына математиктердің, механиктердің, физиктердің, өнертапқыштар мен шеберлердің үлкен бір тобының ғылыми.-техникалық жасампаз іс-әрекеттері негіз қалаған еді. Дж. Уаттың бұмен жүретін машинасы конструкторлық-техникалық ізденістің ғана емес, «ғылымның жемісі» саналды. Ал машиналы өндіріс өз кезеңінде ғылымды технол. тұрғыдан қолдану үшін тың, шын мәнінде шектеусіз мүмкіндіктерді ашты. Осының өзі ғылыми-техникалық прогресстің жаңа, екінші кезеңіне айналып, ғылым мен техника бір-бірін аса қарқынды дамуға ынталандырып отырғандығымен ерекшеленді. Ғыл.-зерт. қызметінің теориялық шешімдерді техникалық нұсқаға жеткізуге құзырлы арнаулы буындары: қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жасалымдар, өндірістік жетілдірулер үрдісі қалыптасты. Ғылыми-техникалық іс-әрекет адам еңбегінің ең ауқымды, ажырамас бөлігіне айналды.

Ғылыми-техникалық прогресстің үшінші кезеңі қазіргі заманғы ғылыми техникалық революция жетістіктерімен байланысты. Оның ықпалымен техниканы дамытуға арналған ғыл. пәндердің аясы кеңі түсуде. Тех. міндеттерді шешу ісіне тек электроншы инженерлер мен компьютерші мамандар ғана емес, сондай-ақ биологтар, физиологтар, психологтар, лингвистер, логиктер де белсене қатысады. Ғылым техниканы үздіксіз революцияландырушы күшке айналды. Ал техника болса, ғылымның алдына тың талап, тосын міндет қою әрі оны күрделі эксперименталды жабдықтармен жарықтандыру арқылы алға тартып келеді. Осы заманғы ғылыми-техникалық прогресстің ерекше қыры – тек өнеркәсіпті ғана емес, сондай-ақ қоғамы тұрмыс-тіршіліктің, т.б. көптеген салаларын: ауыл шаруашылық, көлік қатынасын, байланыс аясын, медицина мен білім беру ісін, қызмет көрсету түрлерін қамтитындығы. Ғылыми-техникалық прогресс әлеуметтік прогрестің негізі болып табылады.

Жасанды интеллект.

Жасанды интеллект жүйелері — арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам интеллектің жеке аспектісін ұдайы өндіретін техникалық жүйелер. Жасанды интеллект жүйелерінің қолдану салалары: роботтехника.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Акнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадилава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		80 беттің 79 беті

2017. -282 б.

6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадилаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадилаева. - Қарағанды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.

2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбаев [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019

3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимов [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Жаттығумен жұмыс, эссе жазу, ауызша сұрақ жауап

Сұрақтар мен тапсырмалар.

Тапсырма 1. Әлем ойшылдарының қанатты сөздерін қолдана отырып, «Шешендік өнердің-ақыл ойдың бұлағы» тақырыбында эссе жазыңдар.

Жасанды интеллект дегеніміз не?

Артықшылықтары: жылдамдық, дәлдік, автоматтандыру

Қауіптері: жұмыссыздық, бақылау, этикалық мәселелер

Жасанды интеллекттің болашағы туралы болжамдар

«Цифрлық технология – болашақтың кілті» **шағын мақала** жазу

Ғылыми стильде 5 сөйлем құрастыру (терминдерді қолдана отырып)

№2 Аралық бақылау жұмысы

1.Миграцияның қоғамдық ортаға әсері. Миграция – әлеуметтік құбылыс.

2.Әлем және Қазақстандағы миграция.

3. Шешендік толғау. Сөзталас.

4.Зияткерлік миграция: пайдасы мен қауіпі.

5. Ресми ісқағаздары стилі мен оның тілдік ерекшеліктері.

Өнерлі өрге жүзер. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар.

6. Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері.

7.Әлемді таңғалдырған өнертапқыш балалар.

8.Рецензия.

9.Туризм саласы: өткені мен бүгіні.

10. Әңгіме және дөңгелек үстел.

Экотуризмнің ерекшеліктері. Қазақстандағы экотуризм.

11. Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар.

12.Ой айқындылығы. Сөз дәлдігі.

13.Цифрлық технологиялардың бүгіні мен болашағы.

14.Сандық технология.

15. Ғылыми-техникалық прогресс. Жасанды интеллект.

